

**КАСПИЙ ҚОҒАМДЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

**Құқықтану кафедрасы**



**Жексембаева Н.Е.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
АДВОКАТУРА**

**(Дәрістер курсы)**

**Алматы 2007**

Құқықтану кафедрасының отырысында талқыланған

Оқу-әдістемелік кеңестің 2007 жылғы 24 қаңтардағы  
№5 хаттамасымен басылымға ұсынылған

Жексембаева Наркес Есімханқызы  
оқытушы, құқық магистрі

**Жексембаева Н.Е.** Қазақстан Республикасындағы адвокатура:  
Дәрістер курсы. – Алматы: ҒБО КҚУ, 2007. – 124 б.

© Жексембаева Н.Е.

© Каспий қоғамдық  
университеті, 2007

© Рәсімделуі ҒБО КҚУ

## МАЗМУНЫ

*бет*

1 дәріс.....	4
2 дәріс.....	13
3 дәріс.....	20
4 дәріс.....	24
5 дәріс.....	38
6 дәріс.....	43
7 дәріс.....	58
8 дәріс.....	68
9 дәріс.....	74
10 дәріс.....	81
11 дәріс.....	87
12 дәріс.....	92
13 дәріс.....	100
14 дәріс.....	106
15 дәріс.....	110
Глоссарий.....	119

## **1 дәріс. АДВОКАТУРАНЫҢ ҰҒЫМЫ, МІНДЕТТЕРІ**

### **Заң тұрғысынан көмек алу – әрбір адам мен азаматтың конституциялық құқығы**

Адам мен азаматтың құқығына кепілдік беретін негізгі заңның конституциялық ережелерінің арасында маңызды конституциялық принцип ретінде қолданылатын білікті заң көмегін алу құқығы ерекше орын алады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында әрбір адамның білікті заң көмегін алуға құқығының бар екендігі тікелей көрсетілген. Ал заңда көзделген жағдайда мұндай көмек тегін көрсетіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда адам мен азаматтың құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді атқаратын әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бар екендігін атап өткен жөн. Мысалы, соттар, прокуратура, ішкі істер, әділет органдары жоғарыда аталған құқық қорғау міндеттерін бір-бірімен тығыз байланыс жасай отырып атқарады. Алайда, осы міндеттерді табысты жүзеге асыру адвокатура сияқты қоғамдық-құқықтық институтсыз мүмкін емес. Қазақстандық заңнамада адвокатура ешбір жерде құқық қорғау органы ретінде көрсетілмесе де, ол іс жүзінде құқық қорғау қызметі міндетін атқарады. Әдетте, құқық қорғау қызметі ретінде біз азаматтар мен ұйымдардың құқығын қорғауды мақсат ететін және заңға сәйкес заңдық әсер ету шараларын қолдану жолымен арнайы мемлекеттік органдар жүргізетін және олар белгілеген тәртіп мүлтіксіз сақталатын қызметті түсінеміз. Сөйтіп, азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге тиісті құқық қорғау жүйесінде адвокатураға маңызды орын беріледі. Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны – адвокаттар алқасы – білікті заңгерлердің кәсіби ұйымы. Оның міндеті жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету; құқықтар мен заңды мүдделерді, заңдылықты сақтау мен нығайтуға, сондай-ақ заңдарда көзделген кейбір өзге міндеттерді атқаруға жәрдемдесу болып табылады. Адвокаттар алқасы адвокатураның шынайы өзін-өзі басқаруын, адвокаттардың кәсіби шеберлігін, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жеке адамның құқығын қандай да бір қол сұғушылықтан қорғау, заңдылық үшін күрес және сот төрелігіне көмектесу – адвокаттық қызметке үлкен саяси-әлеуметтік маңыз береді.

Адвокатураның өзіне жүктелген мақсаттар мен міндеттерді қаншалықты тиімді атқаратындығы белгілі бір дәрежеде әрбір азаматтың ғана емес, сондай-ақ жалпы қоғамның құқықтық қорғалу дәрежесіне де байланысты.

Әрбір азамат заңға қайшы емес барлық әдістермен, соның ішінде адвокатқа – заңгерлік білімі және азаматтар мен ұйымдарды қорғау мен өкілдік ету бойынша қажетті дағдылары бар кәсіби заңгерге өзінің жүгіну құқығын пайдалана отыра, сотта өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауға құқылы.

Адам мен азаматтың құқығы мен еркіндігін түбегейлі жүзеге асыру олар істі қисынды және жете біле отырып қорғалған жағдайда ғана ықтимал. Мұндай қорғауды екінің бірі жүргізе алмайды. Бұл жағдайда заңдарды жақсы білумен қатар нормативтік құқықтық актілердің қолданылу практикасын білу, құқық қорғау органдарында іс жүргізу тәжірибесі талап етіледі. Басқаша айтқанда, тиімді көмекті көрсету үшін білікті маман қажет. Азаматтар әдетте заңнаманың негізгі қағидаларын біледі, ал субъектілік құқықтарды қорғау үшін терең білім мен заңдарды қолдану тәртібін білу талап етіледі. Бұл үшін адвокаттардың көмегіне жүгінуге тура келеді. Адвокат – ол өзінің зани білімі мен практикалық тәжірибесін заң көмегін көрсету кезінде пайдаланатын біліктілігі жоғары кәсіпқой заңгер.

Білікті заң көмегін алу құқығын конституциялық принцип деңгейіне көтеру аса маңызды мән-жайдан туындайды. Өйткені, тұлғаны заң көмегін алу құқығынан айыру кемсітушілікке, айтарлықтай шектеуге, ал кейде азамат пен қоғамды орны толмас залалға алып келеді. Конституцияның Қазақстанның бүкіл аумағында міндетті күші мен тікелей пәрмені болғандықтан заң көмегін алу құқығын қосымша баянды ету міндетті емес (қолданыстағы кодифицияланған актілерде бұл құқық көрсетілген): кез келген мемлекеттік орган, лауазымды тұлғалар, адвокаттардың өздері және азаматтар осы конституциялық нормадан туындайтын міндеттер мен өкілеттіктер туралы біледі.

Қазіргі қоғамда адвокатура институтының тиімді жұмыс істеуі заңдылықты сақтау мен жеке адамның құқығын қорғауға ықпал етеді. Сондықтан адвокат қызметі нақты азаматтың немесе ұйымның мүддесіне де, сондай-ақ мемлекет пен қоғамның жария-құқықтық мүддесіне сай келеді. Бұны соңғы уақытта көпшілік сөзінді және адвокатураға қоғамдағы көзқарас баяу болса да өзгеріп келеді. Адвокат мамандығының беделі өсіп келеді.

Адвокаттар алқасы заң көмегін көрсететін негізгі орган, алайда бірден бір орган емес. Құқықтық жүйеде азаматтарға заң көмегін көптеген ұйымдар мен тұлғалар (заң фирмалары, заң кеңесшілері, құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшілер, ақылы заң көмегін көрсету үшін лицензиясы бар жеке тұлғалар және т.б.) маңызды рөл атқарады. Мысалы, заң фирмаларының қызметі азаматтар мен ұйымдарға адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы қызметтер көрсету жолымен тиісті лицензия негізінде жүргізіледі.

Сонымен қатар, кәсіподақ мүшелері кәсіподақ кеңестерінің заң консультациясы көрсететін көмекті тегін пайдалана алады. Азаматтар белгілі бір заң көмегін өздері жұмыс істейтін ұйымдардың, оның ішінде меншік нысаны әртүрлі кәсіпорындар мен мекемелердің заң кеңесшілерінен алады. Кәсіподақ кеңесшілері заң көмегін көбінесе кеңес беру және еңбек заңнамасы бойынша құжаттарды толтыру жолымен көрсетеді. Бұл жағдайда заң кеңесшісінің жұмысы, ең алдымен, өз ұйымы мен оның мүшелеріне көмек көрсету түрінде жүргізіледі, ал кез келген азамат немесе ұйым олардан толық көмек ала алмайды. Сондықтан адвокаттардың заң көмегінің маңызы мен пәрменінің орны ерекше.

Адвокаттардың негізгі қызметіне жоғарыда аталған міндеттермен қатар, өзіне өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың қолданыстағы заңнамада қарастырылған барлық құралдар мен әдістерін пайдалана отырып көрсететін заң көмегінің сан алуан түрлері кіреді. Бұл жағдайда кәсіби қорғаушы ретінде қылмыстық процеске тек қана адвокаттар ғана жіберіледі. Конституцияда айтылған білікті заң көмегін кәсіби негізде көбінесе тек адвокаттар ғана көрсете алатындығы осыдан келіп шығады.

Конституцияның білікті заң көмегін алуда азаматтар мен ұйымдарға кең және тең мүмкіндік беретіндігін атап өткен жөн. Конституциялық нормаларға сүйене отыра, "Адвокаттық қызмет туралы 1997-жылғы 5-желтоқсандағы Қазақстан Республикасы заңында адвокаттардың шешімі кәсіби заң білімін қажет ететін мәселелер бойынша консультациялар, түсіндірмелер, кеңестер мен жазбаша қорытындылар беретіндігі; талап қою арыздарын шағымдар мен басқа да құқықтық сипаттағы құжаттарды жасайтындығы; қылмыстық және азаматтық сот жүргізу істері мен әкімшілік құқық бұзушылық істерге қатысатындығы; азаматтар мен ұйымдарға өзге де заң қызметін көрсететіндігі тікелей айтылған.

Адвокатураға қызмет мазмұны мен міндеті бойынша жақын, заң көмегін көрсететін өзге де ұйымдар тартылуда. Бұл үрдіс соңғы жылдары қанат жая бастады. Олар – өзіне азаматтар мен заңды тұлғаларға ақылы заң қызметін көрсету міндетін алатын, адвокаттық қызметпен байланысты емес қызметтерді көрсететін фирмалар мен өзге де кәсіпкерлік субъектілер. Осыған байланысты заң көмегін құқық көмегінен ажырата білу керек. Осылайша, Қазақстан Республикасының басқа елдермен жасаған халықаралық шарттарға сәйкес құқықтық көмек – бұл сот, әділет және тергеу органдарының екі немесе бірнеше мемлекет жасаған шарттар негізінде бір-біріне азаматтық, отбасылық және қылмыстық істерді шешу үшін жәрдемдесу жөніндегі қызмет.

Құқықтық көмек туралы шарттардың мақсаты – бір мемлекет азаматтарының басқа мемлекет аумағындағы жеке мүлдікті және мүлдікті емес құқықтарды өзара мойындауы мен сақтауын қамтамасыз ету.

Халықтың білім мен мәдениетінің жалпы деңгейінің артуы, олардың саяси-әлеуметтік тәжірибені алуы, демократияның дамуы және оның принциптерін, атап айтқанда, адам мен азаматтың құқығын және бостандығын қорғауды насихаттау және басқа да жәйттардың барлығы адвокатура сияқты маңызды құқықтық институтқа талаптың көтерілуін туындатты. Бұл бағытта, практика көрсеткеніндей, тәуелсіз арнайы құрылған, өзін-өзі басқаратын кәсіби заңгерлердің ұйымы – адвокаттар алқасы өз қызметін барынша тиімді және сапалы жүргізеді.

Адвокатура өзінің маңызы мен орны бойынша қоғам мен мемлекет тарапынан да басқа мемлекеттік құқық қорғау органдары сияқты өзіне соншалықты назар аударуды талап етеді, өйткені заң адвокаттан өзіне заң көмегін көрсетуді сұраған әрбір адамның конституциялық құқығы мен мүддесін толық, объективті және білікті қорғауды талап етеді.

Сөйтіп, адвокаттар кәсіби қызметінің мазмұны нақ осы заң көмегін көрсету болып табылады. Өз кезегінде адвокат көрсететін заң көмегі консультациялар, түсіндірмелер беру, талап қою арыздарын, шағымдар мен құқықтық сипаттағы өзге құжаттарды жасау және құқықтық сипаттағы өзге де құжаттарды талап ету сот ісінде, сондай-ақ одан тысқары басқа іс-әрекеттерді белсенді жасау жолымен азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүддесін қорғаудың барлық заңды құралдары мен әдістерін пайдалану болып табылады.

Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру – Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланған құқықтық және демократиялық мемлекет құру жолындағы маңызды міндеттердің бірі. Онда алға қарай даму болашағы бар, өйткені қазіргі құқықтық жүйе жалпы тиімді құқықтық институттың болуын көздейді. Олардың арасында тәуелсіз адвокатура лайықты орын алады. Нақ осы адвокатура жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыру кезінде білікті заң көмегін көрсетуді қамтамасыз етеді.

**Адвокатура және оның міндеттері.** Шетел терминдерінің қазіргі сөздігінде "Адвокатура" термині 1) ұйымды, адвокаттар алқасын; немесе 2) адвокат қызметін білдіреді.

Заңи әдебиетте және қолданыстағы заңнамада адвокатураның нақты анықтамасы жоқ. Мысалы, "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының бірінші бабы осы терминді түсіндіруден емес адвокатура мақсатын көрсетуден басталады. Ал 20-бапта тек адвокаттар алқасы ұғымы ғана берілген. Сондықтан да, көрсетілген олқылық орнын толтыра және осы ұғымды кеңейте отыра, өз түсінігімізше, адвокатураны азаматтар мен ұйымдарға кәсіби заң көмегін көрсететін тұлғалар қызметінің негізін анықтайтын қоғамдық құқықтық институт деп санаймыз.

Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны нақ осы адвокаттар алқасы болып табылады және сондықтан "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңында адвокаттар алқасының адвокаттардың түбегейлі ұйымы екендігі айтылған.

**Адвокаттар алқасы** заңды және жеке тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, жоғарыда аталған Заңда белгіленген өзге де міндеттерді атқару үшін құрылған адвокаттардың коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

Заңда адвокаттар алқасы қоғамдық ұйым ретінде аталмаған. Алайда оның нақ осы қоғамдық ұйымға тән белгілері бар. Бұл:

1. Кәсіби ұйымды құрған тұлғалардың теңдігіне негізделген, тиісті ретпен рәсімделген мүшеліктің болуы. Адвокаттар алқасы жоғары заң білімі бар және біліктілік емтиханын тапсырған және адвокаттық қызмет жүргізу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан құрылады.



Алқаға ерікті мүшелік туралы пайымдау біршама даулы пікірді туғызады. Бір жағынан, алқа құрамына ешкім зорлықпен қабылданбайды, екінші жағынан – онда адвокаттар алқасын таңдау құқығы жоқ, өйткені облыс аумағында бір ғана алқа жұмыс істейді. Алайда істің мәні басқада – қолданыстағы заң бойынша алқа мүшесі болмай адвокаттық қызметпен шұғылдануға тыйым салынады. Әрине, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен тиісті лицензия алуға болады, алайда лицензия алған және адвокаттық қызметпен айналысқысы келген адам адвокаттар алқасына мүшелікке кіруге және "Адвокаттық қызмет туралы" Заң шегінде кәсіби негізде заң көмегін көрсетуге міндетті.

Алқа мүшелігіне қабылдау және одан шығаруды сайланбалы алқа органы – адвокаттар алқасының төралқасы жүргізеді. Әрбір адвокат алқаның толық мүшесі және "Адвокаттық қызмет туралы" Заңның 14 және 15-баптарында қарастырылған құқықтар мен міндеттемелердің жиынтығына ие болады.

2. Қоғамдық ұйым мүшелерінің оның мүліктік негізін жасауға материалдық қатысуы тек кіру және мүшелік жарна түрінде ғана жүргізілмейді. Адвокатурада ұйымның мүліктік негізін құруға арналған қаражат, сондай-ақ өз қорларынан заң консультациялары аударған сома және адвокат кеңселері азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсеткені үшін алған төлемнен құралады. Мүлік, сонымен қатар ерікті мүліктік жарналар мен садақалардан; демеушілік және қайырымдылық көмектен; заңда тыйым салынбаған өзге түсімдерден құралады.

3. Алқа мүшелерінің өз ұйымының ісін басқаруға, алқа бас органдарын сайлауға, оның басшы органдарының қызметін бақылауға қатысуы – осының барлығы тәуелсіз және өзін-өзі басқаратын қоғамдық ұйым ретінде, осы құқықтық институттың ерекшелігін көрсетеді.

Қазақстан заңнамасында ассоциация (одақ) нысанындағы мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік, заңды тұлғалар бірлестігі сияқты коммерциялық емес ұйымның осындай нысандарының және заңнама актілерінде қарастырылған өзге де нысандардың қызметіне рұқсат етіледі. Қолданыстыға заңнама коммерциялық емес ұйымның басқа да ұйымдық – құқықтық нысанында құрыла алатындығын анықтайды. Бұл нысанға нотариалдық палаталар,

адвокаттар алқасы, аудиторлар палатасы, пәтер иелерінің кооперативтері және өзге де коммерциялық емес ұйымдар жатады. Адвокаттар алқасының құқықтық жағдайының ерекшелігі "Адвокаттық қызмет туралы" ҚР Заңымен реттеледі.

Адвокаттар алқасын қоғамдық бірлестік нысанындағы коммерциялық емес ұйым ретінде тану облыс, республикалық маңыздағы қала мен астана аумағында бірнеше алқа құруға мүмкіндік берер еді. Ол адвокаттық қызметпен айналысқысы келген кез келген адамға өз таңдауымен адвокаттар алқасына әкімшіліктік-аумақтық бөлініске сәйкес кіруге құқық берер еді. Бірнеше алқаның болуы мыналарға мүмкіндік береді:

- заң көмегін көрсету сапасын көтеруге;
- азаматтар мен ұйымдарға нақты алқаны өз қалауымен таңдауға;
- заң көмегі үшін төлем көлемін азайтуға;
- халық арасында құқық білімін насихаттауды кеңейтуге және т.б.

Жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету, анықтау, алдын ала тергеу, сот, мемлекеттік және басқа органдар мен ұйымдарда және азаматтармен қарым-қатынаста өкілдік пен қорғауды жүзеге асыра, сот төрелігін жүзеге асыру процесінде сайысушы тараптардың бірі ретінде қатыса отыра, адвокаттар ақы алады, оның бір бөлігін алқа қызметін қолдауға жұмсайды. Яғни, олар атқарған қызмет – коммерциялық әрекет емес.

Сөйтіп, адвокаттар алқасы құрылу және жұмыс істеу әдісі бойынша мемлекеттік органдарға тәуелсіз өзге ұйымдық-құқықтық нысандағы кәсіби бірлестікке жатады. Алайда олардың қызметінде кәсіби бірлестікке тән емес мынадай белгілер де бар. Бұл ең алдымен олардың әділет органдарымен қарым-қатынас сипатына қатысты, атап айтқанда ҚР Әділет министрлігінде азаматтар мен заңды тұлғаларға, оның ішінде адвокаттар алқасына қызмет көрсетуге байланысты, қылмыстық және азаматтық істерді қарау кезінде өкіл немесе қорғаушы ретіндегі адвокаттың жағдайын, адвокатты тәртіптік жауапкершілікке тартуды және т.б. ұйымдастыру үшін өзара байланыс және жағдай жасау жөніндегі бөлімнің болуы. Сонымен қатар, әділет органдары адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығы үшін лицензия беруге тиіс.

Алайда, бұл адвокаттардың тиісті лауазымдық міндеттемесін атқаратын қызметшілер екендігін білдірмейді.

Біріншіден, адвокаттар мемлекеттік органдарда қызмет атқармайды (тағайындау, сайлау немесе конкурс бойынша), яғни мемлекеттік қызметте жоқ. Олар адвокаттар алқасымен шарт жасамайды.

Екіншіден, мемлекеттік қызметшілер қызметтік міндеттемені орындайды, мемлекеттің немесе оның органының атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етеді. Олардың көпшілігі мемлекеттік-биліктік өкілеттіктерді атқарады. Бұл қағида ешбір жағдайда да адвокаттарға қолданылмайды. Олар азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсетеді, өз атынан сөз сөйлейді және азаматтар мен мемлекеттік органдарға қатысты мемлекеттік-биліктік өкілеттіктер жүктелмеген.

Үшіншіден, адвокаттар өз еңбегі үшін мемлекеттік қызметшілер сияқты мемлекеттен сыйақы алмайды. Көрсеткен заң көмегі үшін төлем ретінде азаматтар мен ұйымдардан адвокаттар кеңсесіне және заң консультациясына түскен қаражаттан еңбекақы алады (Заңның 5-бабы). Заңнамада азаматтарға тегін көмек көрсетілетін жағдайдың өзінде адвокат еңбегі заң консультациясының немесе адвокат кеңсесінің қаражатынан, ал егер адвокат клиенті процесті жүргізген орган немесе сот қаулысы негізінде төлемнен босатылса, онда республика бюджеті қаражатынан төленеді. Заң консультацияларында меңгерушінің кесімді жалақы алуы да, мұнда да жалақы сол көздерден төленгендіктен істің мәнін өзгерте алмайды.

"Адвокаттық қызмет туралы" 1997-жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы заңының 1-бабына сәйкес адвокатураның негізгі міндеті азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету болып табылады, ал ҚР Конституциясының 13-бабы әрбір адамның білікті заң көмегін алу құқығына кепілдік береді. Бұл көмекті көрсетудің сан алуан түрлері бар. Алайда құқықтық көмек беруді, әртүрлі заң құжаттарын құрастыруды және заң көмегінің басқа түрлерін қызмет көрсетумен толық теңестіруге болмайды.

"Заң қызметін көрсету" термині сонымен қатар адвокаттардың сезіктілер мен айыпкерлерді қорғаушы, жәбірленуші өкілі, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер ретінде алдын-ала тергеу мен сотқа қатысуы кезінде қолданылмайды. Бұл – "қызмет көрсету емес", қайта азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін қорғаудың, сот төрелігіне жәрдемдесудің бір түрі.

Азаматтар мен ұйымдарға көрсетілетін өзге заң қызметі де, ақыр аяғында, олардың құқығы мен мүддесін қорғауға және заңдылықты сақтау мен нығайтуға бағытталған.

Айтылғандарға орай, "қызметтер", "заң қызметін көрсету" терминдері адвокатура қызметінің мәнін құрайтындардың бәрін бірдей түсіндіруге келмейді. Ал осы мән "Адвокаттық қызмет туралы" заңның 1-бабында қарастырылғандай, азаматтар мен ұйымдарға тек заң көмегін көрсету болып табылады.

Сөйтіп, қоғамның құқық қорғау жүйесінің маңызды элементтерінің бірі ретіндегі адвокатураның мәнін былайша анықтауға болады: адвокатура – бұл азаматтар мен ұйымдарға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында кәсіби заң көмегін көрсетуді жүзеге асыратын тұлғалар қызметінің негізін анықтайтын мемлекеттік емес құқықтық институт. Бұл анықтаманың негізгі түйіні – адвокатура мемлекеттің немесе сот төрелігінің мүддесін қорғау үшін қызмет етпейді, қайта мемлекеттік емес, жеке мүддені білдіреді және қорғайды.

Адвокатура көрсететін заң көмегінің ерекше сипаты бар, өйткені ол азаматтар мен ұйымдардың құқығы мен мүддесін қорғау саласына жатады. Бұл тұрғыдан адвокатура құқық қорғау органы болып табылады, ал оның маңызы басқа мемлекеттік органдардан (прокуратура, сот және басқалар) ешбір кем емес.

Қазақстан Республикасы дамуында саяси және құқықтық жүйе ретіндегі адвокатураның орны құқық рөлінің сапалы артуымен, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық негізін нығайтумен тікелей байланысты.

Адвокаттар алқасы Заңға сәйкес құқықтық құралдармен азаматтар құқығын заңмен қорғаудың сан алуан түрлерін көрсету үшін құрылған және әрекет ететін білікті заңгерлердің кәсіби ұйымы болып табылады. Заң шығарушы адвокаттар алқасының азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсететіндігін, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететіндігін атаумен шектелмейді. Сонымен қатар, адвокатураның Қазақстан Республикасында адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және ҚР Конституциясымен баянды етілген құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу керектігі атап өтіледі.

## **2 дәрiс. АДВОКАТУРА ҚЫЗМЕТIНIң НЕГIЗГI БАҒЫТТАРЫ**

Адвокаттар алқасы – адам мен азаматтың, мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың заңды құқықтарын қорғауға жәрдемдесу және өкiлдiк ету үшiн кәсiби заңгерлер құратын мемлекеттiк емес және коммерциялық емес құрылым.

Егер осы мiндеттердi нақтылайтын болсақ, адвокатура қызметiнiң негiзгi бағыттары әртүрлi заң көмегiн көрсетуге жәрдемдесу болып табылады. Олар:

- ♦ шешiлiмi кәсiби заң бiлiмiн талап ететiн мәселелер бойынша консультациялар, түсiндiрмелер, кеңестер, жазбаша қорытындылар беру;
- ♦ талап қою арыздарын, шағымдар мен құқықтық сипаттағы басқа құжаттарды жасау;
- ♦ адвокаттардың анықтау және алдын ала тергеу iстерi кезiнде, сезiктiлердiң, айыпталушылардың және сотталған адамдардың қорғаушылары, жәбiрленушiлердiң, азаматтық талап қоюшылардың, азаматтық жауапкерлердiң өкiлi ретiнде қылмыстық iстер бойынша сотқа қатысуы;
- ♦ соттар мен мемлекеттiк органдарда азаматтық және әкiмшiлiк құқық бұзушылық iстерi бойынша өкiлдiк ету;
- ♦ азаматтар мен ұйымдарға заңда тыйым салынбаған басқа да заң көмегiн көрсету.

Заңды қолдану мәселесi бойынша кеңес беру адвокаттар қызметiнiң маңызды бағыты болып табылады. Оның мәнi – қолданыстағы азаматтық iс жүргiзу, отбасылық, еңбек, әкiмшiлiк, қылмыстық iс жүргiзу және басқа заңдардың нормаларын дұрыс түсiндiру мен дәл қолдану бойынша түсiнiктеме беру.

Консультация:

- даудың материалдық-құқықтық астарын;
- азаматта талап қою құқығының бар-жоғын (процессуалдық астар);
- iс бойынша түпкiлiктi кеңестi, яғни қорғау үшiн заңды негiздiң бар-жоғын және қандай нысанда екендiгiн (соттық, әкiмшiлiк және т.б.), бұл үшiн не iстеу керек екендiгiн қамтуға тиiс.

Құқықтық кеңес:

- заңды: құқық нормасына дұрыс сiлтеме жасауға және оны дәл қолдануға, құқықтық iске асыру жолдарын көрсетуге және т.б.;

- мазмұндау нысаны бойынша жеңіл, яғни түсінікті;
- нақты: жалпы құқық және оны қорғау жолдары туралы пайымдау емес, мәселені шешудің ықтимал жолдарын көрсетуге;
- нәтижелі: кеңес беру аяқталғаннан кейін азамат істің алдағы қозғалысының болашағын анық көруге тиіс.

Кейбір жағдайларда талап қою өтініштерінің (анықталып қойылған талаптарға сәйкестік), шағымдардың (азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің бұзылуы, өтініштер бойынша қабылданған шешімдердің орындалмауы, лауазымды адамдардың теріс қылықтары туралы) және құқықтық сипаттағы өзге де құжаттардың дұрыс жасалуы талап етіледі.

Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы – адвокаттық қызметтің негізгі бағыттарының бірі. Мұнда адвокат қызметі негізінен айыпталушыларды (сезіктілерді) қорғау міндетін жүзеге асырумен байланысты. Оның кәсіби тәжірибесі мен құқықтық білімі қорғайтын адамына аса білікті көмек көрсетуіне мүмкіндік береді. Қоғам мен мемлекет бірде-бір азаматтың жеткілікті айғақсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылмауын және сотталмауын көздейді.

Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Заң сезіктілердің және қылмыс жасағандығы туралы айыпталғандардың, сондай-ақ сотталғандардың қорғану құқығын қамтамасыз етеді. Осы құқықты қорғаушы ретінде заңмен қажетті кепілдіктер берілген адвокаттар жүзеге асырады. Атап айтқанда, қылмыстық істі жүргізу заңы сот талқысы кезінде (сот талқысы және нақты іс бойынша шығарылған үкімдердің заңдылығы мен қисындылығын ізінше тексеру сатысы), сондай-ақ алдын-ала тергеуде немесе анықтауды жүргізу кезінде, сонымен қатар қадағалау тәртібімен істі қарау кезінде адвокатқа (қорғаушыға) берілетін құқықтардың үлкен шеңберін айқындайды.

Адвокаттар (қорғаушылар) іске қатысуға айып тағылған немесе сезікті адам мойындаған сәттен – ұстау жүргізілген я болмаса айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған сәттен бастап жіберіледі. Бұл жағдайда ол ұстау хаттамасымен немесе қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы тандалғандығы туралы қаулымен таныса алады. Қорғайтын адаммен оңаша жүздесе, одан жауап алуға қатыса алады және т.б. Жүздесу саны мен олардың ұзақтығы шектеусіз. Конституцияның 16-бабының 2-тармағы тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығын береді.

ҚДЖК-де анықталған көп жағдайда, қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның қорғаушысы болуға міндетті. Егер бұл азамат немесе оның туысқандары не заңды өкілдері адвокатты шақыруға ынта білдірмесе, адвокат тергеушінің, прокурордың немесе соттың қаулысы бойынша тағайындалуға тиіс. Мұндай адвокат та айыпталушы немесе оның жақын туысқандары шақырған адвокаттардың құқығын пайдаланады. Оның еңбегі толығымен республикалық бюджет қаражатынан төленеді.

Қылмыстық істі қарауға қатысқан адвокат айыпталушыны ақтайтын немесе оның жауапкершілігін жеңілдететін жағдайды анықтау мақсатында заңда көзделген барлық қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға және айыпталушыға қажетті қорғау мен заң көмегін көрсетуге міндетті.

Адвокат қылмыстық істі қараған кезде тек айыпталушының қорғаушысы ғана емес, сондай-ақ жәбірленушінің мүддесін білдіруші, азаматтық талап қоюшы, азаматтық жауапкер ретінде де қатыса алады.

Адвокат азаматтық істер бойынша талқылауға, сондай-ақ әкімшілік істерге талап қоюшының, жауапкердің және үшінші тараптың өкілі ретінде қатыса алады. Сотта процессуалдық әрекетті жасау үшін адвокат-өкілдер көмек сұраған адамның заңды құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік беретін белгіленген өкілеттіктерді (құқықтарды) пайдаланады.

Заңда заң көмегінің, алайда олар адвокаттық қызметтің ауқымды саласы болса да, тек негізгі түрлері ғана көрсетілген. Сондықтан заң шығарушы "заңдарда тыйым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді" деген жалпы ұғыммен шектеледі.

Атап айтқанда, мына қызмет түрлері меңзеліп отыр:

- талап-арыз жұмыстары;
- құқық бұзушылықпен күрес жүргізетін еңбек ұжымдары мен органдарға заң көмегін көрсету;
- жарғылар әзірлеу және заңды тұлғалар құжаттарын тіркеуге даярлау;
- келісім-шарттар жасау;
- коммерциялық ұйымдарға қызмет көрсету;
- заң кеңесшілері жоқ ұйымдарды заң көмегімен қамсыздандыру және заң көмегі ретінде заңда аталғандардан басқа заңда тыйым салынбаған өзге де осындай қызмет түрлерін көрсету.

Адвокат ұйымдарға заң қызметін көрсетерден бұрын оның қызметінің ерекшелігімен мұқият танысуға, оның алдында тұрған негізгі мақсат пен міндетті анықтауға және соған байланысты өзінің барлық жұмысын жоспарлауға тиіс.

*Адвокаттық қызметті реттейтін заңнама.* Адвокаттық қызметті реттейтін заңнама адвокаттық қызметтің рәсімдерін реттейтін және оның жүзеге асыру тәртібі мен мазмұнын анықтайтын, Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілер болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызмет туралы заңнама көздерінің түрлері туралы мәселе ҚР Конституциясының 4-бабы және "Адвокаттық қызмет туралы" Заңның 2-бабының нормативтік ұйғарымдарына сәйкес шешіледі. Конституция 4-бабының 1-бөліміне сәйкес, Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы құқық Конституцияның, оған сәйкес заңдардың, өзге нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесі мен Жоғары Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады. "Адвокаттық қызмет туралы" заңның 2-бабында адвокаттық қызмет тәртібінің осы Заңмен және адвокаттық қызметті реттейтін өзге заңдармен реттелетіндігі белгіленген.

Жеке және заңды тұлғалар істері бойынша адвокаттар өздері қорғау мен өкілдік етуді жүргізген кездегі іс жүргізушілік құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді (1997 жылғы 13-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексі, 1999 жылғы 13-шілдедегі Қазақстан Республикасының азаматтық істер жүргізу кодексі, 1999 жылғы 30-наурыздағы Қазақстан Республикасының "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" заңы және т.б.).

Жоғарыда тізбеленген заңнама актілерінің ережелеріне сәйкес адвокаттық қызметті реттейтін заң негіздеріне мыналар жатады:

- 1) Қазақстан Республикасы Конституциясы;
- 2) адвокаттық қызметті реттейтін нормалар мазмұндалған конституциялық заңдар;
- 3) "Адвокаттық қызмет туралы" заң;
- 4) адвокаттық қызметті реттейтін нормалар мазмұндалған өзге де заңдар;



- 5) адвокаттық қызметті реттейтін нормалар мазмұндалған заңға негізделген нормативтік актілер;
- 6) адвокаттық қызметке қатысты нормалар мазмұндалған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге міндеттемелері;
- 7) адвокаттық қызметке жататын мәселелер бойынша Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары;
- 8) адвокаттық қызметке жататын мәселелер бойынша ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары;

Заң күші – нормативті құқықтық актінің белгілі бір құқықтық салдар туғызу ерекшелігі. Осындай акті заң күшінің дәрежесі мемлекет органдарының жүйесінде осы актіні шығарған органның құқықтық мәртебесінің жағдайы мен құзыретіне байланысты.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – бұл Қазақстан Республикасы заңдарының құқықтық негізі, жоғарғы заң күші бар және республика аумағында тікелей қолданылатын негізгі заң. Адвокаттық қызметте, құқықтық реттеудің басқа салалары сияқты конституциялық нормалар тікелей қолданылады.

Конституцияға сәйкес, әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі. Осы қағида жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау негізінде жатқан аса маңызды және принципті ережені мазмұндайды.

Келесі негіз Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары мен Қазақстан Республикасының Президентінің конституциялық заң күші бар жарлықтары болып табылады.

Заңдар конституциялық деп Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Парламенттің әрбір Палатасы депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі дауысымен қабылданатындықтан аталған. Конституцияда тікелей көзделген жағдайларда бұл мәселелер Елбасының ерекше Жарлықтарымен тәртіптелуі мүмкін. Олар конституциялық заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары деп аталады. Аталған оларда адвокаттардың (қорғаушылардың) қызметіне тікелей қатысты, нақты мәселелерді шешу үшін үлкен маңызға ие нормалар да бар. Осы мәселелер арасынан тиісті ретпен тәртіптелген мына жайттар айрықша ерекшенеледі:

- сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді;

- әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғануға кепілдік беріледі;

- ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды;

- сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген сот жүргізу ісінің өзге де нысандарымен жүзеге асырылады (1-бап, 2-тармақ).

Нормативтік құқықтық актілер негіздерінде адвокаттардың құқықтық жағдайын барынша толық реттейтін Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5-желтоқсандағы заңы ерекше орын алады. Онда адвокатура міндеттерінің ұйымдастырылуы мен қызметтері анықталған, аса маңызды ұғымдар, адвокаттардың құқықтары мен міндеттері, адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері түсіндірілген.

"Адвокаттық қызмет туралы" заңның қағидаларын дұрыс қолдану бірқатар заңдардың ережелерін білуді талап етеді. Оған жататындар:

- 1997ж. 16-шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
- 1997ж. 13-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі;
- 1994ж. 27-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.
- 1999ж. 1-шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.
- 1999ж. 13-шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі;
- 2001ж. 30-қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
- 2001ж. 15-қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" заңы.
- 2001ж. 12-маусымдағы Қазақстан Республикасының бюджетке салықтар және басқа да міндетті төлемдер кодексі (Салық кодексі).
- 2000ж. 5-шілдедегі Қазақстан Республикасының "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" заңы.

- 1999ж. 30-наурыздағы Қазақстан Республикасының "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" заңы.
- 1995ж. 17-сәуірдегі Қазақстан Республикасының "Лицензиялау туралы" заңы.

Жоғарыда тізбеленген нормативтік құқықтық актілер және өзге заңдар жалпы тиісті құқықтық қатынастарды реттеуге арналған. Мысалы, олар мемлекеттік құқық қорғау органдарының өкілеттігін, сондай-ақ басқа қатысушылармен құқықтық қатынастардың өзара байланыс тәртібін реттей алады. Алайда, оларда сонымен қатар адвокаттық қызметте туындайтын нақты мәселерді шешу үшін маңызы бар нормалар мазмұндалған. Заңға негізделген нормативтік актілер, яғни заңдар негізінде және мемлекеттік органдардың өз құзіреті шегінде орындауы үшін шығарылған нормативтік құқықтық актілер өзге негіздер болып табылады. Олар заңдар нормаларын нақтылауы және тәртіптерді белгілеуі мүмкін, алайда, бұл жағдайда олар заңға сәйкес және оған қайшы болмауға тиіс.

Адвокаттық қызметті реттеу үшін ерекше негіз ретінде азаматтық, отбасылық және қылмыстық істерді шешуге жәрдемдесу бойынша соттар, әділет, прокуратура және тергеу органдарының ынтымақтастық мәселелері жөнінде мемлекеттер жасаған құқықтық көмек туралы халықаралық шарттарының үлкен маңызы бар.

Мысалы, 1993-жылы 22-қаңтарда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы 12 мемлекетінің басшылары қол қойған, 1994 жылы 10-желтоқсанда күшіне енген азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенцияға сәйкес Конвенцияға қатысушы – мемлекеттер өтінші бойынша қылмыс жасаған адамдарды беру, қылмыстық ізге түсу, өзара ақпарат алмасу, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша өндіріске байланысты кейбір басқа әрекеттерді жасау туралы келісілген тәртібін белгілейді.

Мемлекеттің құқықтық негізін нығайтудағы Республика Конституциялық Кеңесі мен Жоғары Соты нормативтік қаулыларының рөлі мен орнын бағалай отырып олардың қолданыстағы заңның мәні мен мазмұнын олар қолданылған кезде алшақтық орын алған жағдайда ғана ашатындығын, сол арқылы түсініктеме берілген заңдарды соттардың, басқа органдар мен лауазымды адамдардың дұрыс түсінуіне және бірізді қолдануына ықпал етеді.

### 3 дәріс. АДВОКАТУРАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

Адвокатура қызметін ұйымдастыру және тәртібі құқықтық принциптерге негізделген. Принцип [лат.негіз, бастау] - 1) қандай да бір теорияның, ілімнің алғашқы жағдайы және т.б.; жетекші идея, қызметтің негізгі тәртібі; 2) ішкі ұғым, мінез-құлық нормасын анықтайтын заттарға көзқарас.

Адвокатураның принциптері ретінде барлық іс жүргізу нормаларын қамтитын негізгі құқықтық идеяларды және азаматтар мен ұйымдарға білікті заң көмегін көрсетуді қамтамасыз ететін адвокатура және адвокатура қызметінің осындай құрылымын анықтайтын институттарды атаған жөн.

Адвокатураның негізгі принципі *заңдылық* болып табылады, ол ҚР Конституциясын, "Адвокаттық қызмет" туралы ҚР заңын және осыларға сәйкес қабылданған заңдарды мүлтіксіз сақтау ретінде анықталады. Бұл орайда республика Конституциясының жоғары заңдық күшке ие екендігін, оған тек мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ұйымдардың ішкі ұйымдық актілері де сәйкес болуға тиістілігін атап ету қажет. Бұдан адвокат алқасы мүшелерінің, органдарының және лауазымды тұлғаларының актілері мен шешімдерінің ҚР Конституциясына және заңдарына сәйкес болу керектігі адвокатура қызметіндегі заңдылықты іске асыру принципінің мәні екендігін көреміз.

Заңдылықтың конституциялық принципінің азаматтың заң көмегін алудағы субъективтік құқығын іске асыруда шешуші маңызы бар. Осы құқықпен адвокаттар алқасы мен олардың мүшелерінің заң көмегін көрсету міндеттемесі ұштасады. Адвокаттар алқасы органдары мен лауазымды тұлғалардың адвокаттар мен заң көмегін алуға мұқтаж адамдардың заңды құқықтарын іске асыруына ешбір шектеу қоюға құқығы жоқ. Мысалы, істің шақырылған адвокат жұмыс істейтін облыстан (қалада) басқа жерде қаралып немесе тергеліп жатқандығын сылтау етіп, адвокатқа көмек көрсетуге шек қою заңсыз. Мұндай әрекет заң көмегінен заңсыз бас тартуды, азаматтар құқығын бұзуды айғақтайды. Егер заң консультациясының немесе адвокаттар алқасының лауазымды тұлғасы заң көмегінен заңсыз бас тартса, онда бұл туралы сотқа шағым беруге болады.

*Адвокатураның тәуелсіздігі* прокуратура, сот, анықтау және алдын ала тергеу органдары, өзге мемлекеттік органдар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, басқа ұйымдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан, тікелей заң актілерінде көзделген реттерді қоспағанда, оның қызметіне ешбір араласпауына жол берілмейтіндігі жөніндегі заңда белгіленген тәртіптерді білдіреді. Азаматтар мен ұйымдарды жоғарыда аталған мемлекеттік және қоғамдық органдар мен лауазымды адамдардан тәуелсіз адвокатура сияқты қоғамдық-құқықтық институт қана қорғап мүддесін білдіре алады. Бұл міндет кәсіби заңгерлер ұйымы – адвокаттар алқасына нақты жүктеледі.

Бұл қағида адвокатура ұйымдары мен қызметінің негізгі құқықтық және демократиялық принциптерінің бірі – адвокат тәуелсіздігін және оның ісіне мемлекеттік және өзге араласушылыққа жол бермеудің кепілі болып табылады.

Алайда, тәуелсіздік адвокаттар ұйымының мемлекет органдары мен өзара байланысының толық жоқтығын білдірмейді. Қазіргі уақытта адвокатура мемлекеттік атқарушы органдармен, оның ішінде Әділет министрлігімен ынтымақтастық жасайды. Осы министрліктің құқықтық көмекті ұйымдастыру мен заң көмегін көрсету саласындағы міндеттерінің бірі – адвокаттық қызметті лицензиялау; адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығына лицензия беру; адвокатураға әдістемелік басшылық және азаматтар мен ұйымдарға көрсетілетін заң көмегінің сапасына бақылау жасау.

*Заңда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен адвокаттық қызметті жүргізудің* келесі принципі – оның негізіне адвокаттың, клиенттің заңды мүддесін қорғауды немесе өкілдікті тек заң құралдарымен жүргізетіндігі (заңды соттың, прокурордың, процеске өзге қатысушылардың бұзуына, егер бұл бұзушылық айыпталушының (сезіктінің), құқықтарын аяққа басса дереу жауап қату); соттың, басқа құқық қорғау органдарының және т.б. шешімдеріне клиенттің мүддесіне орай және оның тапсырмасы бойынша (немесе келісімімен) шағым жасау міндеттемесінің жататындығы.

Адвокатураның негізгі принциптерінің бірі – прокуратура, сот, анықтау және алдын ала органдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, өзге ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың, заң актілерінде тікелей көздеген жағдайларды қоспағанда, *адвокатура қызметіне араласуына жол бермеушілік* болып табылады. Бұл адвокаттың заңдық қызметін

жүргізуге заңсыз араласуға жол берген, кедергі жасаған не азаматтарды қорғау және оларға заң көмегін көрсету бойынша адвокаттың дербестігі мен тәуелсіздігіне өзге де қол сұғушылықты жасаған тұлғалардың ҚР "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 523-бабына және ҚР Қылмыстық кодексінің 365-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылатындығын көрсетеді.

Лауазымды тұлғаның адвокаттың, адвокаттар алқасының, заң консультациясының, адвокаттар кеңсесінің заңдық қызметін жүргізу үшін олардың кәсіби міндеттемесін іске асыруға қажет құжатты, материалды немесе мәліметті жазбаша сауалы бойынша заңда белгіленген мерзімде тапсырмау және бас тарту арқылы кедергі келтіруі, егер бұл әрекеттердің қылмыстық жазалану белгісі болмаса, жиырма айлық есеп көрсеткішіне дейінгі көлемде айыппұл төлеуге әкеліп соғады.

Егер осы әрекеттер азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүддесіне, я болмаса қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүддесіне айтарлықтай залал келтірсе, оған жол берген тұлғалар бес жүз айлық есеп көрсеткішіне дейінгі көлемдегі немесе бес айға дейінгі мерзімге сотталған адамның жалақысы немесе өзге кірісінің көлеміндегі айыппұлмен, я болмаса үш жылға дейінгі мерзімге бостандығын шектеумен жазаланады.

Адвокатураны ұйымдастырудың және қызметінің келесі принципі – *кәсіби мінез-құлық нормалары мен адвокат құпиясын сақтау* болып табылады. Заң көмегін көрсету кезінде жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін білікті қорғауды қамтамасыз ету мақсатында адвокат қолданыстағы заңнама мен алқа жарғысын, сондай-ақ кәсіби әдеп орнықтырған нормаларды және адвокаттық кәсіптік қызметтің практикасында жинақталған тәртіптерді басшылыққа алуға тиіс.

Қолданыстағы заңнама талаптарын адвокаттардың сақтау кепілдіктері қорғауды жүргізуге және өзге заң көмегін көрсетуге байланысты айтылған мәліметтердің құпиясын сақтау және көмек сұраған адамның келісімінсіз оны жарияламау міндеттемесі болып табылады. Бұл талаптар міндетті шарт болып табылады және адвокаттың азаматтық іспен қатар қылмыстық немесе әкімшілік істер бойынша бүкіл қызметіне қолданылады және "Адвокаттық қызмет туралы, Қазақстан Республикасы Заңымен, адвокаттар алқасының жарғысымен, адвокаттар алқасының Жалпы жиналысының (конференциясының) шешімімен қабылданатын адвокаттың кәсіби әдебінің Ережелерімен реттеледі.

Негізгі принциптердің бірі, өкінішке орай, қолданыстағы заңнамада көрсетілмеген, алайда адвокатураны ұйымдастыру негізінде қаланған және практикада іске асқан – бұл тәуелсіз өзін-өзі басқаратын ұйымдардың жиынын; басқарудың орталық және жоғары тұрған органының жоқтығын; *адвокаттар алқасының бір-бірінің ісіне араласпаушылығын* білдіретін орталыққа бағынбау принципі. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағына, Адвокаттардың халықаралық одағының (достастығының) Қазақ филиалына, адвокаттар ұйымының өзге нысандарына (қауымдастыққа, бірлестікке, корпорацияға және т.б.) келсек, олар адвокаттар алқасына басшылық жасамайды және олардың кәсіби қызметіне араласпайды.

Адвокат азаматтың (немесе заңсыз сотталған не талабынан негізсіз бас тартылған адамның) құқығын қорғаған кезде ол тек осы нақты адам үшін ғана емес, жалпы бүкіл қоғам үшін маңызы бар қызметті жүргізеді, сол арқылы қате сот шешімдерінің жолын кеседі, заң мен құқық тәртібіне деген сенімді нығайтады.

Нақ сондықтан, заңға сәйкес адвокаттың жеке адамның құқығын білікті және жігерлі қорғау азаматтың, қоғам мен мемлекеттің мүддесіне жауап береді. Қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру үшін тиімді әрекет ететін мемлекеттік органдармен қатар күшті, тәуелсіз және білікті адвокатура қажет.

Адвокат – айыпталушының немесе басқа тұлғаның өкілі, алайда адвокаттың қызметі жеке сипатта ғана емес, оған айыпкермен қатар істі жүргізетін мемлекеттік органдар да мұқтаж. Сондықтан адвокатураның жұмыс істеуін қатаң заңға сәйкес сот төрелігіне жолдаудың маңызды шарты ретінде қарастыра отырып, оның рөлін арттыру қажет. Басқаша айтқанда, адвокатура, адвокаттар алқасы қызметінің міндеттері белгілі бір шекте мемлекеттік құқық қорғау органдарының міндеттеріне ұқсас.

Сонымен, құқық қорғау органдары мен ұйымдарының арасында жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді атқаруға тиіс кәсіби заңгерлердің тәуелсіз ұйымы – адвокатура мен адвокаттар алқасы маңызды орын алады.

#### **4 дәріс. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДВОКАТУРАНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

*Қазақстанда адвокатураның 1917 жылға дейінгі кезеңде қалыптасуы.* Қазақстандағы адвокатураның бүгінгі қызметі мен жай-күйін, оның қалыптасу, құрылу және даму тарихын мейлінше түсіну және қарастыру мүмкін емес. Өйткені бұларсыз осы маңызды қоғамдық-құқықтық институттың алдында тұрған міндеттердің мәнін түсінуге болмайды. Ақыр аяғында бұл бізге құқықтық және демократиялық мемлекетті құруда адвокатураның орнын, рөлі мен маңызын анықтауға мүмкіндік береді.

Адвокатураға жүктелген міндеттердің орындалу ерекшеліктеріне және құқықтық қатынастар жүйесіндегі оның жағдайына орай тарихтың әр кезеңінде оған деген көзқарас қоғамның саяси жүйесіне, оның экономикалық деңгейіне, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасына және көптеген басқа жәйттарға байланысты өзгеріп отырды.

1917 жылға дейінгі мерзімде кәсіби адвокатураның өмірге келуі Ресей империясындағы (құрамына Қазақстан кірген) заңдылықтың қалыптасу және даму тарихымен және 1864 жылғы озық сот реформасының жүргізілуімен тығыз байланысты. Сол дәуірдегі заң терминологиясында "адвокат" ұғымы 1864 жылы пайда болды, алайда тіпті кеңестік дәуірдің өзінде 1939 жылға дейін қолданыстағы заңнамада пайдаланылған жоқ. Адвокаттар алқасы сияқты адвокатура қызметінің ұйымдық-құқықтық нысанына келсек, ол еш уақытта да дамыған демократиялық елдегідей (АҚШ, Германия, Франция және т.б.) қоғамдық-құқықтық маңыз бен корпоративтік бірлікке еш уақытта да және бүгінгі күнге дейін ие болған жоқ.

1864-жылғы сот жарғыларымен (Сот ұйғарымдарын белгілеу туралы Жарғы; Азаматтық сот ісінің Жарғысы; Татуластырушы судьялар қолданатын жазалар туралы Жарғы) төлтума және тиімді сот төрелігі жүйесі құрылды.

1864-жылғы 20-қарашада Билік етуші сенаттың Жарлығымен бекітілген Сот ұйғарымдарын белгілеу туралы Жарғы адвокатураны Ресейдің жаңа заң мекемесі етті.

Патша самодержавиесы кезінде адвокаттық қызметтің дамуы мемлекеттің азаматтық қоғамының жаңа тәуелсіз



институттарын – кәсіби адвокаттық бірлестіктерді құруға рұқсат ету ниетінің жоқтығымен тежелді, I Петрден бастап (ол оларды "өсекші, ұрылармен және суайттармен ымыралас" деп атады, "өздерінің қажетсіз бос дәлелдерімен судьяның басын қатырады және істі тез бітірудің орнына оны бос сөзділікпен ұзаққа созады") I Николайға дейінгі барлық императорлар батыстық үлгідегі адвокаттық корпорацияны Ресей империясында құруға табандылықпен қарсы күресті.

Сот жүйесінің реформасына дейін қорғау институты нақты міндеті, мақсаты мен мүддесі бар қандай да бір ресімделген және ұйымдасқан қоғамдық топ бола алмады. Бұның үстіне олардың өкілдерінің тиісті кәсіби білімі, өзінің ұйымдық құрылымы мен атауы болған жоқ. Бірнеше ғасыр бойында адвокаттардың міндетін жеке адамдар – делдалдар (стряпчий) немесе ходатайлар атқарды. Олардың міндеті заңмен реттелмеді, соған орай оларға қомақты талап қойылмады (арнайы білімнің болуы және т.б.) Әдеттегідей, олардың міндеті кейбір құжаттарды (қағаздарды) жазып-тасумен шектелді, тіпті 1832 жылы присяжной делдалдар (стряпчий) институтының құрылуы да өз қызметінің жіктік сипатына орай Ресейдің сан алуан әлеуметтік жіктерінің өкілдеріне сот пен басқа мекемелерде олардың мүддесін қорғауға кепілдік бере алмады.

Сот ұйғарымдары мекемесі адвокатура ұйымдарының негізіне қарама-қайшы ереже енгізді, оның мәнісі бүгінгі түсінік тұрғысынан олар өзінің қызмет міндеті мен саласы бойынша қисынға келмейтін құқықтық делдал, шешен және өз клиентінің сенімді өкілі күзiреттерiн қоса атқарды.

Адвокаттар екі санатқа бөлінді: присяжной (алқа) сенімділері-адвокаттар – кәсіби ант беретін корпорация және адвокаттық қызметпен жеке дара айналысатын жеке сенімділер. Сот палатасы жанынан присяжной сенімділері мүшелерінен сайланатын присяжной сенімділерінің кеңесі құрылды. Олардың міндетіне жекелеген адвокаттар қызметіне бақылау және басқа да іс-әрекеттер кірді. Присяжной сенімділері кеңесінің қызметіне жоғарғы қадағалау Сот палатасы мен билік етуші сенатқа жүктелді.

Присяжной сенімділері корпорациясының өзін-өзі басқаруы ретінде сот палатасы жанынан присяжной сенімділері кеңесі жұмыс істеді. Олар лауазымдары сайланбалы төрағадан, жолдастар төрағасынан және кеңес мүшелерінен тұрды. Кеңеске

сайлау жай КӨПШІЛІК дауыспен әрбір лауазымға жеке жүргізілді. Кеңес бұрынғы құрам есебінен кейін жыл сайын присяжной сенімділерінің жалпы жиналысында қайта сайланды.

Кеңес өз қызметін әртүрлі бағыттар бойынша жүргізді. Ол присяжнойлық сенімділерді қабылдады және босатты, тәртіптік практика жүргізді, присяжной сенімділер арасында "тегін" істер бөлді, олардың арасындағы дау-дамайды реттеді, ол өз шешімін жай көпшілік дауыспен қабылдады.

Сөйтіп, присяжнойлық адвокатура сайланбалы органдар түріндегі және жоғарғы сот орындарының сырттай қадағалауындағы өз-өзін басқаруға біріккен присяжнойлық сенімділер сословиесы дейтін – ерікті кәсіп адамдарының корпорациясы – присяжной-лық сенімділер кеңесі қылмыстық істер бойынша қорғаумен, азаматтық процесте тараптарға өкілдік етумен қатар (оның ішінде сот тағайындауы бойынша) адвокаттарға, кедейлер үшін тегін консультация беруді қоса алғанда, халыққа заң көмегін көрсету жүктелді.

Сот ұйғарымдары мекемесі туралы Жарғымен жаңа қоғамдық-құқықтық институтқа қатаң талаптар қойылды. Онда присяжной сенімділердің құқықтары, міндеттемелері мен жауапкершілігі нақты көрсетілді. Бұл үшін қажетті шарттарға сай келген және белгіленген тәртіппен адвокаттар корпорациясына қабылданған адамдар ғана присяжной сенімділері бола алды.

Осы нормативтік құқықтық талаптар екі санатқа бөлінді – оң (бола алатын) және жағымсыз (бола алмайтын).

Сот ұйғарымдары мекемесі туралы жарғысының 354-бабына сәйкес 25 жасқа толған, жоғары заң білімі және сот ведомствосының шенеунігі немесе присяжной сенімдісінің көмекшісі ретінде бес жыл сот тәжірибесі бар адам ғана присяжной сенімдісі бола алатын.

355-бапта кімдердің присяжной сенімдісі бола алмайтындығы ашық көрсетілді: 1) 25 жасқа толмағандар; 2) шетелдіктер; 3) қарызын төлей алмайды деп жарияланғандар; 4) жалақысыз құрметті немесе қоғамдық лауазымдағы адамдарды қоспағанда, үкіметте немесе сайлау бойынша қызметте тұрғандар; 5) сот үкімі бойынша дәулет құқығынан айыруға немесе шектеуге ұшырағандар, сондай-ақ дін сотының үкімі бойынша діни мәртебеден айырылған дін қызметшілері; 6) теріс әрекеттері үшін тергеуде болғандар және осындай қылмыстары мен теріс

әрекеттері үшін сот үкімімен ақталмағандар; 7) қызметтен сот бойынша немесе діни мекемеден әшкереленгендігі үшін я болмаса қоғам арасынан дворян жиналысынан өздері жұмыс істеген қоғамдардың үкімдері бойынша шығарылғандар; 8) сот бойынша басқа істер жөнінде жүріп-тұруына тыйым салынғандар, сондай-ақ присяжной сенімділері қатарынан шығарылғандар.

Бұл арада присяжной сенімділері кеңесінің сол уақыттың өзінде-ақ қабылдау туралы мәселені шешкен кезде бұл адам туралы барлық мүмкін мәліметтер негізінде үміт-кердің адамгершілік қасиеттері туралы дәйектерді басымдылыққа алғандығын атап өту қажет.

Сот ұйғарымдары мекемесінде присяжнолық сенімдінің қызмет атқаруға кіру тәртібі анықталды, оған төмендегі талаптар кіреді: қабылдау және тіркеу. Присяжнолық сенімділерді қабылдау кеңеске тәуелді болды; оның шешімі – присяжной сенімділері корпорациясына негізгі тіркеу актісі. Кеңестердің бірі өтініш берушіні қабылдаудан бас тартқан жағдайда, бұл тұлғаны сол мәліметтерімен басқа кеңес қабылдай алатын. Формалды құқық қабілеті шарттарына негізделген қабылдаудан бас тарту туралы кеңес анықтамасы үшін сот палатасына, бұдан кейін Билік етуші сенатқа шағым жасауға болатын. Алайда тұлғаның адамгершілік тұрғыдан бағалануына негізделген қабылдамау туралы кеңес анықтамасы шағымдануға жатқан жоқ. Жазу формалды сипатта болды, оны присяжной сенімділері қатарына осы тұлғаны қабылдау туралы кеңес анықтамасының негізінде сот палатасы жүргізді, жазу процесіне округ присяжной сенімдісінің тізіміне қабылданған адамның тегін енгізу, кеңес берген куәлікке қол қою және оны қабылдау туралы жарияланым кірді.

Присяжнолық сенімдіні оның еңбегі үшін көтермелеу оның сенімдісінің және клиентінің жазбаша келісімімен анықталды; осындай келісім болмаған кезде көтермелеу әділет министрі белгілеген арнайы бағамен анықталды (тек азаматтық істер үшін). Көтермелеу көлемін анықтау кезінде негізгі өлшем ретінде талап бағасы қызмет етті, алайда бұл жағдайда талап бағасының өсуімен пайыз азайды: талапкер сенімдісі өзіне тиесілі төлемнің төрттен бірін, ал сенімді жауапкер үштен бірін алды.

Присяжной сенімдісі қабылдаған анттарда кәсіптік міндеттемелер көрсетілді, антта ол заң мен адвокаттың абыройын қатаң сақтауға міндеттенді, ал кеңестер оның дәл орындауын бақылауға тиіс болды.

Присяжнойлық сенімділер қызметі тек бір округте жүргізілді, өйткені Сот ұйғарымдары мекемесінің 356-бабы бойынша өздері тіркелген сот палатасындағы округтегі калалардың бірінде тұрақжай таңдауға тиіс болатын.

Присяжнойлық сенімдінің міндетіне өзіне тапсырылған істің тізімін жасау (бағам қолданысына жататындар, сондай-ақ жатпайтындар) және оны присяжной сенімділері кеңесіне талап еткен бойда тапсыру кірді.

355-баптың 4-тармағында присяжной сенімдісінің тұрақты қызметте отыру құқығының жоқ екендігі көрсетілді, өйткені бұл оның қызметін шектеуге және мемлекеттік органдар мен шенеуніктерге тәуелділікке алып келер еді.

Қазақстанда патшалық жүргізген жоғарыда аталған сот реформасының отаршылдық сот органдарында қарастырылған сот істері үшін мәні болды.

Ал қазақ қоғамында қорғау институтының белгілі бір тарихи дәстүрлері болды. Бүгінгі күндері қазақ құқығының белгілі қайнарларында қазақтардың сот төрелігі рәсіміне қорғаушылардың тікелей қатысатындығы анық көрсетілмесе де, Ресей империясы отарлағанға дейін бүгінгі Қазақстан аумағында айрықша қорғау институтының болғандығы туралы тұжырым жасауға болады.

Солай болса, да қазақ қоғамына Ресей империясының басқа заңдары сияқты присяжной сенімділері институтының кіруі өте баяу жүрді. Бұл 1867-1868 жылдардағы реформалар барысында өзінің ұлттық және жергілікті ерекшеліктерін ескере отырып нақты мәселелерді шешкен билер соты мен қазылар сотының сақталғандығымен және ішінара отаршылдық міндеттер мен мақсаттарға бейімделгендігімен түсіндіріледі. Дау-дамайды шешу кезінде билер соты ғұрыптық құқық пен шарифат қағидаларын, ал қазылар соты тек шарифат тәртіптерін басшылыққа алды, алайда соңғысы қазақтарда исламның жеткіліксіз ықпалынан және басқа да белгілі жәйттардан (қазақтардың шаруашылық және әлеуметтік салтының ерекшелігі, ғұрыптық құқық-әдептің үстем болуы, Ресей мемлекетінің саясаты және т.б.) қанат жая алмады.

Облыстық басқармалар соғыс және уездік соттарға жатпайтын барлық азаматтық және қылмыстық істерді қарады. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген актілермен негізі қаланған адвокаттық қызмет негіздері белгілі бір деңгейде заң күшіне ие болды және ара-тұра қазақ қоғамының сот төрелігіне енгізілді.

XIX ғасырдың аяғындағы Қазақстандағы сот құрылысы 1886 және 1891 жылдары Түркістан және Дала өлкелерінің басқармалары туралы қайта бекітілген Ережелерге сәйкес жүзеге асырылды. 1898 жылғы сот реформасы адвокатура қызметін реттеуді және қызметінің құқықтық негізін қарастырды. Мысалы, 1898 жылғы 2-маусымдағы "Уақытша ережелердің" 24-бабында адвокаттық қызметті жүргізуге куәлікті округтік соттардың беретіндігі қарастырылды. Осы куәлік адвокаттық практиканы бітімгершілік соттарда да жүргізуге құқық берді. Осы куәлікті алған тұлғалар 75 рубль көлемінде алым төлеуге тиіс болды. Бұл соманың жартысы мемлекет қазынасына, ал қалған жартысы жергілікті земстволық қаражатқа айналды.

Кенестік саяси жүйе орныққаннан кейін адвокатура айтарлықтай өзгеріске ұшырады.

Айыптау мен қорғау міндеттері уақыт өте айқынырақ ажыратылды.

1918 жылғы 30-қарашадағы халық соты туралы ережемен айыпталушыға немесе азаматтық процеске қатысатын талаптар мүдделеріне қатысты істегі барлық жәй-жапсарды барынша толық қамту үшін сотқа жәрдемдесуге жұмысшы және шаруа депутаттары Кеңестері уездік атқару комитеттерінің жанынан (уездік қаланы қоса алғанда) және жұмысшы және шаруа депутаттары Кеңестері губерниялық атқару комитеттерінің жанынан қорғаушылар, айыптаушылар және азаматтық процескегі тараптар өкілдерінің алқасы құрылуға тиіс болды.

Алқа мүшелерін жұмысшы және шаруа депутаттары Кеңестерінің атқару комитеттері 1918 жылғы 10-шілдедегі РСФСР Конституциясы 64-бабының талаптарын қанағаттандыратын тұлғалар құрамынан Кеңес Республикасының барлық лауазымды тұлғалары үшін ортақ негізде сайлады. Алқа мүшелері Кеңес Республикасының лауазымды тұлғалары сияқты Әділет халық комиссариаты сметасы бойынша халық соттары үшін белгіленген көлемде жалақы алды.

Қаралатын қылмыстық іс бойынша айыптаушының өтінішімен қорғаушыны процеске алты халық заседателімен қатысуға тарту міндетті болды. Қалған қылмыстық істерде қорғаушыны жіберу туралы мәселені өкімдік немесе сот отырысында сот анықтады.

Қорғаушылар алқасының ұйымдастырылуын жақсарту жөніндегі бірқатар шараларға қарамастан, соңғысының қызметі өзіне жаңа мемлекет қойған талаптарға жауап бере алмады. Сондықтан 1920 жылғы 21-қазандағы халық соты туралы Ереже қорғаушылар алқасын таратты

және сот қорғауының жаңа нысанын белгіледі. Сот органдарымен қорғаушы ретінде осы міндетті атқаруға қабілетті азаматтар тартылды (олар негізінен кеңес өкіметіне берілген немесе жақтаған адамдар еді), бұл үшін аудандық, қалалық және уездік атқару комитеттері Әділет халық комиссариаты нұсқаулығында белгіленген тәртіппен ерекше тізімдер жасады.

Қорғаушы міндетін атқара алатын азаматтар 1920-жылғы 23-қарашадағы сотта айыптау мен қорғауды ұйымдастыру туралы Нұсқаулыққа сәйкес жасалынған тізімге енгізілді. Қорғаушы міндетін атқаруға тартылған тұлғалар қызмет атқаратын барлық мекемелер оларды қызметтен қажет мерзімге босатуға міндетті болды. Олардың жұмыс орны бойынша сот отырысына қатысқан уақыты үшін жалақысы сақталды немесе олар тәуліктік ақы – жалпы мемлекеттік қаражаттан сол жер үшін белгіленген жалақының төменгі мөлшерін алды. Аталған тұлғалар қатарынан қорғаушылар жетпеген жағдайда осындай тұлға ретінде әділет бөлімінің жанындағы консультанттар тартылды. Қорғауды ұйымдастырудың осындай нысаны 1922-1924 жылдардағы сот-құқық реформасына дейін сақталынды.

1922-жылғы 26-мамырдағы Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен бекітілген адвокатура туралы Ереже адвокаттық қызметті тікелей реттейтін алғашқы нормативтік құқықтық акті бола отыра, адвокатураны алғашқы рет еңбекшілерге азаматтық дауларды шешу кезінде заң көмегін және қылмыстық сотта қорғауды қамтамасыз ету мақсатында құрылған, өзін-өзі басқаратын ұйым ретінде анықтады. Әділеттің губерниялық бөлімдері жанынан қылмыстық және азаматтық істер бойынша қорғаушылар алқасы құрылды. Алғашқы құрамдағы қорғаушылар алқасының мүшелерін Әділеттің губерниялық бөлемдерінің ұсынысы бойынша губерниялық атқару комитеттері бекітті. Бұдан әрі алқаға мүше қабылдауды алқа төралқасы жүргізді, олар алқаға жаңа мүшелерді қабылдаудан бас тарту құқығы берілген губерниялық атқару комитетінің төралқасына қабылдау туралы хабарлап отырды. Қорғаушы алқасының мүшелері мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда қызмет жасай алмайтын.

Қорғаушы еңбегін төлеу мына негіздер бойынша жүргізілді:

а) халық сотының ерекше қаулысымен тұрмысы нашар болып табылған адам қылмыстық және азаматтық істердің қорғаушыларына сыйақының кез келген түрінен босатылды;

б) мемлекеттік және жеке кәсіпорындарының жұмысшылары және кеңестік мекемелер мен кәсіпорындарының қызметшілері Әділет халық комиссиариаты белгіленген кесімді баға бойынша қорғаушылар қызметін төлеуге құқылы болды;

в) қалған барлық жағдайда қорғаушы сыйақысы мүдделі тараптардың онымен келісімі бойынша анықталды.

Қорғаушылар алқасының қорына қорғауындағылар өз сыйақысынан Әділет халық комиссиариаты белгіленген пайыз аударымын енгізді, бұл қор алқа төралқасын ұстау және заң консультациясын ұйымдастыру жөніндегі барлық шығындарды жауып отырды.

Қорғауға, қорғаушы алқасының мүшелерінен басқа айыпталушының немесе жәбірленушінің жақын туысқандары, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың және олармен тең дәрежеде Бүкілресейлік Кәсіптік Одақтар Орталық Кеңесінің (ВЦСПС), Бүкілресейлік Тұтынушылар Қоғамы Орталық Одағы мен басқа кәсіптік және қоғамдық ұйымдардың өкілетті өкілдері жіберілді. Басқа тұлғалар өндірісінде осы іс жатқан соттың ерекше рұқсатымен ғана жіберілді.

Қазақстандағы кеңестік адвокатураның қалыптасу процесі объективтік және субъективтік қиыншылықтарға тап болды. Ең алдымен, білікті және даярланған кадрлар жоқ болатын. Екіншіден, көптеген сот қызметшілері, Әділет халық комиссариаты мен өзге құқық қорғау органдарының басшылары адвокатураға жатырқай қарады. Олар кеңестік сот өзінің пролетарлық табиғатынан қателеспейді және кез келген істі өз бетінше шешуге қабілетті деп санады. Ең соңында, қоғамда адвокатураны патша билігінен қалған мұра, күні өткен институт ретінде және т.б. санаған пікір қалыптасты.

Қырғыз (Қазақ) АССР Кеңестерінің алғашқы құрылтай съезінде 1920 жылғы 6-қазанда "ҚАССР еңбекшілері құқығының Декларациясы" қабылданды, онда былай делінді: "Халықтық әділетті Кеңестік Ресейдің Халықтық Революциялық Сотының тәжірибесімен дәлме-дәл сәйкестендіре, қырғыз халқының тұрмыстық ерекшеліктерін осы декларациямен белгіленген еңбекшілер құқығының негізгі қағидаларына қайшы келмейтін тұстарымен санаса отыра құру қажет". Съезд "Кеңестік әділетті ұйымдастыру туралы" қарарында әділет органдарын жергілікті

жерлерде консультациялар және соттық қорғау түрінде халыққа тегін заң көмегін ұйымдастыруға міндеттеді. Құқық көмегін жүзеге асыру үшін съезд партия, кәсіподақ және қоғамдық ұйымдардың жауапты қызметкерлерін тартуды ұсынады. Әділет кадрларын даярлау үшін заң курстары ашылды.

Қорғауды ұйымдастыру мәселесіне 1921 жылғы 8-сәуірдегі ҚАССР Орталық Атқару Комитеті (ЦИК) Декретімен бекітілген Қырғыз автономиялы Социалистік Республикасының халық соты туралы Ережесінің арнайы бөлімі арналды. Онда 1920 жылғы 21-қазандағы РСФСР халық соты туралы Ереженің кейбір баптары сол қалпында қайталанды. Мысалы, 43-49-баптарда сот органдары қорғаушылар ретінде осы міндетті атқаруға қабілетті азаматтарды тарта алатындығы көрсетілді. Халық соты айыптаушы іс бойынша сөйлеген кезде немесе бұл туралы қамауда отырған айыпталушы өтінсе, қорғаушыны жіберуге немесе тағайындауға міндетті болды. Халық соты айыпталушы тұрған ұйымның (кәсіподақтың, зауыт комитетінің және т.б.) осы мақсат үшін іс сапармен келген мүшелерін, сондай-ақ айыпталушының жақын туысқандарын қорғауға жіберетін. ҚАССР Әділет халық комиссариатының жанынан үш адамнан тұратын халыққа заң көмегін көрсету жөніндегі бюро құрылды.

Адвокатураны ұйымдастырудағы қиындықтарға қарамастан республикада мүмкіндік шегінде адвокат кадрларын даярлау жүргізілді. Осылайша, 1936-жылы адвокаттар алқасында 141 адам болды. Сол жылы алқа қызметкерлерінің алғашқы бүкілқазақстандық съезі шақырылды, онда халыққа заң көмегін жақсарту жөніндегі адвокатура міндеттері анықталды.

30-40-шы жылдары қылмыстық істер бойынша (әсіресе саяси істер бойынша) қорғау қызметінің ұтымдылығы бірқатар белгілі себептер бойынша төмендеді. "Одақтас республикалардың қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне өзгерістер енгізу туралы" 1934-жылғы 1-желтоқсандағы КСРО (СССР) орталық Атқару Комитетінің (ЦИК) Қаулысы өте жағымсыз роль атқарды. Онда террористік ұйымдар мен террористік актілер туралы істер бойынша сот жүргізудің ерекше тәртібі белгіленді: тергеу уақыты 10 күннен аспайтын мерзімде аяқталды, ал айыпталушыға айыптау қорытындысы сот істе қаралғанға дейін бір тәулік бұрын тапсырылды; айыптаушы мен қорғаушының сотқа қатысуы тоқтатылды; кассациялық шағым жасауға және кешірім



жасау туралы өтініш беруге рұқсат етілмеді. Кейіннен 1937-жылғы 14-қыркүйектегі КСРО (СССР) Орталық Атқару Комитетінің (ЦИК) Қаулысымен осы тәртіп контрреволюциялық зиянкестіктер және диверсиялар туралы істерді қарауға қатысты белгіленді.

1936-жылғы КСРО (СССР) Конституциясы қабылданғаннан кейін 1939-жылғы 16-тамызда КСРО ХКК (СНК СССР) бекіткен жаңа Адвокатура туралы Ереже қабылданды. Нақ осы ереже адвокатураның кеңестік құқықтық жүйедегі орнын түпкілікті анықтады және адвокаттар алқасы Әділет халық комиссариатының мекемелерінің біріне айналып, оның нұсқауларын қатаң орындап отырды.

Осы ережеге сәйкес адвокаттар алқасы өлке, облыс, автономиялы және одақтас республикалар шектерінде құрылды. Тек өлкелік (облыстық) бөлініс жоқ республикаларда ғана одақтас республикалар шектерінде ұйымдастырылды.

Мына тұлғалар адвокаттар алқасының мүшесі бола алады: жоғары заң білімі бар; кемінде 1 жыл, сот, прокуратура және әділеттің басқа органдарында практикалық жұмыс өтілі бар заң мектептерін бітіргендер; заң білімі жоқ, алайда аталған лауазымдарында кемінде 3 жыл істегендер. Заң мектебін бітіріп, алайда сот, прокуратура және әділеттің басқа органдарында практикалық жұмыс өтілі жоқ тұлғалар адвокат алқасына тағылымдамадан өтушілер ретінде қабылданды. Алқаның басқару органдары мыналар болып табылды: адвокаттар жалпы жиналысы, облыстық, өлкелік және республикалық адвокаттар алқасы мен тексеру комиссиясы. Адвокаттар барлық жұмысын заң консультациясында жүргізді. Адвокаттар алқасына жалпы басшылық КСРО Әділетінің одақтық, республикалық халық комиссариаттарына және олардың жергілікті органдарына жүктелді. Оларға алқалар ісіне кедергісіз араласуға және оған басшылық етуге мүмкіндік беретін ауқымды өкілеттіктер берілді.

Ұлы Отан соғысы жылдары адвокатура әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелеріне, соғыс мүгедектеріне заң көмегін көрсетуге баса назар аударды.

Соғыстан кейінгі мерзімде біздің республикадағы адвокатура жұмысының ұйымдық нысандары өзгеріссіз қалды: алқа қызметіне жалпы басшылықты Қазақ ССР Әділет халық комиссариаты, ал тікелей басшылықты сол алқалардың сайланбалы органдары – төралқалар жүргізді. Алайда, адвокатурада білікті мамандар тапшылығы өткір сезілді, оның

материалдық базасы нашар болды, оның қызметкерлерінің қызметін құқықтық тәртіптеуде елеулі кемшіліктер орын алды. Алда адвокатураны нығайту, оның ұйымдық нысанын жетілдіру, беделін көтеру міндеті тұрды.

1950-60 жылдары Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанындағы заң комиссиясының төрағасына адвокаттар алқасы жиналысымен қатар алқа төралқаларының төрағаларына тәртіптік жаза қолдану құқығы берілді. Басқа республикаларда бұл мәселе сол уақытта тіпті Адвокатура туралы ережелермен де реттелген жоқ. Бұл мәселе осы күнге дейін үлкен күдік пен алшақтық туғызып келеді. Өйткені, кейде алқа төралқаларының төрағаларына немесе олардың орынбасарларына қатысты соттар мен өзге мемлекеттік органдардың жеке анықтамалары және ақпараттары келіп тұрады. Адвокатураға мемлекеттік басшылықтың нысаны ретінде төралқаны тарату қарастырылды, одан кейін жаңа құрам сайлануға тиіс болатын.

1977-жылы кеңестік заңнама тарихында КСРО Конституциясында алғаш рет адвокатураның құқықтық жағдайы бекітілді (161 бап). Сөйтіп, мемлекет ресми деңгейде адвокатураны конституциялық орган, ал адвокатты сот ісін жүргізу кезінде тікелей қатысушы ретінде мойындады. 1979-жылғы 30-қарашада КСРО-дағы адвокатура туралы Заң қабылданды. Осы нормативтік құқықтық актімен жалпы одақтық көлемде кеңестік адвокатураның ұйымдық және қызмет мәселелері реттелді. Осындай актілерді қабылдау адвокаттар қызметін бірізді реттеуді қамтамасыз ету және сонымен қатар адвокаттар алқасының рөлін көтеру, кейбір мәселелерде адвокаттарға үлкен дербестік беру қажеттігінен туындады. Сонымен қатар адвокатураның мемлекетке тәуелділігі күшейді. Осылайша, адвокаттар алқасы тек жергілікті мемлекеттік органдар мен Әділет министрлігінің келісімімен және мақұлдауымен ғана құрыла алатын, осы органдар алқаның сандық құрамын реттеді, адвокаттың соттағы мінез-құлқын бақылады және т.б.

Ережеде адвокатураның міндеті, адвокатураға мүшелікке қабылдау және одан шығару тәртібі анықталып, алқаның ұйымдық қызметін жетілдіру шаралары қарастырылды және адвокаттық қызметтің кепілдігі тұжырымдалды. Атап айтқанда, мемлекеттік органдар адвокаттың сауалы бойынша заң көмегін көрсетуге

байланысты қажетті құжаттарды заң консультациясы арқылы беруге міндетті болды. Адвокатурадан шығарылған адвокаттар шағымын қараудың соттағы тәртібі қарастырылды. Алқаның басшы органдарын сайлау, өкілеттік мерзімі тәртібінің бірыңғай ережесі белгіленді. Осының барлығы, сөз жоқ, кеңестік сот төрелігі жүйесінде адвокатураның орны мен маңызын көтерді, азаматтар мен ұйымдарға көрсетілетін заң көмегінің сапасын арттырды.

Кеңес қоғамын қайта құру және оңтайландыру дәуірінде, 80-жылдардың екінші жартысында заң саласын қамтыған кооперативтік қозғалыс өрістеді. Барлық жерлерде халыққа ақылы барлық мүмкін заң қызметтерін көрсететін әртүрлі кооперативтік-құқықтық ұйымдар, қауымдастықтар, одақтар және т.б. пайда болды. Құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлері, заңгерлік жоғарғы оқу орындарының және техникумдарының практикалық тәжірибесі жоқ оқытушылары мен түлектері және т.б. осы құқықтық кооперацияларға мүше болды. Іс жүзінде дәстүрлі жұмыс істейтін қорғау институттарына өзіндік бәсекелестік туғызды, оның үстіне 1989 жылғы 30-маусымдағы Қазақ ССР Жоғарғы соты Пленумының "Құқықтық кооператив мүшелерінің қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы туралы" Қаулысына сәйкес жарғыларында азаматтарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға заң көмегін көрсету көзделген құқықтық кооператив мүшелері айыпталушының (сотталушының) қорғаушысы немесе қылмыстық сот ісі процесіне өзге қатысушы және азаматтық сот ісіне азаматтардың, заңды тұлғалардың өкілі ретінде жіберілуі мүмкін.

Осы заңдар қабылданғаннан кейін республика Әділет министрлігі мен адвокаттар алқасының төралқасы прокуратура органдарымен және ПМ (МВД) бірге 1989-1990 жылдардағы ұстау, тұтқындау, айып тағу, қылмыстық ізге түсуді тоқтату санының өсуіне талдау жасады және осы негізде азаматтардың заң көмегіне жүгінуінің ықтимал өсуі болжанды. Осы факторлар адвокаттар санының өсуіне, қылмыстық істі тергеудің алғашқы сатысындағы қорғану құқығы туралы заңды жүзеге асыру бойынша бірқатар шұғыл шараларды қабылдауға және т.б. ықпал етті. Атап айтқанда, барлық заң консультациясында прокуратура және ПМ келісілген кесте бойынша адвокаттар кезекшілігі ұйымдастырылды. Осы заңға сәйкес, жоғары заңи білімі бар, қажетті тәжірибе мен кәсіби дағдыларды алған үміткерлерді адвокатураға қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында халық депутаттары облыстық, Алматы қалалық Кеңестері атқару комитеттерінің әділет басқармалары жанынан біліктілік комиссиялары құрылды.

Комиссия тиісті әділет басқармасы бастығының бұйрығымен және Қазақ ССР Заңгерлер одағы облыстық атқару комитеттері мүшелерінің, заң ғалымдары, тәжірибелі заңгер-практиктер өкілдері ұсынған адвокаттар кіретін адвокаттар алқалары жалпы жиналыстары қаулысымен үш жыл мерзімге құрылды. Комиссия құрамына адвокаттардың кемінде елу пайызы кіруге тиіс болды. Бұл комиссия адвокат атағына үміткер тұлғалардан емтихан қабылдады; үміткердің Ережеде мазмұндалған талаптарға сәйкестілігі туралы мәселені шешті; адвокаттық практикамен шұғылдану құқығына патент берді.

Осы заң адвокат корпусының санының сапалық және сандық өсуіне жағдай жасады, бұл өз кезегінде қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамды қорғауды қамтамасыз етуге (оның ішінде айыпталушының (сезіктінің) нақты адвокат таңдау құқығына) мүмкіндік берді.

Қазақ ССР ҚЖК-і жүзеге асыру кезінде қорғаушының қатысуын, әсіресе сезіктіден алғаш рет жауап алған кезде қамтамасыз ету туралы баптың және осы заңның басқа да ережелерінің әртүрлі себептерге орай бірқатар қиындықтарға кездескендігін атап өткен жөн, олардың арасында: әкімшілік-аумақтық бірліктің шалғайлығы мен көлемі; өңірдегі халықтың аздығы, сондықтан да бір ауданда тек бір адвокаттың ғана болуы; білікті заң мамандарының аздығы; алқа мүшелерінің материалдық мүдделілігінің болмауы (мемлекет адвокаттың орта айлық қорғау ақысының жоғары шегін күнтізбелік жылға есептеп анықтады, бұл мөлшер белгіленген сомадан аспады) және т.б. Сонымен қатар, 1991-жылғы 16-ақпандағы заң қорғаушының қорғауды жүргізуге кедергі келтіретін тәндік және психикалық кемшіліктері бар кәмелетке толмағандар мен сот ісі тілін білмейтін тұлғалар істері бойынша ұстау хаттамасы немесе тұтқынға алу туралы қаулы жарияланған сәттен бастап міндетті қатысуын енгізді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12-ақпандағы Қаулысымен Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы (негізгі бағыттар) бекітілді. Онда республика заң жүйесінің терең дағдарысты өткеріп отырғандығы, оның құқықтық реформалардың нарықтық экономиканың дамуынан, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процесінен, қазіргі парламентаризм және өзге де демократиялық институттардың қалыптасуынан айтарлықтай арта қалуынан ушыға түскендігі атап өтіледі. Осындай жағдайларда мемлекет халыққа құқықтық қызмет, құқықтық көмек саласындағы қызметті

құқықтық реттеуден шет қала алмайды. Реттеудің мақсаты, ең алдымен, құқықтық қызметтер нарығын әрбір азаматқа оның қорғануы үшін конституциялық құқығын жүзеге асыруына кепілдік беретін жоғары сапалы құқық қорғау жұмыстарымен қамсыздандыру болып табылады.

Құқықтық реформаның тұжырымдамалық бағытталуы адвокатура институтының республика құқық қорғау жүйесінде лайықты орын алып, өзін-өзі басқаратын, өзін-өзі қаржыландыратын коммерциялық емес ұйым ретіндегі дербестігін сақтағандығында. Ал бұл үшін адвокат өзінің кәсіби парызын орындауға қатысты іс жүргізу құқықтары мен міндеттемелерін алуға тиіс.

Сөйтіп, адвокатура шын мәнінде мемлекеттің қажетті қоғамдық-құқықтық институтына айналды, бұны адвокаттар еңбегінің рөлі мен беделінің артуы айғақтайды.

Алайда адвокаттың сот ісінің кез келген сатысында бәсекелестік, тұлғаға қол сұқпаушылық, абырой мен беделді құрметтеу кінәсіздік презумпциясы, заң көмегі мен қорғау құқығын алу принципімен қамтамасыз етілуі тұрғысында процеске толыққанды қатысушы болғандығы туралы айтуға әлі ертерек.

## **5 дәріс. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ**

1995-жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы барлық қолданыстағы заңдарды реформалау қажеттігін туғызды, бұған, атап айтқанда, 1997-жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" Заңының қабылдануын дәлел ретінде тілге тиек етуге болады.

Адвокатура жағдайы мен адвокаттың құқықтық мәртебесінің әртүрлі мемлекеттерде бірдей еместігі белгілі. Бұл тек қоғамда, елде және заңнамада қандай құқықтық режим және тұлғалардың жағдайы, олардың құқықтары мен бостандықтарының қандай күйде екендігіне ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің құқықтық жүйесі мен ұлттық дәстүрлерге және оның экономикасына да байланысты.

Адвокатура туралы заңнамада болған өзгерістер адвокатура қызметін жетілдіру мәселелеріне байланысты қазіргі жағдайдағы адвокатура қызметіне өзге көзқарасты талап етті; нақтырақ айтқанда: адвокаттың сот ісіне катысуы кезінде туындаған мәселелерді толық және жан-жақты зерттеу; ҚР заңнамасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу бойынша даярлық; заң көмегінің төлемі мен республикалық бюджет қаражаты есебінен қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығындарды өтеу және т.б. Қазіргі уақытта адвокатура қызметін реттейтін негізгі заң жоғарыда аталған арнайы заң болып табылады, онда адвокаттық қызметтің төртібі мен мазмұнын және осылардан туындайтын құқық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар біріктіріліп жүйеленген.

Бұл заң ҚР Конституциясы мен құқықтық реформалардың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қабылданды. Онда Конституция негізінде қабылданған нормативтік құқықтық актілердің ережелері; бұның алдында жинақталған практикалық тәжірибе; жетекші қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері ескерілді. Адвокатура қызметінің негізгі бағыттары:

- жеке адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасы Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

- қылмыстық істер бойынша қорғауды, азаматтық, әкімшілік және өзге істер бойынша өкілдік етуді жүзеге асыру жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастыру;
- заңдарда тыйым салынбаған заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету.

Осыған сәйкес адвокатура қызметі:

1. адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі;
2. адвокаттық қызметті заңдарда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру;
3. заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, соттар, анықтау және алдын ала тергеу органдары, басқа мемлекеттік органдар, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдар тарапынан адвокаттардың қызметіне араласуға жол бермеу;
4. кәсіби мінез-кұлық нормаларын және адвокаттық құпияны сақтау принциптеріне негізделеді.

Заң мазмұнын құрайтын бүкіл нормативті материал 4 тарау мен 34 бапқа (баптар, өз кезегінде тараудан, тармақ пен тармақшадан тұрады) мына ретпен жүйеленген:

- ◆ жалпы ережелер;
- ◆ адвокаттың мәртебесі;
- ◆ адвокаттық қызметті ұйымдастыру;
- ◆ қорытынды және өтпелі ережелер.

Алайда қолданыстағы заң өзінің бүкіл маңыздылығына қарамастан әрі қарай жетілдіруді қажет етеді. Ол тек ұйымдық мәселелерге ғана емес, сондай-ақ жалпы заңдық базаның жетілмеуімен де байланысты, атап айтқанда, адвокаттың анықтау, тергеу, прокуратура және сот органдарымен өзара қатынас тәртібін дәлме-дәл реттелуі жоқ. Халықаралық ынтымақтастық саласында ҚР Адвокаттары одағының құқықтық мәртебесі мен жағдайы анықталмаған.

Осылайша, заңда заң көмегінің түрлері саналмаса да "адвокатура" және "заң көмегі" терминдерінің анықтамасы жоқ. "Адвокаттар алқасының" да дәл ұғымы берілмеген. 9-бапқа сәйкес адвокаттық қызметпен шұғылданғысы келгендер аттестациялық комиссияға біліктілік емтиханын тапсырғаннан кейін және оның ұсынысымен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі лицензия береді.

Адвокаттар санының төмендеуі сонымен қатар азаматтар мен заңды тұлғаларға қызмет көрсетуге байланысты нарықта адвокаттық қызметке қатысы жоқ заң қызметі түрлерінің пайда болуымен түсіндіріледі. Ақылы заңи көмек заңи көмек көрсету құқығының лицензиясы, әдеттегідей, формалды – біліктілік емтихандарын тапсырусыз беріледі.

Жеке тұлғалар адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң көмегін көрсету үшін лицензия алуға төмендегілер болған жағдайда өтініш жасауға құқылы:

- жоғары заң білімі туралы Қазақстан Республикасы білім мекемесінің дипломы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында не қатысушысы Қазақстан болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген тәртіп пен жағдайларда Қазақстан Республикасында мойындалатын жоғары заң білімі туралы шетел мемлекеті білім мекемесінің дипломы. Бұл жағдайда жоғары заң білімі туралы шетел мемлекеті білім мекемесінің дипломы бар адам диплом берген мемлекеттің заңнамасы бойынша консультация түрінде ақылы заң көмегін көрсетуге құқылы;
- Қазақстан Республикасының аумағында кемінде екі жыл заң мамандығы бойынша жұмыс өтілі;
- жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы құжат.

Осындай қызмет көрсететін тұлғалардың адвокаттардан жалғыз айырмашылығы тек олардың қылмыстық сот ісіне қатысу құқығы жоқ. Алайда практикада судьялар мен сот отырысының хатшылары лицензияларды мазмұны мен сыртқы түрін ажырата алмай, оларды қылмыстық процестегі қорғаушы құқығымен жібере салады, ал бұған мүлдем жол беруге болмайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық азаматтардың бостандықтары мен заңды мүдделерін кәсіби қорғау құқығымен қамтамасыз ету принципі баянды етті. "Адвокаттық қызмет туралы" Заңның 4-бабы қылмыстық істер бойынша кәсіби қорғауды тек адвокаттар ғана жүргізетіндігін ерекше атап көрсетеді.

Процестерді жүргізуші органдардың тағайындау бойынша адвокаттар көрсететін заң көмегі төлемінің көлемі "Адвокаттық қызмет туралы" Заңмен белгіленгендігі баршамызға аян.

1999-ж 26-тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты



шығыстарды өтеудің ережелері" N1247 Қаулысымен тұрақты және жеткілікті жалақысы жоқ тұрмысы нашар азаматтар білікті заң көмегіне мұқтаж болған кезде ҚР ҚДЖК 71-ші және АЖКК 114-баптарындағы тәртіппен анықталған адамдар санаты мүддесін қорғау жөніндегі адвокаттар қызметін республикалық бюджеттен қаржыландыру қарастырылды. Олар, әдеттегідей, кәмелетке толмағандар, зейнеткерлер, мүгедектер, көпбалалы және жүкті әйелдер, жұмыссыздар мен өзге де тұрмысы нашар азаматтар.

Жалпы, Заң мен заңнама адвокаттар өз қызметінде тап болатын мәселелерді толық шешкен жоқ. Атап айтқанда, ҚР ҚДЖК-нің 74-бабы 2-тармақшасында және 14-бабы 3-тармағының 5-тармақшасында көзделген (іске жіберілген сәттен бастап өзі қорғайтын тұлғамен, олардың санын, уақытын шектеусіз не құпиялықтың, сақталу жағдайында оңаша кездесуі адвокат құқықтары қылмыстық процесті жүргізуші жекелеген тұлғалар тарабынан ұдайы бұзылуда, осы қызметкерлер заңнама талаптарын елемей, кейде қасақана және қисынсыз себептер бойынша адвокаттың өзі қорғайтын адаммен кездесуіне кедергі жасайды. 1999-жылғы 30-наурыздағы Қазақстан Республикасының "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Заңының 17-бабы осы ережені орнықтырып, оны айтарлықтай кеңейтті. Онда "қорғаушы ретінде іске қатысушы адвокатқа оның адвокатураға қатыстылығын айғақтайтын құжатты және осы іске адвокаттың қатысу құқығы үшін заң консультациясы берген ордерді немесе маңызы бойынша оған теңестірілген құжатты көрсетуі бойынша жолығуға жіберетіндігі" анық айтылған, алайда, өкінішке орай, арнайы мекеме қызметкерлері үшін бірден бір құжат тергеуші немесе судьяның рұқсаты ғана болып табылады.

Адвокаттардың, олар қорғайтын тұлғалар құқығының ұдайы бұзылуы, құқық қорғау органдардың пайдалы пікір сайысына қатысу ниетінің жоқтығы, бірқатар өзге де мәселелер Қазақстанның жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуына кедергі келтіреді. Бұл құқықтық немқұрайлылық пен азаматтардың мемлекеттің өзі жариялаған принциптерін жүзеге асыру қабілетіне сенбеуін туғызады, азаматтардың қорғану және білікті заң көмегін алудағы конституциялық құқықтарын кемсітушілікке алып келеді.

Нарықтық экономиканың дамуы, құқық жүйесін реформалау, жаңа нормативтік актілерді қабылдау және басқа да көптеген жайттар заңдарды терең білу мен оның дұрыс қолдануды талап етті. Осының бәрі адвокатураның алдына жаңа міндеттер мен мәселелерді қойды. Әңгіме бұл жерде әр түрлі қызмет салалары бойынша адвокаттарды бұдан әрі мамандандыру туралы болып отыр. Оның үстіне, қазір адвокаттар алқасында тиісті мамандар баршылық. Мысалы, Батыста "жәй ғана адвокат" дегенді түсінбейді. Оларда ажырасу, ауыр дене жарақатын салу туралы істерге маманданған адвокаттар бар, кеңестік қызметтерді көрсететін адвокат, салық және кеден мәселелері, корпоративтік құқық, бизнесті заңмен қамсыздандыру жөніндегі адвокаттар бар.

Адвокаттар қызметін мамандандыру туралы мәселе, өкінішке орай, қолданыстағы "Адвокаттық қызмет туралы" Заңда орын таппаған, ал бұл мәселе оны күнделікті практикаға енгізу мақсатында адвокаттар алқасында талай рет қойылып талқыланған. Ақиқатында адвокаттарды мамандандыру процесінің қазір жүріп жатқандығын айта кеткен жөн, алайда заң көмегінің дербес түрі ретінде тамырын тереңге жайған жоқ.

Сонымен, адвокатураның даму деңгейі – бұл адам мен азаматтың құқықтарын және бостандықтарын заңмен қамсыздандырудың нақты өлшемі. Заңнама құр сөз болып қалмай, адвокатураның тәуелсіздігі мен үлкен абыройына кепілдік беруге, оның қызметіне, заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, сот, анықтау және алдын ала тергеу органдары, басқа мемлекеттік органдар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, өзге ұйымдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан араласушылыққа жол бермеуге тиіс.

Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" Заңы азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау мен жүзеге асыру мақсатында заң көмегін көрсету кепілдігі болып табылады.

## **6 дәріс. АДВОКАТТАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ НЫСАНДАРЫ**

*Адвокаттар алқасы және олардың құрылу тәртібі.*  
Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны адвокаттар алқасы болып табылады. 1997-жылғы 5-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" Заңының 20-бабына сәйкес адвокаттар алқасы жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, осы заңда белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

Адвокаттар алқасы коммерциялық емес, өйткені ол мүшелікке негізделген, негізгі мақсаты ретінде кіріс алмайтын және өз мүшелері (құрылтайшылары) арасында алынған таза табысты бөліспейтін және адвокаттар қорғау ақысының аударымдары есебінен ұсталатын ұйым. Алайда адвокаттар алқасы коммерциялық ұйым емес ретінде кәсіпкерлік қызметпен шұғылдана алады, өйткені бұл оның жарғылық мақсаттарына сай келеді (баспа қызметін жүзеге асыру, бұқаралық ақпарат құралдарын құру және т.б.). Бұл жағдайда кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс адвокаттар алқасы мүшелері арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

Адвокаттық қызмет шегінде адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет емес. Адвокаттар қорғау ақысы – бұл кіріс емес, еңбек үшін төлем.

Адвокаттар қызметі жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және өзара қарым-қатынасында олардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін білікті заң көмегін көрсетуге бағытталған. Заңда көзделген жағдайларда адвокаттар заң қызметін тегін көрсетеді.

Адвокаттар алқасының тәуелсіздігі оның қызметіне, заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, сот, анықтау және алдын ала тергеу органдары, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, өзге ұйымдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан араласуға жол берілмейтіндігінде.

Алқаның кәсібилігі – оның тек адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған тұлғалардың құратындығында. Алқаға мүшелікке Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, жоғары заң білімі, адвокаттық қызметті жүргізу құқығына лицензиясы

бар тұлға қабылданады. Лицензияны тестілеу жолымен біліктілік емтихандарының нәтижесі бойынша Аттестациялық комиссия ұсынысы негізінде Әділет министрлігі береді. Жеткіліксіз біліктілік салдарынан адвокат өзінің кәсіби міндеттемесін атқаруы мүмкін емес жағдайда лицензия қайтып алынуы мүмкін. Кәсіби міндеттемесін атқаруы мүмкін еместігін анықтау мақсатында олардың кәсіби білімінің, құқықтық мәдениетінің және адвокаттық әдеп нормаларын сақтаудың деңгейін анықтау үшін адвокаттар алқасы бес жылда бір рет адвокаттарға аттестациялауды жүргізеді. ҚР ҚДЖК-нің 71-бабында көзделген жағдайда қылмыстық істі жүргізуде қорғаушы ретінде адвокат әрекет етеді, бұл туралы адвокаттар алқасы үшін міндетті қаулы шығарылады.

Өзін-өзі басқарудың мәнісі алқаның ұйымдастырылуы мен қызметіне, оның ішінде мүшелікке қабылдау, сандық құрам, мүшелікті тоқтату, тәртіпті жауапкершілік және мүшеліктен шығару туралы шешімдерге қатысты барлық күнделікті мәселелердің шешімін дербес қабылдау құқығында жатыр. Бұл адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы), төралқа және тексеру комиссиясы сияқты басқару органдарының болуынан көрінеді.

Өзін-өзі қаржыландырудың мәнісі адвокаттар алқасы бүкіл қызметінің, әдеттегідей, алқа мүшелерінің жеке қаражаты есебінен жүргізіліп тұрғандығында. Осы қаражаттардың құралу көздері мүшелік және кіру жарналары, ерікті мүлкітік жарналар мен садақалар, демеушілік және қайырымдылық көмегі және заңда тыйым салынбаған өзге де көздер болып табылады.

Қазақстан Республикасының адвокаттар алқасы республикалық әкімшілік-аумақтық бөлініске негізделіп отыра, аумақтық принцип бойынша құрылады.

Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты қажет емес. Осылайша, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына сәйкес әр адамның білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі. Мемлекет тұлғаны бір уақытта қылмыстық жауапкершілікке тарта да, және қорғай да алмайды. Азамат пен ұйымның мүддесін қорғау және білдіру адвокаттар алқасының нысанында әрекет ететін, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларынан, саяси партиялардан, қоғамдық бірлестіктер мен өзге ұйымдардан тәуелсіз адвокатура сияқты қоғамдық-құқықтық институттың міндеті болып табылады. Нақ осы міндет кәсіби заңгерлердің ұйымы ретінде

адвокаттар алқасына жүктеледі. Қылмыстық істер бойынша кәсіби қорғауды тек адвокаттар ғана жүргізеді. Облыс, республикалық маңыздағы қала, астана аумағында адвокаттар алқасы болмаса, ол адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығына мемлекеттік лицензиясы бар кемінде он құрылтайшының бастамасымен құрылады.

Адвокаттар алқасы оны құру жолымен де, сондай-ақ жұмыс істеп жатқан адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру нәтижесінде де құрыла алады.

Адвокаттар алқасы – бұл Қазақстан азаматтарының жай ғана ұйымы емес, адвокаттық қызметпен шұғылданатын тұлғалардың нақтылы кәсіби ұйымы. Соңғысы адвокаттық қызметті кез келген тұлға емес, тек жоғары білімі бар және заң мамандығы бойынша тиісті жұмыс өтілі бар маманның жүргізе алатындығына негізделген.

Адвокатура ұйымының еріктілік принципі оның қызметінің ұжымдық нысанымен ажырағысыз байланысты. Сондықтан да адвокаттар алқасының ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша коммерциялық емес ұйым бола отыра, бүгінгі күндері адвокаттар қызметінің тарихи қалыптасқан ұжымдық нысаны ең қолайлы және демократиялық болып саналғандығынан және санала беретіндігінен қоғамдық бірлестік ретінде анықталатындығы туралы көзқарастың бар екендігі кездейсоқ емес.

Адвокаттар алқасы заңды тұлға болып табылады, оның қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының өзге заң актілеріне, сондай-ақ адвокаттар алқасы Жарғысы мен Жалпы жиналысы (конференциясы) шешімдеріне негізделеді.

Адвокаттар алқасының жеке балансы, ұлттық және шетелдік валютадағы банктік есеп шоты, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атаулары көрсетілген мөртаңбалары мен бланкілері, сондай-ақ үлгілері заңда көзделген тәртіппен бекітілетін және тіркелетін нышандары (рәміздері) бар.

Адвокаттар алқасына жүктелген негізгі міндеттер алқа мүшелеріне олар адвокаттық қызметті жүргізген кезде жәрдемдесу, кәсіби көмек пен қорғау болып табылады. Адвокаттар алқасының міндеті: алқа қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету; адвокаттық қызметтің жүргізілуіне кәсіби бақылауды ұйымдастыру; алдын ала тергеу мен сот органдарының тағайындауы бойынша тегін заң көмегін көрсетуді және қорғауды ұйымдастыру; қажетті жағдайларда заң консультацияларын құру.

Жарғы – адвокаттар алқасының құрылтай құжаттары болып табылады, онда осы ұйымның құқықтық жағдайын реттейтін тәртіптер жиыны белгіленеді. Коммерциялық емес ұйымның кез келген Жарғысы сияқты ол мыналарды қарастыруға тиіс:

- 1) адвокаттар алқасының атауы, қызметінің мәні мен мақсаты;
- 2) адвокаттар алқасының орналасқан жері;
- 3) адвокаттар алқасының құрылымы, оның органдарын құру тәртібі және құзыреті;
- 4) адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
- 5) адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау және одан шығару тәртібі мен шарттары;
- 6) адвокаттар алқасы мүлігінің құралу негіздері;
- 7) адвокаттар алқасының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;
- 8) адвокаттар алқасының қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттары;
- 9) адвокаттар алқасы тараған жағдайда мүлікті пайдалану тәртібі;
- 10) адвокаттар алқасы бөлімшелері мен өкілдіктері туралы мәліметтер.

Бұлардан басқа, адвокаттар алқасының жарғысы мүшелікті тоқтату тәртібін, заң консультацияларын құру тәртібі мен қызметін, мүліктің құралу көздерін және оларға иелік ету тәртібін, мүшелік жарналарды төлеу тәртібін, адвокаттардың тегін заң қызметін көрсету тәртібін, соттың анықтау мен алдын ала тергеу органдарының тағайындау бойынша заң көмегін адвокаттар арасында бөлу тәртібін, адвокаттарға аттестациялау жүргізу тәртібін, адвокаттар алқасы мүшелері мен адвокаттардың тағылымдамадан өтушілердің тәртіптік жауапкершілігі және оған тарту тәртібін, адвокаттың лицензиясын кері қайтарып алу тәртібін мазмұндауға тиіс.

Адвокаттар алқасы өз жарғысында қарастырылған қызметті, сондай-ақ өз қаражаты есебінен құрылған ұйым үшін, заң актілеріне сәйкес коммерциялық емес ұйымдарға тиесілі бола алмайтын жекелеген мүлік түрлерін қоспағанда, материалдық қамсыздандыру үшін қажетті нысанды, меншігінде немесе мүлікті жедел басқаруында ұстай алады.

Адвокаттар алқасы мүлігінің құралу көздері ақшалай және өзге нысандарда мыналар болып табылады:

- кіру және мүшелік жарналар;
- ерікті мүліктік жарналар мен садақалар;

- тегін берілген мүлік;
- демеушілік және қайырымдылық көмек;
- заңда тыйым салынбаған өзге де түсімдер.

Алқа меншік иесі ретінде жарғылық мақсаттарына жету үшін заңнамада, адвокаттар алқасының жарғысында және Жалпы жиналыс (конференция) шешімдерінде белгіленген тәртіппен өзіне тиесілі мүлікті қалауынша пайдаланады және иелік етеді.

Алқа мүлігіне, негізгі қаражатты қоспағанда, адвокаттар алқасының жарғысында және Жалпы жиналыс (конференция) шешімдерінде белгіленген тәртіппен алқа төралқасы иелік етеді,

Адвокаттар алқасының мүшесі алқа мүлігіне меншік құқығын алмайды. Алқа өз мүшелерінің қарыздары мен міндеттемелері бойынша, ал адвокаттар алқа қарыздары мен міндеттемелері бойынша мүліктік жауапкершілік көтермейді.

Адвокаттар алқасының қызметі Жалпы жиналыстың шешімі немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша доғарылады. Доғарылу оны қайта ұйымдастыру немесе тарату нысанында жүргізіледі. Қайта ұйымдастыру, қосу, бірігу, бөлу, ажырау, қайта құру нысанында және заңнамада көзделген өзге нысандарда жүргізіледі. Ол Жалпы жиналыстың шешімі бойынша, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда сот органдары арқылы жүргізіледі. Адвокаттар алқасы қайта пайда болған алқаны мемлекеттік тіркелген сәттен бастап қосылу нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, қайта ұйымдастырылған болып саналады.

Адвокаттар алқасы ерікті (Жалпы жиналыстың шешімі бойынша) және ҚР Азаматтық Кодексінде, Қазақстан Республикасының "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" заңында және өзге заң актілерінде көзделген негіздер мен тәртіптер бойынша мәжбүрлі таратылуы (сот шешімі бойынша) мүмкін. Жалпы жиналыстың шешімі бойынша тарату кезінде тарату комиссиясы тағайындалады, оған алқа мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттік көшеді және ол ҚР Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" заңына сәйкес тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді.

Адвокаттар алқасын тарату кезінде кредиторлар талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік өзге адвокаттар алқасына немесе осындай мақсаттарды ұстанатын ҚР Адвокаттар одағына берілуі мүмкін.

Адвокаттар алқасы барлық қоғамдық ұйымдар үшін ортақ ұйымдық принциптер негізінде, алайда адвокатураға тән және оның міндеттерінен туындаған ерекшеліктерді ескере отырып құрылады.

Осы принциптердің негізгі сипаттамасы демократиялық болып табылады, ол сондай-ақ адвокатураны ұйымдастыруда және қызметінде көрінеді. Олар:

- заңдылық;
- алқаға кірудің және одан шығудың еріктілігі;
- ізгіліктік, адам мен азаматтың құқықтарын және еркіндіктерін қорғау;
- жеке, алқалық, қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің орайлы үйлесімі;
- материалдық мүдделілік пен әлеуметтік теңдік;
- ұжымдық басшылық;
- адвокаттар алқасы қызметіндегі жариялылық пен ашықтық;
- алқаның өз бастамасы бойынша заңға қайшы емес кез келген шешімді қабылдауы;
- адвокаттардың алқа өміріне белсенді қатысуы, оның жұмысын еркін және іскерлікпен талқылау;
- алқада басшылық қызметін атқаратын органдар мен тұлғаларды сайланбалы, балама негізде ашық және құпия дауыс беру жолымен сайлау, оларды жүйелі жанарту және адвокаттар алдында тұрақты есеп беру;
- алқа мүшелерінің кәсіби құқықтары мен мүдделерін қорғау және олардың мұқтаждықтары мен сұранымына мұқият зейін қою;
- адвокаттық құпия мен адвокаттың мінез-құлқының кәсіби нормаларын сақтау міндеттемесі;
- адвокаттар алқасы мен оның мүшелерінің соттан, прокуратурадан, анықтау органдарынан, яғни, адвокаттар кәсіби міндетін – айыпталушыны қорғау немесе азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету кезінде жүздесетін органдардан тәуелсіз болуы.

Адвокатураның тәуелсіздігі соттың, прокуратураның, анықтау органдарының адвокаттар алқасының ішкі ісіне араласуына жол бермейтін өзін-өзі басқарумен; адвокаттар алқасының соттың жанынан емес аумақтық принцип бойынша ұйымдастырылуымен; сот пен прокуратураның адвокатураға мемлекеттік басшылық жасау міндетінің жүктелуіне жол бермеушілікпен қамтамасыз етіледі.



Тәуелсіздік алқаның мемлекеттік органдармен өзара ықпалдастығы мүлдем жоқ дегенді білдірмейді. Қазіргі уақытта адвокаттар алқасымен мемлекеттің атқарушы органдары, оның ішінде әділет органдары ынтымастық жасайды. Әділет министрлігінің негізгі міндеттерінің бірі азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті заң көмегі жүйесін ұйымдастыру мен дамыту болғандықтан, ол (министрлік) осы міндеттің шегінде адвокаттар алқасының қызметіне жәрдемдесуге тиіс.

Оның тәуелсіздігі сонымен қатар жеке қаражатының болуымен қамтамасыз етіледі, ол заң көмегін көрсетуден түскен және басқа да көздерден құралады. Осы қаражаттың бір бөлігі адвокат жалақысын төлеуге, ал бір бөлігі алқаның жалпы мұқтажына, яғни, әлеуметтік сақтандыру бойынша жарналарды, азаматтарға көрсетілетін тегін заң көмегін төлеуге, сондай-ақ алқа мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) анықтаған өзге мұқтаждарға жұмсалады.

Сөйтіп, адвокаттар алқасының заңи табиғатын мынадай анықтамамен көрсетуге болады: адвокаттар алқасы азаматтар мен ұйымдарға білікті заң көмегін көрсету мақсатында құрылған мемлекеттік емес, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын кәсіби заңгерлердің ұйымы болып табылады.

**Адвокаттар алқасының органдары және олардың өкілеттігі.** Адвокаттар алқасының жоғары органы алқа мүшелерінің Жалпы жиналысы (конференциясы), оның атқарушы органы – төралқа, бақылаушы органы – тексеру комиссиясы болып табылады.

Жарғыда көзделген жағдайларда адвокаттар алқасында алқа мүшелерінің Жалпы жиналысында (конференциясында) қабылданатын ережелер негізінде іс-әрекет ететін өзге де органдар құрылады.

Жалпы жиналыс (конференция) адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселесін шешуге құқылы. Осылайша 1997-жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" заңының 23-бабына сәйкес Жалпы жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыретіне мыналар жатады: адвокаттар алқасының Жарғысын қабылдау және Жарғыға өзгеріс енгізу туралы шешім қабылдау; төралқаны, төралқа төрағасын, тексеру комиссиясын, тексеру комиссиясының төрағасын сайлау және т.б. оның ішінде адвокаттардың адвокаттар алқасы органдарының басшылары мен қызметшілерінің шешімдеріне шағымдарын қарау.

Жалпы жиналыс (конференция) адвокаттар алқасы төралқасының бастамасы бойынша жылына кемінде бір рет шақырылады. Тексеру комиссиясының немесе алқа мүшелері жалпы санының кемінде төрттен бірінің талабы бойынша алқа төралқасы отыз күннің бойында Жалпы жиналысты (конференцияны) шақыруға міндетті.

Жалпы жиналыс Алқа қызметінің шұғыл мәселелерін жедел шешу мақсатында адвокаттарды өкілеттеу жолымен конференция нысанында өткізілуі мүмкін. Жалпы жиналыс (конференция) алқа мүшелері құрамының кемінде үштен екісі қатысқанда заңды болып саналады. Адвокаттар алқасы мүшелерінің конференциясы адвокаттар алқасының төралқасы белгілеген өкілдік нормасын (әдетте, алқаның 10 мүшесінен бір делегат) ескере отырып шақырылады және оған заң консультацияларынан, адвокат кеңселерінен сайланған делегаттар мен өз қызметін заңды тұлғаны құрмай жеке дара жүргізетін адвокаттардың кемінде үштен екісі қатысқанда заңды болып саналады. Жалпы жиналыс барлық мәселелерді дауыс беруге қатысқан адвокаттардың жәй көпшілік дауысымен шешеді.

Адвокаттар алқасының қызметіне күнделікті басшылық пен бақылау жасау үшін Жалпы жиналыс адвокаттар алқасының төралқасы мен тексеру комиссиясын сайлайды. Осы органдарды сайлағаннан кейін олардың жұмысына бақылау жасау құқығы Жалпы жиналысқа жүктеледі. Осы мақсатта Жалпы жиналыс адвокаттар алқасы органдарының және адвокаттар алқасы басшылары мен қызметкерлерінің қызметі туралы есепті тыңдайды және бекітеді.

Жалпы жиналыс өкілеттіктерінің қатарына бірқатар ұйымдық және қаржылық мәселелер жатады: алқа мүлігіне иелік ету тәртібін белгілеу, еселік есепті көрсеткіш көлемінде есептелетін мүшелік жарналар ставкаларын белгілеу және адвокаттар алқасының қызметіне байланысты өзге де маңызды мәселелер. Бұл мәселелерді шешпей әрбір адвокаттың кәсіби қызметі үшін қолайлы жағдай жасау, адвокаттар беделін ұстаудағы олардың жауапкершілігін көтеру мүмкін емес.

Адвокаттар алқасының *төралқасы* адвокаттар Жалпы жиналысы арасындағы мерзімде іс әрекет ететін атқарушы орган болып табылады. Төралқаны алқа мүшелерінің саны мен жұмыс көлеміне байланысты Жалпы жиналыста анықталған санда адвокаттар алқасының мүшелері Жалпы жиналыста (конференцияда) жасырын дауыспен төрт жыл мерзімге сайлайды. Дауыс беруге қатысқан адвокаттардың көпшілік дауысын алған кандидаттар төралқа құрамына сайланған болып есептеледі. Төралқа құрамынан оның мүшелерінің бірі шыққан жағдайда адвокаттар Жалпы жиналысында қайта сайлау өткізілуі мүмкін.

Адвокаттар алқасының төралқасы сайланғаннан кейін жасырын дауыспен белгіленген құрамнан төраға мен оның орынбасары (орынбасарлары) сайланады. Штаттық лауазымды атқаратын төралқа мүшелері алқа қаражатынан жалақы алады және адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар, олардың жалақысы адвокаттар алқасының мүшелері Жалпы жиналысында анықталған көлемдегі лауазымдық еңбекақыдан және олар көрсеткен заң көмегінен түскен сомалардан тұрады.

Төралқа тұрақты жұмыс істейтін атқарушы орган бола отыра, алқаны басқару үшін өзіне қажетті ауқымды өкілеттіктерді алған. Атап айтқанда, ол алқа қызметінің барлық күнделікті мәселелерін шешеді (жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету бойынша адвокаттар алқасының жұмысын, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегін ұйымдастырады; Жалпы жиналыстың (конференцияның) шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады; Жалпы жиналысты (конференцияны) шақырады; адвокаттар алқасы Жалпы жиналысының (конференцияның) ерекше құзыретіне жатқызылған өкілеттіктерден басқа адвокаттардың кәсіби және өзге де құқықтарын қорғайды және т.б.).

Адвокаттар алқасының төралқасы сонымен қатар адвокаттарды аттестациялау мен олардың кәсіби біліктілігін көтеру жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

Адвокаттарды аттестациялау – бұл адвокаттар алқасының төралқасы ұйымдастыратын заңнама нормалары бойынша адвокаттың білімін тексеру және бағалау, мұнда негізгі өлшем ретінде адвокаттың кәсіби білімі мен дағдылары қызмет етеді.

Адвокаттарды аттестациялаудың негізгі мақсаты біліктілік пен кәсіби білім; құқықтық мәдениет; адвокаттық әдеп нормаларын сақтау деңгейін және өз кәсіби міндеттерін алқа мүшелерінің орындау мүмкіндігін анықтау үшін қажетті басқа да мән-жайларды тексеру болып табылады.

Аттестация төралқа шешімі бойынша бес жылда бір рет өткізіледі. Аттестациялауды жүргізу үшін аттестациялық комиссия құрылады, оның сандық және сапалық құрамы адвокаттардың Жалпы жиналысында (конференциясында) анықталады.

Аттестациялауға арналған сұрақтардың тізбесін мемлекеттік және орыс тілдерінде Аттестациялық комиссия құрастырып бекітеді және төралқа аттестация басталардан екі ай бұрын аттестациядан өтуге тиіс адвокатқа қол қою үшін тапсырады.

Төралқа адвокаттар алқасының мақсаттары мен міндеттеріне қайшы емес өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» заңында көзделген жағдайларда адвокаттар алқасының төралқасына Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің алдына адвокаттық қызметпен шұғылдану үшін берілген лицензияны кері қайтарып алу туралы талап қою құқығы берілген. Бұл жағдайда жеткіліксіз біліктілік салдарынан өз кәсіби міндетін адвокаттың атқара алмау негіздері бойынша адвокат лицензиясын кері қайтарып алу жөніндегі талап ісі тек тиісті адвокаттар алқасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен қозғалады.

Төралқа қызметі ұжымдық басшылық, жариялылық пен ашықтық, адвокаттар алқасы мүшелерінің алдында ұдайы есеп беру, төралқа жұмысына адвокаттарды белсенді тарту негізінде құрылады. Алқа төралқасының жанынан оған көмек көрсететін, қоғамдық негізде жұмыс істейтін органдар құрылуы мүмкін.

Адвокаттар алқасының төралқасы өз отырысын мүшелерінің кемінде жартысы болғанда өтеді. Алқаға қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру, одан шығару мәселелерін ол төралқа құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысқанда ғана қарауға құқылы. Оның шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар теңдігі кезінде талқыланған мәселені қарау төралқаның кезекті отырысына көшіріліп, оған осы отырысқа қатыспаған мүшелер шақырылады. Адвокаттар алқасы төралқасының қаулысын төралқаның өзі не адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысы немесе заңда белгіленген тәртіппен сот қайта қарай алады.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы болып, сайланған күніне дейін кемінде екі жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат сайлана алады.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы Жалпы жиналыста (конференцияда) төралқа мүшелерінің жалпы жиналысында сайланған құрамның жәй көпшілік дауысымен құпия дауыс беру жолымен төрт жыл мерзімге сайланады.

Бұл талаптар адвокаттар алқасы төралқасының төрағасына нақ осы салада үлкен жұмыс өтілі бар және өз жұмысын заңдылықтың демократиялық принциптері, ізгіліктік, жариялылық, ашықтық және өз әріптестеріне құрметпен қарау тұрғысында құра алатын, адвокаттар ұжымында қалыпты адамгершілік-психологиялық ахуалды сақтай

білетін және қажет жағдайда адвокаттарға консультациялық жәрдем көрсететін біліктілігі жоғары және тәжірибелі адвокаттарды таңдауға мүмкіндік береді. Төралқа төрағасы адвокаттар алқасынан жалақы алады, сонымен бірге оның адвокаттық қызметпен айналасуға құқығы бар.

Төралқа төрағасы уақытша болмаған кезде оның міндетін төралқа төрағасының бірінші орынбасары (орынбасары) атқарады.

Тексеру комиссиясы – адвокаттар алқасының бақылау-тексеру органы болып табылады. Тексеру комиссиясы, оның төрағасы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) жиналыс анықтаған санда құпия дауыспен төрт жыл мерзімге сайланады. Дауыс беруге қатысқан адвокаттардың көпшілік дауысын алған кандидат сайланған болып есептеледі. Тексеру комиссиясы құрамынан оның мүшелерінің бірі шыққан жағдайда кезекті жалпы жиналыста белгіленген тәртіппен қайта сайлау өткізілуі мүмкін.

Тексеру комиссиясына адвокаттар алқасының, заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің қаржы-шаруашылық қызметін, сондай-ақ жеке дара жұмыс істейтін адвокаттардың қаржылық қызметін тексеру жүктеледі.

Тексеру комиссиясы адвокаттар алқасының төралқасынан, заң консультацияларының меңгерушілерінен, адвокаттар кеңселерінің құрылтайшыларынан, жеке дара жұмыс істейтін адвокаттардан тексеру үшін барлық қажетті құжаттар мен материалдарды беруді талап етуге құқылы.

Тексеру комиссиясы адвокаттар алқасының, заң консультацияларының қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді жалпы жиналыстың (конференцияның) шешімі, адвокаттар алқасы мүшелері төрттен бірінің талабы мен өзінің жеке бастамасы бойынша жүргізеді.

Адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметін тексеру жылына кеміне бір рет жүргізіледі.

Заң консультацияларының және жеке дара жұмыс істейтін адвокаттардың қаржы-шаруашылық қызметін тексеру адвокаттар алқасы төралқасының шешімі, адвокат кеңселерінің талабы бойынша жүргізіледі. Бұл жағдайда тексеру комиссиясы адвокат кеңселерінің, жеке дара жұмыс істейтін адвокаттардың қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді тек мүшелік жарналардың дұрыс аударылуын бақылау мақсатында ғана жүргізеді.

**Заң консультациясы және адвокаттық қызметті ұйымдастырудың өзге нысандары.** Адвокаттар алқасының мүшесі өз қызметін заң

консультациясы арқылы жүзеге асыруға не дербес немесе басқа адвокаттармен бірлесіп адвокат кеңселерін, сондай-ақ осындай қызметті заңды тіркемей-ақ жүзеге асыруға құруға құқылы.

Адвокаттар алқасының ұйымдық құрылымын алқа төралқасының қаулысымен құрылатын және Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" Заңының, адвокаттар алқасы Жарғысының және алқа жалпы жиналысында (конференциясында) қабылданатын заң консультациялары туралы Ереженің негізінде іс әрекет ететін заң консультациялары құрайды. Заң консультациялары қалалар мен елді мекендердегі азаматтарға және ұйымдарға заң көмегін көрсету жөніндегі адвокаттар қызметін ұйымдастыру үшін құрылады.

Заң консультациялары адвокаттар алқасының құрылымдық бөлімшесі (филиалы) болып табылады және заңды тұлға құқығы жоқ. Өз міндеттерін жүзеге асыру үшін оның мүлігі, мекенжайы, тиісті адвокаттар алқасына жататындығы, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауы көрсетілген мөрі мен мөртаңбасы, сондай-ақ үлгілері заңда көзделген тәртіппен бекітілетін және тіркелетін өзге де белгілері болады.

Заң консультациясы орналасатын жерді елді мекеннің ерекшелігін, тығыздығы мен санын, азаматтар мен ұйымдардың заң көмегіне жүгіну деңгейін, сол аумақтағы адвокат кеңселерінің және жеке дара жұмыс істеуші адвокаттардың бар-жоғын және т.б. ескере отырып, адвокаттар алқасының төралқасы анықтайды.

Заң консультацияларының саны олардың орналасқан жеріне байланысты әртүрлі. Мысалы, селолық жерлерде олардың саны 3-5 адам, әрі қалаларда 20-30 адам, ал Алматыда 40-50 адам болуы мүмкін.

Заң консультациясының негізгі мақсаты мыналар:

- жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және өзара қарым-қатынастарында олардың заңды құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғауға және жүзеге асыруына жәрдемдесу мақсатында заң көмегін көрсету;
- қылмыстық істер бойынша қорғауда адвокаттар қызметін, азаматтық, шаруашылық, әкімшілік және өзге істер бойынша өкілдік етуді ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда тегін заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру;
- адвокатура туралы заңнамаға сәйкес өзінің және басқа да міндеттерді атқарған уақытында адвокаттардың заңды құқықтарын және мүдделерін қорғау мен жүзеге асыру;

- заң консультацияларының жұмысын ұйымдастыру және оның мүшелерінің адвокат мінез-құлқының кәсіби нормаларын сақтауына және олардың адвокаттық қызметті жүзеге асыруына бақылау жасау;
- заң консультациялары мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және ақпараттық-анықтамалық қамтамсыз ету және т.б.

Заң консультацияларына алқа мүшелері қатарынан адвокаттар алқасы төралқасының қаулысымен тағайындалатын меңгеруші басшылық етеді.

Бұл төралқаның, адвокаттар алқасы мүшелері Жалпы жиналысының (конференциясының) ерекше құзыретіне жатқызылған өкілеттіктерді қоспағанда, тұрақты жұмыс істейтін атқарушы орган бола отыра, адвокаттар алқасы қызметінің барлық күнделікті мәселелерін шешетіндігімен байланысты.

Меңгерушінің құқықтары мен міндеттері заң консультациялары туралы ережемен тәртіптеледі. Меңгеруші құзыретіне заң консультациясының қызметін ұйымдастыру; заң көмегін көрсету туралы азаматтармен келісімдерді және кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен, өзге де қоғамдық бірлестіктермен заңдық қызмет көрсету жөніндегі шарттарды жасау; алдын ала тергеу органдары мен соттың талабы бойынша қорғауды жүзеге асыру үшін адвокат тағайындау және т.б.

Заң консультациясының меңгерушісі Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 71, 72-баптарында көзделген жағдайларда тұлғаларды қорғауды уақытында жүзеге асыру мақсатында адвокаттар кезекшілігін ұйымдастырады. Кезекшілік кестесі алдын ала ілінеді, адвокаттар кезекшілігі кестесінің бір данасы тиісті анықтау және тергеу органдарына тапсырылады.

Заң консультациясы меңгерушісінің адвокаттық қызметпен айналысу құқығы бар.

Заң консультациясында штаттық лауазымда отырған алқа мүшелерінің жалақысы адвокаттар алқасының төралқасы анықтаған көлеммен және адвокаттық қызмет үшін түскен сомамен есептелетін лауазымдық еңбекақыдан тұрады.

Адвокат алқасының мүшелері адвокат кеңселерін құруға (ұйымдастыруға) құқылы.

Адвокат кеңсесі – бұл адвокаттардың білікті заң көмегін көрсетуі үшін материалдық, ұйымдық-құқықтық және өзге жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында оның құрылтайшылары (адвокаттар) құрған және қаржыландыратын мекеме нысанындағы коммерциялық емес ұйым.

Адвокаттар алқасының мүшесі (мүшелері) адвокат кеңселерін құрады (ұйымдастырады).

Адвокат кеңсесінің құрылтайшысы (құрылтайшылары) Қазақстан Республикасының азаматы, адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" Заңымен тәртіптелетін шекте кәсіби негізде заң көмегін көрсететін адвокат (адвокаттар).

Адвокат тек бір ғана адвокат кеңсесінің құрылтайшысы бола алады, бұл заң көмегін көрсету саласындағы монополияға жол бермеуге көмектеседі. Бұл жағдайда ол өз қызметін қолданыстағы заңнамамен қатар жарғы негізінде жүргізеді.

Адвокат кеңсесін екі және одан артық адвокат құрған кезде құрылтайлық шарт та кеңсенің құрылтайлық құжаты болып табылады.

Құрылтайлық шарт – бұл құрылтайшылар (адвокаттар) келісімі, онда адвокат кеңсесін құру жөніндегі бірлескен қызметтің тәртібі, өз мүлігін оның меншігіне (жедел басқаруға) беру және оның қызметіне қатысу шарттары, сондай-ақ адвокат кеңсесінің қызметін басқару, құрамынан құрылтайшылардың шығу шарттары мен тәртіптері және ҚР заңнамасына қайшы емес өзге де мән-жайлар анықталады.

Адвокат кеңсесінің жұмыс тәртібін ҚР заңнамасында көзделген талаптарды ескере отырып құрылтайшылар анықтайды.

Адвокаттар кеңсесінің құрылтайшысы (құрылтайшылары) ол тиісті органдарда мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күн мерзімде бұл туралы адвокаттар алқасына жазбаша хабарлауға және оның құзырына адвокат кеңсесінің құрылтайлық құжаттарын тапсырады.

Адвокат кеңсесі мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқығын алады.

Адвокат кеңсесінің мөрі, дербес балансы, банктерде есепшоты, мемлекеттік және орыс тілдерінде атаулары көрсетілген бланкілері, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру үшін қажетті басқа да белгілері бар, олардың үлгілері заңнамада көзделген тәртіппен бекітіледі және тіркеледі.

Адвокаттар кеңсесі әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады. Адвокаттар кеңселерінің иелері мен онда еңбек келісімі бойынша жұмыс істейтін адвокаттарға заң консультацияларында жұмыс істейтін адвокаттардың барлық құқықтары мен міндеттері таратылады.



Адвокаттар алқасының мүшесіне бір уақытта заң консультациясының штатында тұруға және адвокат кеңсесінің иесі болуға немесе онда еңбек шарты бойынша жұмыс істеуге рұқсат етілмейді.

Адвокат кеңсесінде жұмыс істейтін алқа мүшелерінің жалақысы жарғымен және еңбек шартымен анықталады. Адвокат кеңсесін құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты қажет емес, өйткені бұл кез келген адвокаттың адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысандарының бірін, оның ішінде адвокаттық кеңсені таңдау құқығы. Адвокат өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жеке дара жүргізуге құқылы. Мұндай жағдайда ол бұл туралы адвокаттар алқасын хабардар етеді. Хабарламада адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты, оның тұрақты тұратын жері көрсетіледі. Адвокатта қызметтің осы нысаны кезінде банктерде есеп айырысу және өзге де шоттары, адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты, нақты адвокаттар алқасына тиістілігі мемлекеттік және орыс тілінде көрсетілген жеке мөрі және адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығын беретін мемлекеттік лицензияның нөмірі, сондай-ақ мөр таңбалары мен жеке бланктері болады.

Қызметтің осы нысаны кезінде адвокаттарға қаржылық және материалдық қорларды үнемдеу мақсатында ғимаратты (оны жалдауды қоса алғанда), компьютерлерді, осы заманғы техникалық және өзге де байланыс құралдарын (телефондар, факстар, электронды пошта, Интернет және т.б.), көмекші қызметшілерді және т.б. бірлесіп пайдалануға, заңды тұлғаны құру құқығынсыз бірігуге рұқсат етіледі, бұл жағдайда олар банкте ортақ есеп шот, қозғалмайтын және басқа да мүлікті ұстай алады.

Өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жүзеге асыратын адвокаттың артықшылығы – осы арада құрылтайлық құжаттардың талап етілмейпіндігінде. Адвокат тек Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуші ретінде салық органдарында тіркелуге және қолданыстағы ережеге сәйкес қаржы мен салық органдары алдында есеп беруге міндетті. Тіркелген сәттен бастап 10 күннен кешіктірмей ол бұл туралы адвокаттар алқасына жазбаша хабарлауға тиіс. Жеке дара жұмыс істейтін адвокат адвокаттар алқасының мүшесі сияқты мүшелік жарнаны уақытында төлеуге, жарғыда белгіленген тәртіппен шарт бойынша өз қызметі туралы есепті тапсыруға міндетті.

## 7 дәріс. АДВОКАТ – БІЛІКТІ ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУШІ ТҮЛҒА

*Қазақстан Республикасындағы адвокат.* Шетел сөздерінің қазіргі сөздігінде "адвокат" терминіне (лат.advocatus, advoco шақыру, үндеу); 1) консультациялар арқылы кәсіби құқық көмегін көрсететін заңгер, сотта айыпталушыны қорғау және т.б.; қорғаушы; 2) адамды қандай да бір нәрсені қорғау үшін күресуші ретінде анықтама берілген.

1997-жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" заңында адвокаттың жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы заң шеңберінде кәсіби негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы екендігі көрсетілген. Ол тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында құрылған және әрекет ететін адвокаттар алқасының мүшесі болуға тиіс.

Заңнама адвокаттық қызметпен айналысқысы келген тұлғаға қатаң талап қояды. Қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталған, белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған, адвокаттар алқасынан шығарылған, сондай-ақ босатылған күннен бастап бір жыл бойы тәртіптік жағымсыз әрекет жасағаны үшін құқық қорғау органынан босатылған, сондай-ақ лицензиясының қолданылуы заңда белгіленген тәртіппен тоқтатылған адам адвокат бола алмайды.

Кісі алқадан шығарылған, адвокаттық қызметті жүргізу құқығына лицензияны сақтаған жағдайда, ол шығарылған сәттен бастап алты ай өткенше алқаға қайта қабылдануы мүмкін.

Адвокат қызметі тек заң мен адвокаттық әдеп нормалары шегінде ғана тәртіптелмейді. Ол сондай-ақ, қандай да бір ретпен оның енбегінде із қалдыратын сол қоғамдағы жалпы қабылданған мінез-құлық қағидасына сүйенуге тиіс.

Адвокат қызметін сипаттайтын осындай негізгі белгілер:

- кәсіби қызмет адвокаттарды жалпы құндылықтар мен мүдделерге байланысты адамдар қоғамдастығына біріктіреді;
- заң көмегін көрсету мақсатын кіріс табудан жоғары қою;
- білікті заңгерлік білім мен практикалық тәжірибе;
- жоғары кәсіби әдеп.

Бұл жерде кәсіпқойлық, біліктілік, тәжірибе және бейіммен қатар сенім, ар-ождан, абырой, бедел сияқты адамгершілік категориялары да негізгі өлшем бола алады. Сондықтан адвокат болмысы келген адам, азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету барысында заң талаптарына да, моральдық принциптерге де сай болуға тиіс.

Лицензия ретінде қызметтің белгілі бір түрімен шұғылданатын немесе белгілі бір іс-әрекетпен айналасатын адамға құзырлы мемлекеттік орган беретін рұқсат түсініледі.

Адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығын беретін лицензия – бұл Аттестациялық комиссия шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі лицензиясында көрсетілген адамға осы қызметпен шұғылдану үшін беретін рұқсатнама.

Лицензия адвокаттар алқасында үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде тағылымдамадан өткен адамдарға олар аттестаттаудан өткен жағдайда беріледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өту ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Лицензиялық алым аттестациядан табысты өткен жағдайда лицензия алғанға дейін енгізіледі. Адвокаттық қызметті лицензиялау жөніндегі лицензиялық алым мөлшерлемесі алты айлық есептемелік көрсеткішке теңеледі.

Аттестаттаудан өтпестен адвокаттық қызметпен айналысуға, лицензия алуға:

- 1) Қазақстан Республикасы Әділет біліктілік алқасында біліктілік емтиханын тапсырған адамдардың;
- 2) тұрақты судьялардың және өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңды бұзғаны үшін судья қызметінен босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдардың құқығы бар.

Прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кемінде он жыл жұмыс істеген прокурорлар, тергеушілер мен анықтаушылар, жағымсыз себептер бойынша босатылған адамдарды қоспағанда, адвокаттар алқасында тағылымдамадан өткеннен кейін емтихан тапсырудан босатылады.

Аттестацияға жіберу үміткердің жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі. Аттестацияға жіберу туралы өтініш сонымен қатар лицензия беру туралы өтініш болып табылады.

Аттестациялық комиссияның құрамын ҚР Әділет министрлігі жасақтайды. Аттестациялық комиссияның құрамына ҚР әділет органдары, ҚР Адвокаттар одағы, Республикалық нотариалдық палатасы өкілдері, ҚР Парламенті қос палатасы депутаттары мен заңгер-ғалымдар қатарынан 7 адам кіреді. Комиссияны Қазақстан Республикасы әділет вице-министрі басқарады.

Көрсетілген тәртіптерге сәйкес үміткерлерге жоғары талап белгілейді. Аттестация сатылы екі кезеңде өткізіледі:

- 1) тест өткізу жолымен үміткерлердің қолданыстағы заңнама туралы білімін тексеру;
- 2) әңгіме өткізу жолымен үміткерлердің кәсіби білімі мен практикалық дағдыларының деңгейін анықтау.

Тесті бойынша өту балының шегі 70 баллдан кем емес болып белгіленді.

Аттестация компьютерлік тестілеу түрінде өтеді. Құқықтың 14 саласы бойынша 1500-ден астам сұрақты қамтыған базадан кездейсоқ сандар әдісімен әрбір үміткер үшін 100 сұрақ іріктеледі. Әдіс әрбір ізденуші үшін жеке ұсынылған сұрақтардың қайталануын болдырмайды. Ол 90 минуттың бойында 100 сұраққа жауап беруге тиіс. Егер ізденуші кемінде 70 сұраққа дұрыс жауап бере алса, тест өткізілген болып саналады. Білімнің осы бақылауынан сәтті өткен жағдайда үміткер комиссия мүшелерімен әңгімелесуге жіберіледі. Ізденушінің тілегі бойынша емтихан не мемлекеттік, не орыс тілінде өткізіледі.

Адвокаттық қызметпен шұғылдануға үміткер адамдарды аттестациялау, әдеттегідей, өтініштердің түсу ретімен жүргізіледі. Алайда, жеңілдіктерге орын берілді: өңірлерде адвокаттар жоқ немесе жетіспеген жағдайда үміткерлер кезектен тыс шақырылады.

Аймақтарда тұратын адамдардың және адвокаттық қызметпен шұғылдану үшін лицензия алу құқығына үміткерлер аттестацияға жіберу туралы өтініштерін әділеттің тиісті аумақтық басқармаларына бере алады.

Тестілеу нәтижесі бойынша Комиссия аттестация өткізілгеннен кейін келесі күннен кешіктірмей белгіленген нысан бойынша аттестациялау немесе аттестацияламау туралы дәлелді шешім шығарады.

Лицензия бас және тұрақты болып бөлінеді және оның күші Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралады. Бас лицензия нақты жеке тұлғаға адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығын, ал

тұрақты – қолданылу уақыты мерзімін шектеусіз жүргізу құқығын беретіндіктен осылай аталады. Лицензия күші Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралады, өйткені бұл, тұлғаның адвокаттар алқасының мүшесі бола отыра, оның орналасқан жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, сондай-ақ, одан тысқары жерлерде, егер бұл берілген тапсырманы орындау үшін қажетті болса және тиісті мемлекеттердің заңнамасы мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қайшы келмесе, қандай да бір шектеулерсіз адвокаттық қызметпен айналысу құқығына ие екендігін білдіреді.

Лицензия беруден лицензиялау туралы заңнамада көзделген негіздер бойынша бас тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заң актілерінде көзделген жалпы негіздерден басқа, адвокаттың лицензиясын кері қайтарып алу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің талап-арызы бойынша:

- 1) адвокат өз кәсіби міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары мен нормаларын, адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметі принциптерін өрескел не бірнеше рет бұзған;
- 2) адвокаттың қасақана қылмыс жасағаны үшін ақтамайтын негіздемелер бойынша оған қатысты қылмыстың қудалау тоқтатылған;
- 3) адвокат қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталған;
- 4) адвокатқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- 5) адвокат әрекет қабілеті жоқ немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;
- 6) адвокат хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе ол қайтыс болды деп жарияланған;
- 7) адвокат Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған;
- 8) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайларда сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Лицензияны кері қайтарып алу лицензияның қолданылуын тоқтатуға әкеп соғады. Қазақстан Республикасының Әділет министрі тиісті сот шешімінің негізінде лицензияның қолданылуын тоқтату туралы бұйрық шығарады.

Лицензиясының қолданылуы тоқтатылған адам, тиісті сот, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы қабылданған шешім туралы хабардар етіледі.

1997 жылғы 5-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" заңына сәйкес адвокат лицензияның күшін тоқтата тұру:

- 1) адвокат мемлекеттік қызметке тұрған;
- 2) ол Парламент депутаты болып сайланған (тағайындалған);
- 3) міндетті мерзімді әскери қызметте болған;
- 4) мүшелік жарналарды ұдайы төлемегендігі үшін адвокат адвокаттар алқасы мүшелігінен шығарылған кезде;
- 5) алқа Жарғысында көзделген өзге жағдайларда.

Адвокат көмекші ұстай алады. Адвокаттың көмекшісі – бұл заң консультацияларында, адвокат кеңселерінде немесе заңды тұлғаны тіркемей адвокаттық қызметпен жеке дара айналысатын, адвокатта еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс істейтін, адвокаттың нұсқауы бойынша және оның жауапкершілігімен белгілі бір тапсырманы орындайтын адам.

Кез келген адам біліміне қарамастан адвокат көмекшісі бола алады. Олар заң консультацияларында, адвокат кеңселерінде немесе заңды тұлғаны тіркемей адвокаттық қызметпен жеке дара айналысатын адвокатта еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс істейді.

Адвокат көмекшілері адвокаттың нұсқауы бойынша және оның жауапкершілігімен белгілі бір тапсырманы орындауға құқылы. Олар, әдеттегідей, азаматтарды адвокаттың қабылдауына жазу, іс-қағаздарын жүргізу, нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық сипаттағы құжаттарды тігу, олардың көшірмесін алу, компьютер мен ұйымдық техникада жұмыс істеу сияқты қосымша және техникалық іс-әрекеттер және т.б. Көмекші адвокатқа есеп береді, оның жұмысының саны мен сапасы адвокаттың ай сайынғы есебіне кіруге тиіс.

Адвокат көмекшісінің еңбегі адвокат есебінен төленеді. Көмекші жалақысы шартпен анықталады және заңнамада белгіленген ең төменгі айлық жалақыдан кем болмауға тиіс.

Адвокаттар тағылымдамадан өтушілерді ұстай алады. Жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары адвокаттың тағылымдамадан өтушілері бола алады. Қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталған, заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектелген деп танылған, тәртіптік теріс қылығы үшін құқық органдарынан шығарылған адамдар адвокаттың тағылымдамадан өтушілері бола алмайды.

Тағылымдамадан өтушілер үш айдан бастап бір жылға дейінгі мерзімде тағылымдамадан өтеді.

Тағылымдамадан өтуге тікелей басшылықты және тағылымдамадан өтушіге қажетті көмекті көрсетуді адвокаттар алқасы мен тағылымдамадан өтуші арасында жасалатын шарт негізінде кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар білікті және тәжірибелі адвокаттар қатарынан алқа төралқасы тағайындалған жетекші жүргізеді.

Тағылымдамадан өтуші тағылымдамадан өту үшін жағдай жасауды талап етуге құқылы. Тағылымдамадан өтушілердің қылмыстық сот ісіне қатысуға құқығы жоқ, ал анықтау және тергеу органдарында керісінше тергеу ісі жас және тәжірибесіз мамандарға тапсырылады, сондай-ақ сотта мемлекеттік айыптауды жоғары оқу орынын жаңа ғана бітірген жас маман жүргізеді. Сонымен қатар ҚІЖК-і қорғаушы ретінде айыпталушының (сезіктінің) жұбайын (зайыбын), жақын туысқандарын немесе заңды өкілдерін жоғары білімсіз жібере алады. Тағылымдамадан өту институты мәселелерінің мәні осыдан-ақ анық көрініп тұр. Адвокаттың тағылымдамадан өтушісі: қолданыстағы заңнаманы оқып-үйренуге; өз кәсіби деңгейін көтеруге; заң консультациясында немесе адвокат кеңсесінде белгіленген ішкі тәртіп қағидаларын сақтауға; адвокаттық әдеп тәртіптерін сақтауға; өз міндетін атқару кезінде белгілі болған мәліметтерді жарияламауға; тағылымдамадан өту барысында істеген жұмысы туралы алқа төралқасы алдында есеп беруге міндетті. Тағылымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс мерзімі заң мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі.

Тағылымдамадан өту мерзімі аяқталған бойда тағылымдамадан өтушінің жетекшісі төралқаға тағылымдамадан өту жоспарының орындалғандығы туралы есепті және дербес жұмысқа осы адамның даярлық деңгейі туралы пікір мазмұндалған мінездемені тапсырады.

**Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау тәртібі.** Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" заңымен анықталады, осы заңға сәйкес адвокаттар алқасына мүшелік міндетті болып табылады.

Лицензия алған және адвокаттық қызметпен айналысқысы келген адам өз таңдауы бойынша адвокаттар алқасына мүшелікке кіруге және "Адвокаттық қызмет туралы" заңның шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсетуге міндетті. Алқа мүшелігіне қабылдауды адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады. Өтініш адвокаттар алқасының төралқасына оны берген адамның қатысуымен өтініш түскен сәттен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралады (есептеу өтініш түскен сәттен бастап жүреді).

Адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығының лицензиясы бар және адвокаттар алқасының Жарғысы мойындалған жағдайда алқаға қабылдаудан бас тартылуға жол берілмейді. Адвокаттар алқасы санының шектеулілігі туралы желеумен де қабылдаудан бас тартылмайды.

Адам алқадан шығарылған, алайда адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығының лицензиясын сақтаған жағдайда ол адвокаттар алқасынан шығарылған сәттен бастап алты ай өткен соң қайтадан қабылдануы мүмкін. Оған осы мерзім ішінде адвокаттық қызметпен айналысуға рұқсат етілмейді.

Жоғарыда көрсетілген талаптардың бұзылуына байланысты қабылдаудан бас тартуға мүдделі адам адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тарту туралы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап сотқа бір ай мерзімде шағымдана алады.

Қажетті білімдер мен кәсіби дағдылары бар адамды алқа мүшелігіне қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында дербес, тәуелсіз мекеме болып табылатын Әділет аттестациялық комиссиясы құрылған және жұмыс істейді.

Аттестациялық комиссия адвокаттық қызметпен шұғылданғысы келген адамның өтініші бойынша аттестация өткізеді және шешім шығарады, осы ұсыныс негізінде Әділет министрлігі тиісті лицензия береді.

Тестіге енгізілген заң пәндерінің және сұрақтардың тізбесін Комиссия құрастырып бекітеді.

Аттестацияны Комиссия ай сайын өткізеді. Адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығына үміткер адамдар Комиссияға ҚР Әділет министрлігі кеңсесі арқылы өзін аттестацияға жіберу туралы өтініш жолдайды.

Өтінішке мына құжаттар қоса тіркеледі:

- 1) фотосуреті жапсырылған жеке іс парағы;
- 2) соңғы жұмыс орнынан үміткердің кәсіби білімінің бағасы, оның іскерлік және адамгершілік қасиеттері сипатталған мінездеме;
- 3) жоғары заңгерлік білімі туралы дипломның нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) еңбек кітапшасының немесе заңгерлік мамандығы бойынша жұмыс өтілін растайтын өзге құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) үміткер өз қолымен жазған өмірбаян;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе төлқұжатының ксерокөшірмесі;



- 7) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден алынған медициналық анықтамалар;
- 8) соттылығының және қозғалған қылмыстық істің жоқтығы туралы анықтама;

Қызметкерлер, сондай-ақ, құқық қорғау органдарынан шығарылған адамдар қажетті құжаттармен бірге заңгерлік мамандығы бойынша өтілін растайтын қызмет тізімінен алынған көшірме үзіндіні қоса береді.

Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың ұсынған құжаттарын тиісті рәсімдеу тәртібіне қойылатын талаптар мынадай: жеке парақта барлық бағандар толтырылуы тиіс, фотосурет аталған парақтың арнайы белгіленген орнына желімденуі тиіс; мінездемеге мөр, күні және шығыс нөмір қойылып, үміткер жұмыс істейтін не жұмыс істеген ұйымның бірінші басшысы немесе басшысының орынбасары қол қоюы тиіс; өмірбаян күні және үміткердің қолы қойылып, еркін нысанда қолмен жазылуы тиіс; наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден алынатын медициналық анықтамалар үміткердің тұратын жері бойынша берілуі тиіс; соттылығының және қозғалған қылмыстық істің жоқтығы туралы анықтаманы бүкіл республика бойынша мәліметтерді көрсетіп, үміткердің тұрған жеріндегі аумақтық ҚСАО (Құқықтық статистика және ақпарат орталығы) беруі тиіс; заңгерлік мамандығы бойынша өтілін растайтын қызмет тізімінен алынған көшірме үзіндіні оны берген кадр қызметі куәландырылуы тиіс.

Үміткер құжаттарды бір данада ұсынады және Әділет министрлігінің кеңсесіне оларды берген күннен бастап 6 ай ішінде қолданылады. Аталған мерзім біткен соң өтініш қараусыз қалдырылады, ал құжаттар ӘАК-ның қызметін қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелерге қайтарылуға жатады.

Аттестация нәтижесі бойынша Әділет министрлігі он күннің ішінде шешім қабылдайды: адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру туралы; немесе осы лицензияны беруден бас тарту туралы.

Мемлекеттік лицензияны беру туралы шешім әділет министрінің бұйрығы түрінде рәсімделеді. Осы лицензияны белгіленген тәртіппен алған адам адвокаттар алқасына кіруге құқылы.

Адвокаттар алқасына мүшелік адвокаттың отбасылық, жеке немесе өзге сипаттағы жағдайы туралы өтініші негізінде тоқтатыла тұруы мүмкін. Бұл адвокаттың мемлекеттік қызметке тұрған, Парламентке

депутат болып сайланған (тағайындалған), мерзімді міндетті әскери қызметте болған, мүшелік жарналарды ұдайы төлемегендігі үшін адвокаттар алқасынан шығарылған кезде, алқа жарғысында көзделген өзге жағдайларда, сондай-ақ лицензиялау туралы заңнама актілерінде көзделген басқа негіздер бойынша лицензия күшінің тоқтатылатындығын білдіреді.

Мүшелікті тоқтата тұру жоғарыда аталған мән-жайлар бойынша адвокаттың адвокаттар алқасының мүшесі ретіндегі құқықтары мен міндеттерінің уақытша доғарылатындығын білдіреді. Алқаға мүшелік тоқтатылған кезінде адвокат осы әрекетті тудырған іс мән-жайына байланысты мүшелік жарналарды толық немесе бір бөлігін төлеуден адвокаттар алқасы ұйғарымымен босатылуы мүмкін.

Адвокаттар алқасына мүшеліктің доғарылуы адвокаттарды алқадан шығару жолымен жүзеге асырылады. Адвокаттар алқасының төралқасы адвокаттарды мына жағдайларда шығарады:

- 1) адвокаттық қызметпен айналысу құқығының лицензиясы кері қайтарып алынған немесе күші тоқтаған;
- 2) адвокат өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары мен нормаларын бірнеше рет бұзған;
- 3) жеткіліксіз біліктілігі салдарынан өз кәсіби міндетін атқара алмайтындығы анықталған;
- 4) мүшелік жарналарды ұдайы төлемеген;
- 5) кәсіпкерлік қызметпен, сондай-ақ өзге ақылы қызметпен шұғылданған;
- 6) өз еркі бойынша;
- 7) алқа Жарғысында көзделген өзге жағдайларда, олардың арасында:
  - Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққанда, бұл жағдайда осы адамның адвокаттық қызметпен айналысу құқығы лицензиясының күші тоқтатылады, ал адвокаттар алқасының төралқасы осы адвокаттың мүшелігін оны адвокаттар алқасынан шығару жолымен доғарады;
  - "Адвокаттық қызмет туралы" заңның 11-бабында көзделген негіздерде лицензия күші тоқтағанда;
  - адвокатты белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танығанда;
  - адвокат қасақана қылмыс үшін сотталғанда;

- Жалпы жиналыста (конференцияда) бекітілген адвокат әдебінің тәртібі бұзылғанда.

Адвокатураны ұйымдастыру және қызметінің принциптері мен өз міндеттерін жүйелі немесе бірнеше рет өрескел бұзғандығы үшін, сондай-ақ жеткіліксіз біліктілігі салдарынан өз кәсіби міндетін атқара алмайтындығының анықталуына байланысты адвокаттар алқасынан шығарылған адамнан адвокаттық қызметпен айналысу құқығының лицензиясы кері қайтарылып алынады.

Алқа мүшелерінің Жалпы жиналысында (конференциясында) адвокат алқадан шығарғандығы үшін шағымдана алады. Алқадан шығарғандығы үшін адвокат, сондай-ақ алқа төралқасы қаулысының көшірмесін алған күннен бастап бір ай мерзімде сотқа шағымдана алады.

## 8 дәріс. АДВОКАТТАР АЛҚАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

*Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.*

Адвокаттың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру мәселесін толығырақ ашып көрсету үшін, біздің ойымызша, оны адвокаттар алқасының мүшесі және заң көмегін көрсететін тұлға ретінде олардың тығыз өзара байланысын ескере отыра, шартты түрде ажырату керек. Өзін-өзі басқаратын ұйымның мүшесі бола отыра, адвокаттың алқа, оның органдары және лауазымды тұлғалары тарапынан кәсіби көмекті және қорғауды пайдалануды, адвокаттар алқасы органдарына сайлауға және сайлануға, адвокаттар алқасын басқаруға қатысуға, адвокаттар алқасы органдарының алдында оның қызметіне байланысты мәселелерді қоюға, оның жұмысын жақсарту мен жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге, шешімдерді талқылау мен қабылдауға қатысуға, адвокаттар алқасы органдарынан олардың қызметі туралы құжаттар мен материалдарды тапсыруды талап етуге, адвокаттар алқасының өз қызметі немесе іс әрекетін тексертуі мен талқылануының барлық жағдайына қатысуға, алқа Жарғысында анықталған тәртіппен шарттар бойынша адвокаттар алқасы мүлігін пайдалануға, өз еркімен алқа құрамынан шығуға құқығы бар.

Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқығы қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және өзге істер бойынша, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдарға заңнамада тыйым салынбаған заң көмегінің басқа түрлерін көрсетуде жеткілікті.

Адвокат қорғаушы немесе өкіл ретінде іс жүргізуі заңнамасына сәйкес құзыретіне тиісті мәселелерді шешу жатқызылған барлық соттарда, мемлекеттік және басқа органдар мен ұйымдарда заң көмегін көрсетуге, өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге құқылы.

Адвокат іс жүргізу құқықтарын қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік іске қатысқан сәттен бастап ала алады, ал бұған дейін ол өзіне өтініш жасаған кез келген тұлғаға заң көмегін көрсетеді, консультация, түсініктеме, кеңес және жазбаша қорытынды береді, талаптық өтініш, шағым және кәсіби заңдық білімді талап ететін өзге құқықтық сипаттағы құжаттарды толтырады.

Мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға заң көмегі үшін жүгінген адамның мүддесін білдірудегі адвокат құқығын мойындаудан

бас тарта алмайды. Мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік емес ұйымдардың басшылары адвокаттың нақты іс бойынша заң көмегін көрсетуіне байланысты өтінішіне он күн мерзімнен кешіктірмей жазбаша жауап беруге міндетті. Мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың лауазымды тұлғалары адвокаттық қызметті жүзеге асыруға тікелей немесе ішінара кедергі келтіруге құқылы емес.

Адвокаттың барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардан адвокаттық қызметті жүргізу үшін қажетті мәліметтерді сұратуға, заң көмегін көрсету үшін нақты мәліметтерді жинауға және дәлелдемелерді ұсынуға, заң көмегін көрсету мен ғылым, техника, өнер және қызметтің басқа салаларында арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандар қорытындысын талап етуге, мемлекеттік құпияға жататын ақпараттармен, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік егер бұл заңнама актілерінде және т.б. көзделген тәртіппен анықтауды, алдын ала тергеуді жүргізу кезінде және сотта қорғауды немесе өкілдік етуді жүзеге асыру үшін қажет болса, танысуға құқығы бар.

Заң адвокаттан іс бойынша ақиқатқа жету, айыпталушының жауапкершілігін ақтау немесе жеңілдету, азаматтың заңсыз жала мен айыпталуға тартылуын болдырмау мақсатында, заңда көзделген барлық құралдар мен әдістерді пайдалана отыра заң көмегін көрсетуге өтініш жасаған әрбір тұлғаның конституциялық құқықтары мен міндеттері объективті және толық, білікті қорғауды талап етеді. Осыған сәйкес қолданыстағы заңнама оған мемлекеттік құпия болып табылатын ақпаратпен, сондай-ақ істі қарау үшін маңызы бар өзге ақпаратпен танысу мүмкіндігін береді.

Адвокаттық іс жүргізу және адвокаттың соған байланысты материалдары мен құжаттары, заңнама актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеріске, алуға, тінтуге, қарауға жатпайды. Бұл қағидалар адвокатураны ұйымдастырудың және қызметінің негізгі құқықтық және демократиялық принципінің бірі, адвокат тәуелсіздігінің және оның ісіне мемлекеттік я болмаса өзге де араласушылыққа жол бермеудің кепілдіктері болып табылады. Адвокаттың заңды қызметіне қисынсыз араласуға жол берген, кедергі келтірген тұлға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Адвокаттар алқасына мүшелік онда тұрған адамдарға азаматтық және қылмыстық істер бойынша қорғау мен өкілдікті

жүзеге асыру кезінде заң талаптарын дәл және мүлтіксіз сақтау, адвокатураны ұйымдастыру мен қызметінің принциптерін кәсіби мінез-құлық пен адвокаттық құпияны сақтау міндеттемесін жүктейді.

Кәсіптік органның мүшесі ретіндегі адвокат міндеті адвокаттар алқасы Жарғысын сақтау, адвокаттар алқасы Жалпы жиналысы мен оның органдарының шешімдерін орындау және мүшелік жарналарды төлеу, сондай-ақ адвокаттар алқасының төралқасына өз жұмысы туралы есепті табыс ету болып табылады.

Адвокаттың қызметі жеке өмірін қорғау үшін заң көмегіне жүгінген адамның құқығымен тығыз байланысты. Бұл ол адамға өзінің жеке өміріндегі кейбір мәліметтердің жария болмайтындығына және өзіне қарсы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың және тұлғалардың оны пайдаланатындығына сенім кепілдігін береді. Заңнама адвокатқа адвокат құпиясын сақтауды жүктейді. Оның мәнісі – көмек үшін жүгінген адамның ауызша және жазбаша келісімдері, көмек үшін жүгінген адамның мүддесіне орай қабылданған шаралардың сипаты мен мазмұны, сондай-ақ адвокаттың заң көмегін көрсетуге қатысты ақпараттың сыртқа шығарылмайтындығында.

Адвокаттың заң көмегін көрсетуге байланысты алынған қандай да бір мәліметті өзінің немесе басқа тараптардың мүддесі үшін жариялауға құқығы жоқ. Заң көмегіне жүгінген адамның келісімінсіз адвокаттық құпияға жататын мәліметтерді жария еткен адвокат заңға сәйкес жауапқа тартылады. Бұл талап міндетті шарт болып табылады және адвокаттың бүкіл қызметінде қылмыстық іспен қатар, азаматтық немесе әкімшілік іс бойынша да қолданылады.

Адвокаттық кәсіп өз қызметіне мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдары, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер және басқа ұйымдар тарапынан араласудың кез келген нысанынан тәуелсіз болуды талап етеді және адвокатураны ұйымдастырудың және қызметінің принциптерін басшылыққа ала отыра, кәсіптік парыз бен адвокаттық құпия нормаларын сақтай отыра, заңнама талаптарына сәйкес әрекет жасауға мүмкіндік беретін адвокаттың біржола дербестігі қамсыздандырылған кезде ғана жүзеге асады.

Адвокат кәсіби қызметінде тәуелсіз. Әдіс, құралдар мен машық тұрғысынан (кепілдік, арыз, өтініш және айғақтар беру кезінде және т.б.) қорғауды жүзеге асырудағы өз шешімін (заңға

негізделген) адвокат басқа тараптар мен ұйымдардың, оның ішінде адвокаттың өзін-өзі басқару органдарының ықпалына жол бермей және кәсіптік парыз бен адвокаттық құпия принциптерін бұзбай жеке қабылдайды.

Адвокат тек оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметпен ғана айналысуға тиіс. Бұл ғылыми немесе оқытушылық жұмыспен айналысатын адамның адвокаттар алқасына қабылданып-тындығын ашып көрсетеді. Мұндай жеңілдік бір жағынан, адвокаттық қызметте ғылым жетістіктерін пайдалануға көмектеседі, ал екінші жағынан ұстаздық және шығармашылық қызметтегі нәтижелер мен мұқтаждықтарды ескеруге мүмкіндік береді.

**Адвокаттың кәсіптік әдебі.** Қазақстан Республикасы Конституциясында кепілдік берілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңның бұзылуын болдырмауға және құқық тәртібін нығайтуға жәрдемдесу адвокаттың кәсіптік міндеті мен биік адами борышы болып табылады. Осыған байланысты, адвокаттық кәсіп қолданыстағы заңнама талаптарын дәл және сөзсіз орындауды, адвокаттың мінез-құлықтың әдептілік нормаларын бұзбауды, өзіне заң көмегі үшін жүгінген адамды заңда көзделген барлық құралдармен және әдістермен қорғауды талап етеді. Жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін алудағы олардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету адвокаттардың кәсіби қызметінің ірге тасын қалайды.

Адвокаттың әдеп нормаларын сақтауы – оның өз кәсіби міндеттері мен іс-әрекеттерін тиісті орындаудағы қажетті шарт болып табылады.

Сондықтан, адвокат заң көмегін көрсету кезінде мынадай кәсіби тәртіптерді сақтауға тиіс:

1) көп күш-жігер не уақыт жұмсауды талап ететін қажетті әрекеттер жасаудан жасқанбай ыждағаттылық пен құлшыныс білдіру, бұл осы қызметті ешбір асығыстық жасамай және жеңіл-желпі қарамай, яғни, тапсырылған істі адал, мұқият және білімдарлықпен орындап, кеткен уақытпен санаспай атқару керектігін көрсетеді;

2) заң мәселелерін қарап жатқан органдар мен лауазымды адамдарға қатысты өзін әдепті ұстау, яғни оның сөйлеген сөзі, кепілдемесі, өтініші және басқа да іс-әрекеті мемлекеттік органдардың беделіне нұқсан келтірмейтіндей дәрежеде болуға тиіс;

3) өз кәсіби мінез-құлқын көмек сұрап өтініш жасаған адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес қалыптастыра және тежей отырып, істі негізсіз сөзбұйдаға салуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермеуге, егер жүгінушінің талабы заңға қайшы болса адвокат оған көмегін көрсетудің бас тартуға міндетті;

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделеріне адал болу және оның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасамау, яғни адвокат жүгінушінің мүддесін қорғаудың барлық заңды құралдар мен әдістерін пайдалануға, ешбір жағдайда да бұрынғы, сондай-ақ енді өтініш жасаған адамдардың мүддесіне қайшы келетін әрекетке жол бермеуге, істің заңды шешілімі аяқталғанға дейін өзіне қабылдаған міндеттемеден жалтармауға тиіс.

Осы қағидалардың бұзылуы кәсіби әдептің бұрмалануы, ал кейбір жағдайда тәртіптік жазаның қолданылуына әкеп соқтыратын кәсіптік парызды орындамау болып саналады.

Заң көмегін көрсету барысында адвокат сонымен қатар кәсіптік әдептің орныққан нормаларын және адвокаттық кәсіптің қалыптасқан практикалық тәртіптерін басшылыққа алуға тиіс, олардың мақсаты азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін жақсырақ қорғауға жәрдемдесуі болып табылады.

Адвокат адамдардың тағдырына төрелік жасауға, адамдардың теріс қылықтары туралы пікір айту үшін өзі де адами тұрғыдан лайық болуы қажет, сондықтан да адвокат кіршіксіз тазалық пен жарасымды мінез-құлықтың иесі болуға тиіс. Адвокаттар процестің тең құқықты қатысушысы ретінде өз кәсібінің абыройы мен беделін ұстауға тиіс. Адвокат өзінің кәсіби міндетін атқару кезінде:

- қоғам мүддесіне қайшы келмейтін азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен міндеттерін қорғау ғана ортақ мүддеге сай келетіндігін ескеруге;
- заңнама нормаларын дұрыс және дәл қолдануға; заң көмегіне жүгінушіге оның құқықтары мен міндеттерін, құқықтық жүйе қызметі принциптерін түсіндіре отырып кеңес беруге;
- өз клиентінің мүдделеріне іш тартуға тиіс Адвокаттың мінез-құлқы ол заң көмегін көрсету кезінде де, күнделікті тіршілігінде де заң мен адамгершілік принциптеріне сай болуға тиіс;



- адвокаттар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде өзіне жүгінушіге көмек көрсете отыра, заңнамаға және мойындалған кәсіптік қалыптар мен әдептілік нормаларды басшылыққа отыра мойындалған ұлттық және халықаралық құқықтардағы адам құқықтары мен негізгі бостандықтарының сақталуына қол жеткізуге тиіс.

Адвокаттың кәсіптік мінез-құлқы мәселесі адвокатура туралы қолданыстағы заңнама, адвокаттар алқасы Жарғысы және адвокаттардың кәсіптік әдеп тәртіптері шеңберінде реттелмесе, онда адвокат, адвокатурада қалыптасқан нормалар мен дәстүрлерді, егер олардың мазмұны заң талаптарына қайшы келмесе және мораль мен адамгершіліктің жалпы қабылданған принциптеріне сәйкес келсе, сақтауға міндетті.

Сөйтіп, адвокаттық әдеп – бұл адвокатура туралы қолданыстағы заңнама, адвокаттар алқасы Жарғысы және адвокаттардың кәсіптік этика тәртіптері шеңберінде реттелетін және адвокаттық мінез-құлқы нормасынан туындаған практика. Оның мақсаты – жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен міндетін абыройлы қорғау.

## 9 дәріс. АДВОКАТТАР АЛҚАСЫ МҮШЕЛЕРІН МАТЕРИАЛДЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Адвокаттар алқасы мүшелерінің еңбегін реттеу және жа-лақысының тәртібі.** Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы заңнамасы қоғамдық ұйымдарда жұмыс істейтін адамдардың еңбегін реттемейді, жоғарыда айтқанымыздай, оған адвокаттар алқасы жатады. Осыдан келіп осы тұлғалардың еңбек қатынастарының және қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасына туындайтын өзара қатынастарының субъектілері болып табылмайтындығын көреміз.

Сондықтан, адвокат еңбегі заң консультацияларының ішкі еңбек тәртібі ережелерімен және адвокат кеңселерінің жарғыларымен, сондай-ақ, егер олар өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жеке дара жүргізсе, адвокаттармен дербес реттеледі.

Адвокаттың кәсіби қызметі сан қырлы және бірқатар ерекшеліктері бар:

- заң көмегін көрсете отыра, әртүрлі істі шешуге жәрдемдесе отыра адвокаттың, егер бұған заңды және объективті негіздеме болған жағдайларда, істердің кейбір санаттарын жүргізуді өзіне қабылдамауына болады;
- бекітілген кестеге сәйкес кезекшілікке бару және көмекке жүгінген тұлғаға консультация беру қажеттігі;
- белгіленген жағдайларда тегін заң көмегін міндетті көрсету немесе бұл республикалық бюджет қаражаты есебінен төленген кезде тағайындау бойынша қылмыстық істер қатысу және т.б.

Сөйтіп, адвокат еңбегінің негізгі мәнісі, оның салаланына карамастан заң көмегін көрсету болып табылады.

Кез келген жұмыс істейтін тұлға сияқты адвокат демалыс және міндетті сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қорғалу құқығын пайдаланады. Әлеуметтік сақтандыру жарналарын адвокаттар колданыстағы заңнамаға сәйкес төлейді.

Адвокаттар еңбегі заң көмегін көрсеткені үшін заң консультацияларына, адвокат кеңсесіне азаматтар мен ұйымдардан түскен қаражаттан төленеді. Адвокаттар еңбек ақысын төлеу үшін негіздеме адвокат пен заң көмегіне жүгінген тұлға арасындағы келісім болып табылады.

Келісім – бұл адвокат пен заң көмегіне жүгінген тұлға арасындағы өзара міндеттемені белгілейтін шарт, онда істің түрі мен жүргізу сипатына байланысты шарттар және қорғау мен өкілдік етуді жүзеге асыру тәртібі, сондай-ақ адвокат еңбек ақысының көлемі анықталады.

Заң көмегі азаматтар мен ұйымдарға бір жолғы келісім бойынша, сондай-ақ заңды тұлғаға ұзақ мерзімді негізде көрсетілуі мүмкін. Жеке тұлғаға ұзақ мерзімді негіздегі көмектің көрсетілуі сирек кездеседі.

Заң көмегін көрсету нысандары мен әдістері өте көп. Істің мәніне байланысты (заң көмегін көрсету, сотта өкілдік ету, қылмыстың немесе азаматтық істерді жүргізу) келісімнің тиісті түрі жасалады. Мысалы, адвокаттың заң көмегін көрсету туралы шарт консультациялар беру, құқықтық сипаттағы құжаттарды құрастыру, жазбаша қорытындылар, жүгінуші жағында келіссөздерге қатысу сияқты міндеттерді орындауды қамтиды және т.б. Осындай шарттар заңды, сондай-ақ жеке тұлғалармен де жасалады. Келісім бойынша заң көмегін көрсету кезінде азаматтар мен заңды тұлғалардың нақты адвокатты таңдауға құқығы бар, төлем көлемі келісім бойынша анықталады және заң көмегінің күрделілігі мен көлемін, адвокаттың біліктілігін тұлғаның материалдық жағдайын ескере отырып, екі жаққа да қолайлы болуға тиіс.

Мұндай жағдайда, әдетте, мыналар ескеріледі:

- ◆ білікті заң көмегін көрсету үшін жұмсалатын уақыт пен еңбектің қажетті шығындары;
- ◆ осы нақты істі жүргізу кезінде адвокаттың басқа істер бойынша жұмыстардан бас тартуға мәжбүр болу ықтималдығы (егер ол клиентке белгілі болса);
- ◆ қандай да бір өңірде осындай заң көмегі үшін тағайындалған қорғау ақы;
- ◆ адвокат көмекшісінің еңбегін пайдалану;
- ◆ клиент белгілеген немесе қалыптасқан мән-жайдан туындаған мерзім; процестің ұзақтығы және т.б.

Заң көмегін көрсеткендігі туралы төлем адвокаттар алқасының немесе адвокаттар кеңсесінің есеп шотына, не өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жеке дара жүргізетін адвокаттың банктегі есеп шотына енгізуге жатады.

Жекелеген жағдайларда заң көмегіне жүгінген заңды тұлғалардың тілегін ескере отырып және онымен қаржылық қатынастардың құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында, алқа басшылығының келісімімен адвокат қызмет көрсету түріндегі заң көмегі үшін тікелей өз сенушісінен, егер соңғысы төлем көзі ретінде адвокаттық қаламақыдан салықты және бюджетке өзге міндетті төлемдерді ұстау бойынша барлық міндеттемені көтерсе, қаламақы ала алады.

Заң азаматтардың кейбір санаттарын заң көмегі төлемінен босатады. Бұл жағдайда адвокаттар сенушілер өтініші бойынша көмекті тегін көрсетеді:

1) алимент өндіріп алу туралы, асыраушысының қайтыс болуына, жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді жүргізу кезінде бірінші сатыдағы соттарда талап қоюшыларға;

2) Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдарға, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, I және II топтағы мүгедектерге, жасы жөнінен зейнеткерлерге, егер бұл кәсіпкерлік қызмет мәселелеріне байланысты болмаса, консультациялар беру кезінде;

3) зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау туралы өтініштерді дайындау кезінде азаматтарға;

4) ақтау мәселелері жөнінде кеңестер беру кезінде азаматтарға заң көмегін тегін көрсетеді.

Осының бәрі мемлекет тарапынан көмекке мұқтаж халық жіктерін әлеуметтік қорғауды күшейту мақсатын көздейді және сондықтан да заң адвокаттар алқасының барлық мүшелерін тегін көмек көрсетуге міндеттейді.

Материалдық жағдайлары ескерілген азаматтарды адвокаттар алқасының төралқасы, заң консультациясының меңгерушісі, адвокаттық кеңселердің иесі (иелері) және өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жеке дара жүргізетін адвокат толық немесе ішінара босата алады.

Адвокат көрсететін заң көмегінің және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығындардың төлемі туралы қаулы немесе анықтама шығару үшін адвокат өтініші негіз болып табылады.

Республикалық бюджет есебінен адвокат көрсететін заң көмегін төлеу және қорғауға байланысты шығындарды өтеу

туралы анықтау органы немесе тергеуші қаулысы адвокат тапсырманы орындағаннан кейін, ал тапсырманы орындау созымдылығы бір айдан асқан кезде ай сайын шығарылады.

Республикалық бюджет есебінен қылмыстық іс бойынша адвокат көрсететін заң көмегін төлеу және қорғауға байланысты шығындарды өтеу туралы сот қаулысы үкім қаулысымен бірге, не істі қосымша тергеуге жіберу, немесе тоқтату туралы іс жүргізу шешімінің қабылдануымен шығарылады.

Іс бойынша өндіріске адвокаттың қатысуының әрбір сағаты үшін заң көмегі төлемінің ең төменгі көлемі ҚР заңнамасымен белгіленетін айлық жалақының ең төменгі көлемінің 1/21 есептемесімен анықталады. Бұл жағдайда төлем көлемі соңғы екі айдағы адвокаттың белгіленген тәртіппен анықталған орташа жалақысынан кем болмауға тиіс.

Сезіктіге (айыпталушыға) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 68-бабында белгіленген мерзім аяқталатын кезек күттірмейтін жағдайлардағы түнгі уақыттағы тергеуші немесе анықтаушы жүргізген жауап алуға адвокат қатысқан әрбір сағат кемінде бір жарым есе, жексенбі және мереке күндері (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері болып саналатын Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелері аталып өтілетін күндер) екі есе төленеді.

Есептемені қаулы немесе адвокаттың нақты іс бойынша жұмсаған жұмыс сағаты санының төлемі туралы ұйғарым және соңғы екі айдағы адвокаттың орташа айлық жалақысы туралы анықтама негізінде тиісті органның бухгалтериясы жүзеге асырады.

Адвокаттың орташа жалақысы туралы мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапкершілікті осы анықтаманы берген адвокаттар алқасының лауазымды тұлғасы көтереді.

Қаулының немесе ұйғарымның бір данасы қылмыстық немесе азаматтық іс материалдарына қосылады, екінші данасы есепті айдан кейінгі айдың бесіне дейін республикалық бюджеттің тиісті бағдарламасы әкімшісінің аумақтық органының бухгалтериясына, үшіншісі – адвокаттар алқасына назарға алу үшін жіберіледі.

**Адвокат алқасы мүшелерін көтермелеу шаралары және тәртіптік жауапкершілігі.** Өз міндеттерін үлгілі атқарғандығы, ұзақ және мінсіз жұмысы, белсенді қоғамдық қызметі үшін адвокаттар, адвокаттар алқасының төралқасының шешімімен көтермеленуі мүмкін.

Адвокаттардың әрбір алқасының жарғысына байланысты көтермелеу шараларының сан алуан түрлері қарастырылады. Әдеттегідей, көтермелеу шаралары мыналар:

- алғыс жариялау;
- ақшалай сыйақы беру;
- бағалы сыйлықтармен марапаттау;
- тиісті органдардың алдына үкіметтік мадақтау мен марапаттау туралы ұсыныс жасау және т.б.

Адвокаттар алқасы, заң консультациялары мен адвокаттық кеңселер ұжымдарының Жалпы жиналысында өзге көтермелеу шаралары қарастырылуы мүмкін. Көтермелеу шараларын төралқа өз бастамасы немесе заң консультациялары меңгерушілері немесе адвокаттық кеңселер иесінің (иелерінің) ұсынуы бойынша төралқа қолданады.

Адвокаттар алқасы жарғысының және адвокаттар кәсіби әдеби тәртібінің талаптарын бұзғандығы үшін адвокаттар алқасының мүшесі тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Тәртіптік жазаны адвокаттар алқасының төралқасы теріс әрекетті анықтағанан кейін, алайда ол жасалған күннен бастап, алты айдан кешіктірмей, адвокаттың ауырған немесе демалыста болған уақытын есептемей тікелей қолданады.

Жазалау шарасы ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, адвокаттар алқасынан шығару болуы мүмкін. Қатаң сөгіс, егер адвокаттар алқасының төралқасы басқа тәртіптік жаза шаралары жеткіліксіз деп ұйғарса, соңғы шара ретінде қолданылады.

Тәртіптік жауапкершілік туралы істі төралқа төрағасы жеке және заңды тұлғалардың шағымы, анықтау, тергеу және сот органдарының, заң консультациялары меңгерушілерінің немесе адвокат кеңселері құрылтайшысының (құрылтайшыларының) хабарламасы бойынша, сондай-ақ төралқа төрағасы өз бастамасы бойынша қозғайды.

Алқа төралқасы тәртіптік теріс қылық туралы материалдарды қарардан бұрын адвокатты тәртіптік жауапкершілікке тарту негіздемесін мұқият тексеруге, адвокаттан жазбаша түсініктеме талап етуге және оны тәртіптік іс материалдарымен таныстыруға міндетті. Тексеріс тәртіптік теріс қылық туралы осы іс үшін маңызы бар барлық мән-жайды толық қамтамасыз ету үшін жан-жақты және объективті жүргізілуі тиіс. Тәртіптік теріс қылық туралы

материалдарды адвокаттық төралқасы жауапкершілікке тартылған адвокаттың қатысуымен төралқа отырысына адвокат келмеген жағдайда материалды қарау кейінге шегеріледі. Дәлелді себептерсіз екінші рет келмеу ол жоқта талқылауға және тәртіптік жаза шараларын шығаруға кедергі келтірмейді. Адвокатты алқадан шығаруға себеп болған теріс қылықты жасағандығын айғақтайтын мәліметтер болған жағдайда төралқа оны мәселе біржола шешілгенге дейін адвокаттық қызметті жүргізуден шеттетуге құқылы. Адвокатты шеттету уақыты бір айдан аспауға тиіс (тексеріс күрделі болса – екі айға дейін).

Төралқа қаулысының көшірмесі адвокатқа қаулы шығарылған сәттен бастап үш күннен кешіктірілмей беріледі. Әрбір жасалынған теріс қылық үшін тек бір тәртіптік жаза қолданылады.

Адвокаттар алқасының төралқасы немесе оның төрағасы өтініштері немесе хабарлары тәртіптік іс қозғау үшін негіздеме болған ұйымдарға, кәсіпорындарға, мекемелерге, лауазымды тұлғаларға және азаматтарға қабылданған шешім туралы хабарлайды.

Адвокат жасаған теріс қылықтың мәні болмашы болса, тәртіптік істі қозғаған алқа төралқасының төрағасы материалдарды қоғамдық ықпал ету шараларын қолдану үшін заң консультациясы немесе адвокаттық кеңсе ұжымының қарауына бере алады.

Егер тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап бір жыл бойында адвокат жаңа теріс қылық жасамаса, ол тәртіптік жазаға ұшырамаған болып саналады. Адвокат кәсіби міндеттерін адал атқарып, ұнамды тәртібімен көзге түскен жағдайда, төралқа немесе алқа Жалпы жиналысы (конференциясы) одан қолданылған тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алуға құқығы бар.

Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу төралқаның өз бастамасы, сондай-ақ, заң консультациясы менгерушісінің немесе адвокаттық кеңсе құрылтайшысының (құрылтайшыларының) қолдау хаты бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Тәртіптік жазаны қолдану туралы төралқа қаулысына адвокат жауапкершілікке тарту жөніндегі қаулы көшірмесін өзіне тапсырылған күннен бастап бір ай ішінде алқа Жалпы жиналысына (конференциясына), сондай-ақ сотқа шағымдануға жатады.

Жоғарыда аталған тәртіптер адвокаттардың тағылымдамадан өтушілеріне де қолданылады.

Төралқа адвокаттардан заң, Жарғы және адамгершілік талаптарын бұлжытпай орындауды талап етуге тиіс. Сонымен қатар, төралқаның нақты іс немесе қандай да бір іс санатының нақтылы не заңдық жағы туралы өз пікірін адвокатқа таңуға құқығы жоқ.

Төралқа құзыретіне, егер адвокат қызметі қолданыстағы заңға қайшы келмесе, оның дербестілігін шектеу міндеті кірмейді, алайда төралқа мына қағиданы ұстануға тиіс: "Егер айыпталушы өзін кінәлі деп мойындамаса, адвокат ешбір жағдайда да басқаша әрекет жасай алмайды және өзі қорғап отырған адамның пікіріне қайшы көзқарасты таңдай алмайды".



## **10 дәріс. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АДВОКАТУРАСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ**

**Қазақстан Республикасы адвокаттар одағы қызметінің негіздері және құқықтық мәртебесі.** Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны адвокаттар алқасы болып табылады.

Адвокат қызметінің тиімділігі тек адвокаттар мен олардың алқаларының арасындағы қарым-қатынасқа ғана емес, сондай-ақ адвокаттар ұйымдарының өзге де нысандарымен өзара қатынасқа байланысты (Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы), адвокаттар ассоциациясы, адвокаттар гильдиясы және т.б.). Ынтымақтастықтың негізгі мақсаты – адвокаттардың тәуелсіздігін нығайту және олардың мүдделерін лауазымды адамдар мен органдардың құқыққа жат әрекеттерінен қорғау.

Адвокатура құрылымының демократиялық негіздерін бұдан әрі жетілдіру жолында 1991 жылы Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағы – адвокаттардың және оның алқаларының құқығын қорғау, құқық қорғау, мемлекеттік, мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен өзара ықпалдастық, сондай-ақ халықаралық-құқықтық қатынастар субъектілерімен ынтымақтастықты нығайту мақсатындағы қоғамдық ұйым құрылды.

Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағы адвокаттар алқасының мүшесі және қолданыстағы заңнама, сондай-ақ осы ұйымның Жарғысына сәйкес іс-әрекет жүргізетін, өзін-өзі басқаратын қоғамдық бірлестік болып табылады.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының дербес балансы, республиканың банк және кредит мекемелерінде шоты, оның ішінде валюталық шоты, мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген дөңгелек мөрі, мөртаңбасы мен бланкілері және үлгілері заңда көзделген тәртіппен бекітілетін және тіркелетін эмблемалары бар.

Одақ қызметінің мақсаты:

- республикада құқықтық мемлекет құрудың негізін қалауға қатысу;
- азаматтар мен заңды ұйымдарға (оның ішінде шетелдіктерге) арналған тиімді заң көмегін жасауға қатысу;
- адвокаттық шеберлік пен кәсіптік әдептің жоғары стандарттарын, адвокаттардың бірлігі мен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

- адвокатураның дүниежүзілік қауымдастық қабылдаған тәуелсіздігі мен еркіндігінің принциптері мен кепілдіктерін насихаттау және тарату;
- адвокаттарға көмек және олардың құқықтарын, абыройы мен ар-намысын қорғау;
- заң ғылымын дамытуға, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын көтеруге жәрдемдесу;
- әртүрлі мемлекеттер мен өңірлерде адвокаттардың халықаралық, кәсіптік және мәдени байланыстарын кеңейту мен нығайту.

Одақтың міндеттері:

- бастауыш ұйымдардың әдістемелік, оқыту және ғылыми қызметтерін үйлестіру;
- адвокаттарды адвокаттық қызметтің барлық саласы бойынша қажетті әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету;
- адвокаттар арасында тәжірибе алмасуға көмек көрсету;
- адвокатураны жетілдіру мен дамытудың теориялық және практикалық мәселелерін ғылыми тұжырымдауға жәрдемдесу;
- адвокаттардың ғылыми-практикалық конференциялары мен әдістемелік мәжілістерін өткізу;
- баспа қызметі;
- заң шығарушылық қызметке, заңдар мен өзге нормативтік құқықтық актілердің даярлануына және талқылануына қатысу, заңнаманың маңызды мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағының пікірін білдіруге;
- адвокаттардың кандидатураларын мемлекеттік мадақтармен марапаттауға және қоғамдық көтермелеулерге ұсыну.

Жарғы – Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағының құрылтайлық құжаты. Онда бірлестіктің құқықтық жағдайын, сайланбалы органдардың қызметін, олардың қызметін басқару саласындағы құқықтары мен міндеттерін реттейтін ұйымдастыру тәртіптерінің жиыны және т.б. белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағының мүлігі материалдық құндылықтар мен ақша қаражатынан құралады.

Одақ мүлігі мына көздерден құралады:

- мүшелік жарналардан;
- баспа қызметінен түскен түсімдерден;
- азаматтардың ерікті ақшалай аударымдарынан, сыйлықтарынан және мұраға қалдырған қаражаттарынан;

- Адвокаттар одағы құрған шаруашылық құрылымдардың аудармаларынан;
- кеңестік-әдістемелік шаралардан түскен түсімдерден;
- қолданыстағы заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздерден.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы қызметінің тоқтатылуы туралы мәселені қарайтын төралқа өз бастамасы бойынша осы мәселе жөнінде өз мүшелерінің көпшілік дауысымен немесе сот шешімі бойынша шешім қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы қызметінің тоқтатылуы туралы съезд шешімі съезд жұмысына қатысқан адвокаттардың 2/3 дауысымен қабылданады.

Адвокаттар одағы адвокатураға тән және оның міндеттерінен туындаған ерекшеліктерді ескере отырып, барлық қоғамдық ұйымдар үшін ортақ ұйымдық принциптер негізінде құрылған. Одақтың негізгі принциптері: демократиялылық, мүшелердің еріктілігі мен теңдігі; өзін-өзі басқару; заңдылық; жариялылық.

Жарғымен белгіленетін тәртіптер ҚР Адвокаттар одағының ішкі ұйымдық қызметін реттейді. Соған сәйкес, Одақ органдарының адвокаттар алқасы мен оның мүшелеріне қатысты қандай да бір әкімшілік өкілеттіктері жоқ. Адвокатураның орталықсыздандыру принциптеріне сүйене отыра, ол адвокаттар алқасының қызметіне араласпайды және оның орталық немесе жоғары тұрған органы болып табылмайды. Әрбір адвокаттық алқа, қандай да бір органдардан, оның ішінде Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағынан дербес және тәуелсіз болады.

**Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының органдары және олардың өкілеттіктері.** ҚР Адвокаттар одағының органдары съезд, конференция, төралқа, тексеру комиссиясы, атқару-өкімдік дирекция болып табылады.

ҚР Адвокаттар одағының жоғары органы – съезд, оның атқарушы органы – төралқа, бақылау органы – тексеру комиссиясы.

Адвокаттар одағының барлық сайланбалы лауазымдарына бір адам қатарынан екі мерзімнен артық отыра алмайды. Бұл қағида адвокатураны ұйымдастырудың және қызметінің негізгі құқықтық және демократиялық принциптерінің бірі, осы кәсіптік қоғамдық бірлестіктің жариялылығы мен ашықтығының кепілі болып табылады.

Съезд бен конференция ҚР Адвокаттар одағының қызметіне қатысты кез келген мәселені шешуге құқылы.

Съездің ерекше құзыретіне мына өкілеттіктер жатады:

- ҚР Адвокаттар одағының Жарғысы және тексеру комиссиясы туралы ережені қабылдау және оларды өзгерту;
- ҚР Адвокаттар одағының Президентін, вице-президентін және жауапты хатшысын сайлау;
- алқа және тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау;
- алқа мен тексеру комиссиясының олардың қызметі туралы есептерін тыңдау;
- ҚР Адвокаттар одағының қызметін тоқтату туралы шешім қабылдау.
- ҚР Адвокаттар одағының сметасын бекіту;

Съезд кемінде бес жылда бір рет шақырылады. ҚР Адвокаттар одағының кезектен тыс съезі төралқаның өз бастамасымен немесе ҚР Адвокаттар одағының кем дегенде 100 мүшесінің талабы бойынша екі ай мерзімде шақырылады.

Съезд бен конференция ҚР Адвокаттар одағының төралқасы белгілеген өкілдік нормасын ескере отырып шақырылады және оған ҚР Адвокаттар одағының бастауыш ұйымдарының жалпы жиналысында сайланған делегаттарының кемінде үштен екісі қатысқанда заңды болып саналады. Барлық мәселелер дауыс беруге қатысқан адвокаттардың жай көпшілік дауысымен (елу пайыздан асқанда) шешіледі.

Съезд тікелей жабық дауыспен бес жыл мерзімге президентті, вице-президентті және жауапты хатшыны сайлайды.

Одақтың Президенті, вице-Президенті және жауапты хатшысы болып адвокаттық қызметте үш жыл өтілі бар, адвокаттар алқаларының мүшелері – съезд делегаттары сайлана алады.

Бұл талаптар жауапты лауазымдарға адвокаттар алқасында көпжылдық жұмыс өтілі бар, білікті, тәжірибелі адвокаттарды таңдауға мүмкіндік береді. Олар қызметін заңдылықтың, ізгіліктіліктің, жариялылық пен ашықтықтың және тәуелсіздіктің демократиялық принциптерімен жүргізуге және қажет жағдайларда адвокаттардың, сондай-ақ ҚР Адвокаттар одағының заңды құқықтары мен мүдделерін қорғай білуге және өз қызметіне, заңнама актілерінде тікелей көзделген мән-жайларды қоспағанда прокуратура, сот, анықтау және алдын ала тергеу органдары, өзге

мемлекеттік органдар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдар тарапынан араласуға жол бермеуге тиіс.

Президент, вице-президент өз міндетін тұрақты негізде атқарады және ҚР Адвокаттар одағы белгілеген жалақы алады.

Төралқа съездер арасындағы мерзімде тұрақты жұмыс істейтін атқарушы орган болып табылады. Төралқа мүшелері жұмыс көлемі мен сипатына байланысты съезде анықталатын санда бес жыл мерзімге тікелей жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Дауыс беруге қатысқан адвокаттар дауыстарының басым бөлігін (елу пайыздан астамын) алған кандидаттар төралқа құрамына сайланған болып саналады. Төралқа тұрақты жұмыс істейтін атқарушы орган бола отыра, Одақты басқару үшін өзіне қажетті ауқымды өкілеттіктерді алады және оның қызметінің күнделікті мәселелерін шешеді. Атап айтқанда:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен қоғамдық ұйымдарында ҚР Адвокаттар одағының мүддесін білдіреді.
- Одақтың халықаралық байланыстарын жүзеге асырады.
- ҚР Адвокаттар одағының съезі мен конференцияларының шешімдерін жүзеге асырады.
- ҚР Адвокаттар одағының жоспарын қарайды, күнделікті мәселелерін шешеді.
- Съезде немесе конференцияда бекітілген сметаға сәйкес, ҚР Адвокаттар одағының аппараты қызметкерлерінің штатын және еңбекақыларының шарттарын айқындайды.

Тексеру комиссиясы – Адвокаттар одағының бақылау-тексеру органы болып табылады. Тексеру комиссиясы съезде тікелей жабық дауыспен съезд белгілеген санда бес жыл мерзімге сайланады және комиссия туралы ережеге сәйкес іс-әрекет етеді. Тексеру комиссиясына қаржы-шаруашылық қызметке тексеріс жүргізу міндеті жүктелген. Адвокаттар одағының адвокаттар алқасына қатысты бақылау-тексеру әрекеттерін жүргізу құқығы жоқ.

ҚР Адвокаттар одағы және оның органдары Одақ жарғысына сәйкес әрекет етеді және адвокаттар алқасына қатысты биліктік өкілеттіктері жоқ және адвокаттардың адвокаттар алқасымен дауларын шешпейді. Адвокаттар одағының қызметі мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен

ықпалдастықта Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүргізіледі, ең алдымен, адвокатураның тәуелсіздігін қамтамасыз етуді, құқық қорғау органдары мен ұйымдар жүйесінде оның рөлін көтеруді, заңдылықты нығайту мен заң көмегіне жүгінген тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға ықпал етуді мақсат етеді. Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" заңында, атап айтқанда 17-бабында былай делінген: "Мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарының адвокаттық қызметті жүзеге асыруға тікелей немесе жанама түрде кедергі жасауға құқығы жоқ. Адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған адаммен теңдестіруге тыйым салынады". Мемлекеттік органдар адвокаттардың заңды құқықтары мен кәсіптік міндеттерінің барлық бұзушылықтарын жоюға және процесті жүргізетін органдардың заңдылықты сақтауы жөнінде шұғыл шаралар қабылдауға міндетті.

## 11 дәріс. АДВОКАТТАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОДАҒЫ

**Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы).** Адвокаттар мен олардың алқалары ерікті негізде тек республикалық емес (ҚР Адвокаттар одағы), сондай-ақ жеке немесе ұжымдық немесе мүшелік тұрғыда да халықаралық одақтарға да (ассоциацияға) бірігуге құқылы.

Шетел мемлекеттері және аймақтары адвокаттарының халықаралық, кәсіптік және мәдени байланыстарын кеңейту мен нығайтудың айғағы 1992ж, 28-шілдеде құрылып тіркелген Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы) болып табылады. (АХО(Д)) тұрақты жұмыс істейтін басшы органның орналасқан жері – Ресей, Мәскеу қаласы).

Адвокаттардың халықаралық одағының штаб-пәтері Брюссельде, ал заңгерлердің халықаралық қауымдастығының штаб-пәтері Лондонда орналасқан.

Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы) еріктілік, мүшелік, өзін-өзі басқару, заңдылық, жариялылық және оның мүшелерінің нәсілдік, ұлттық тегіне, азаматтығына, тіліне, жынысына, діні мен әлеуметтік тегіне қарамастан теңдігі принциптеріне негізделген адвокаттардың халықаралық қоғамдық ұйымы болып табылады.

Ұйымның қызметі жария болып табылады және оның құрылтайшылары мен бағдарламалық құжаттары барша жұртқа ашық болады.

Жарғыны мойындайтын және адвокаттардың халықаралық одағына кіруге ерікті тілек білдірген одақтар ассоциациялар, адвокаттар алқалары және өзге де қоғамдық бірлестіктер ұжымдық мүше бола алады.

Тек адвокаттар ғана емес, сондай-ақ осы ұйымның мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға белсенді жәрдемдесетін ғалымдар, заңгерлер, қоғамдық қайраткерлер де жеке мүше бола алады (ал ҚР адвокаттар одағына тек алқа мүшесі болып табылатын тұлғалар ғана мүше бола алады).

Адвокаттардың халықаралық одағы заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банк және кредит мекемелерінде шоты, өз атауы көрсетілген дөңгелек мөрі, мөртаңбасы мен бланкілері және үлгісі заңнамада белгіленген тәртіппен бекітіліп тіркелетін эмблемасы бар.

Адвокаттардың халықаралық одағы коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қазақстан Республикасында адвокаттардың халықаралық одағының мүшелері оның өңірлік бөлімшелерін құра алады, оның қызметі ҚР заңнамасымен, тиісті ережелермен (атап айтқанда, Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы) қоғамдық бірлестігінің "Адвокаттардың халықаралық одағының Қазақ филиалы туралы" Ережемен және оның Жарғысымен) реттеледі.

Адвокаттардың халықаралық одағы қызметінің мақсаты ҚР Адвокаттар одағы қызметімен сәйкес келеді, өйткені олар адвокатураның біртұтас жүйесі және бірыңғай болып табылады.

Адвокаттардың халықаралық одағы өздерінің алдарына қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін:

- адвокатураның ғылыми-зерттеу институтын құрады, үздік адвокаттардың тәжірибелерін зерттейді және таратады;
- адвокатура қызметін жетілдіру бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады;
- адвокаттық бірлестіктерге кәсіптік оқу мен ғылыми-практикалық конференцияларды өткізуіне көмек көрсетеді;
- халықаралық семинарлар, конгрестер мен конференциялар ұйымдастырады;
- басқа өңірлер мен мемлекеттер алқаларында және фирмаларында адвокаттардың тағылымдамасын ұйымдастыруға қатысады;
- Адвокаттардың халықаралық одағының баспасөз органын құрады және адвокаттар үшін әдістемелік әдебиеттерді таратады, оның адвокаттарды біріктіру, олардың кәсіптік деңгейін көтеру, сондай-ақ шетел адвокаттары тәжірибесін насихаттау мен зерттеу тұрғысынан үлкен маңызы бар);
- әртүрлі мемлекеттер мен өңірлер Адвокаттар одақтары (ассоциациялары) арасында адвокаттар делегацияларының алмасуын ұйымдастырады;
- адвокаттар әдеби мәселелерін пысықтайды;
- әртүрлі мемлекеттердің құқықтық жүйесіндегі адвокаттар ережелерін зерттейді және қорытады және қажет жағдайда мемлекет билігі органдары мен халықаралық ұйымдарға адвокаттардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермеу туралы өтініш жолдайды;



- мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өтініші бойынша нормативтік құқықтық актілерге тәуелсіз-құқықтық сараптама жүргізеді, адвокаттық қызмет туралы заңнама мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге көмектеседі;
- қоғамдық бірлестіктер туралы халықаралық құқық пен мемлекеттер заңнамасында көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Адвокаттардың халықаралық одағының мүлігі:

- кіру және мүшелік жарналар;
- кәсіпорындардың ерікті жарналары мен садақалары;
- дәрістер, көрме, сауықтыру, спорт және өзге де шараларды өткізуден түскен түсімдер;
- Адвокаттардың халықаралық одағының кәсіпкерлік қызметінен, азаматтық құқықтық мәмілелерден, сыртқы экономикалық қызметінен түскен кірістер;
- заңда тыйым салынбаған өзге де түсімдер есебінен құралады.

Адвокаттардың халықаралық одағы жарғыда көзделген қызметті материалдық қамсыздандыру үшін қажетті жер телімін, ғимарат, құрылыста, тұрақжайды, тұрғын үй қорын, көлікті, қондырғыны, жабдықты, мәдени-ағарту және сауықтыру мақсатындағы мүлікті, ақша қаражатын, басқа құнды қағаздар мен өзге де мүлікті меншігінде ұстай алады.

Меншігінде, сондай-ақ адвокаттардың халықаралық одағының қаражаты есебінен құрылған және алынған баспа, бұқаралық ақпарат құралдары болуы мүмкін. Ол, меншік иесі ретінде, жарғылық мақсаттарына жету үшін заңнамада, Одақтың Жарғысында және Ассамблея шешімдерінде белгіленген тәртіппен өз мүлігін қалауынша пайдаланады және иелік етеді.

Адвокаттардың халықаралық одағының мүлігі мен ақша қаражаты, кәсіпкерлік қызметінен түскен түсімдер Одақ мүшелері арасында бөлінбейді, тек жарғылық мақсаттарды орындау үшін ғана пайдаланылады.

Адвокаттардың халықаралық одағы қызметінің доғарылуы, оны қайта ұйышастыру немесе тарату жолымен жүргізілуі мүмкін және Ассамблея қаулысымен іске асырылады. Одақты таратудан кейін қалған мүлік Ассамблея қаулысында, ал даулы жағдайда сот шешімінде анықталған мақсаттарға жұмсалады.

**Адвокаттардың халықаралық одағының басшы органдары, құрылу тәртібі және оның құзыреті.** Адвокаттардың халықаралық одағының органдары – Ассамблея (съезд), Төралқа, Басқарма мен Тексеру комиссиясы.

Адвокаттардың халықаралық одағының міндеттерін жүзеге асыру үшін, Жарғыда көзделген жағдайда, басқарма адвокаттық қор мен өзге де қорларды, адвокатураның ғылыми-зерттеу институтын, адвокаттық қызметтің түрлі бағыттары бойынша комитеттер мен секциялар, сондай-ақ Одақтың өзге де жұмыс органдарын құра алады және олардың жарғыларын (ережелерін) бекітеді.

Адвокаттардың халықаралық одағының жоғары органы – Ассамблея (съезд), оның атқарушы органы – Басқарма, бақылаушы органы – Тексеру комиссиясы.

Ассамблея Одақтың жоғары органы бола отыра, Адвокаттардың халықаралық одағының Төралқасы немесе Басқармасы анықтаған орында төрт жылда бір рет жиналады.

Ассамблея Одақтың мақсаттары мен міндеттерінің жүзеге асырылуына байланысты кез келген мәселені шешуге құқылы. Жарғыға сәйкес Ассамблеяның ерекше құзыретіне мыналар жатқызылады:

- адвокаттардың халықаралық одағын құру, қайта ұйымдастыру мен тарату туралы шешім қабылдау;
- адвокаттардың халықаралық одағының Жарғысын және тексеру комиссиясы туралы ережені бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- төралқаны, басқарма мен тексеру комиссиясын сайлау жатады.

Ассамблея төрт жыл мерзімге ашық дауыс беру арқылы Төралқаны сайлайды, оның құрамына Президент (Басқарма төрағасы), бірінші вице-президенттер, Одақ қызметінің бағыттары бойынша вице-президенттер және әр ел адвокаттарынан бір вице-президент, сондай-ақ Басқарма мен Тексеру комиссиясы кіреді.

Президент және бірінші вице-президенттер болып сайланардың алдында кемінде он жыл адвокаттар алқасының мүшелігінде тұрған адвокаттар сайланады.

Жарғыда қажетті жағдайда кезектен тыс Ассамблеяны шақыру қарастырылған. Ол Одақ Президентінің, Төралқасының немесе Басқармасының бастамасы не болмаса Одақ мүшелерінің үштен бірінің талабы бойынша үш айлық мерзімде шақырылады.

Ассамблея Одақ Басқармасы белгілеген өкілдіктер нормасын ескере отырып шақырылады және оған ұжымдық мүшелер мен аймақтық ұйымдардан сайланған делегаттардың елу пайыздан астамы қатысқанда заңды болып саналады. Барлық мәселелер оның жұмысына қатысқан, барлық адвокаттардың жәй көпшілік дауысымен шешіледі.

Басқарма Ассамблеялар арасындағы мерзімде жұмыс істейтін атқарушы орган болып табылады және өз отырысына жылына, кемінде бір рет жиналады, әрі қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік дауысымен шешім қабылдайды.

Басқарма Одақ қызметін жүзеге асыру үшін өзіне қажетті ауқымды өкілеттіліктерге ие және оның қызметінің барлық ағымдық мәселелерін шешеді, оның ішінде:

- Төралқа жұмысы туралы Президент есебін тыңдайды;
- одақтың кірістер және шығыстар сметасын бекітеді;
- Одақ құрылымын, штатын, қызметкерлерінің жалақы көлемін анықтайды;
- жаңа вице-президенттер мен Басқарма мүшелерін ұсынады, оларды артынша Ассамблеяда бекітеді;
- Адвокаттардың халықаралық одағының нысаналы бағдарламаларын, тұрақты жұмыс істейтін комитеттер, комиссиялар және Одақтың өзге де органдарының басшыларын бекітеді;
- Ассамблеяның ерекше құзыретіне жатпайтын Одақ қызметінің өзге де мәселелерін талқылайды.

Тексеру комиссиясы Адвокаттардың халықаралық одағының бақылау-тексеру органы болып табылады.

Тексеру комиссиясы Ассамблея анықтаған санда төрт жыл мерзімге ашық дауыспен сайланады және Тексеру комиссиясы туралы Ережеге сәйкес іс-әрекет етеді.

Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы) жарғысына сәйкес іс-әрекет етеді және адвокаттардың ұлттық одақтарына, алқалары мен қауымдастықтарына, олардың мүшелеріне қатысты биліктік өкілеттіктері жоқ.

## 12 дәріс. АДВОКАТТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУІ

**Адвокаттың қылмыстық іс жүргізуге қатысуы.** Адвокат өзінің кәсіби қызметінде әртүрлі заң көмегін көрсетеді. ҚР ҚДЖК-і әрбір адамға білікті заң көмегін алудың үлкен және тең мүмкіндігін береді. Бұл жағдайда заң көмегі өзінің мазмұны бойынша іс-әрекеттің үлкен шеңберін қамтиды, оның ішінде анықтау, алдын ала тергеу, сот органдарында заңды және жеке тұлғаларға өкілдік ету мен қорғауды жүзеге асырады. Адвокаттың қылмыстық процеске қатысуы – бұл адвокат қызметінің маңызды түрлерінің бірі, ол негізінен айыпталушыны (сезіктіні) қорғау әрекеттерін жүзеге асыруға байланысты.

Қорғау – қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, айыптауды жоққа шығару немесе жеңілдету, сондай-ақ заңсыз қылмыстық ізге түсуге ұшыраған адамдарды ақтау мақсатында қорғау тарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі.

Қорғану тарабы сезікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер және оның өкілдері болып табылады.

Қылмыстық процестің әрбір сатысында айыпталушы қорғаушы көметін қажетсінеді, онсыз айыпталушы өз кінәсіздігінің дәлелдерін келтіруге, сондай-ақ айыптауды теріске шығаратын немесе жауапкершілігін жеңілдететін мән-жайларды анықтауға дәрменсіз.

Қорғаушы – заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыптаушылардың құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

Тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты ҚДЖК-белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған, не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданынған адам сезікті болып танылады. Өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, не өзіне қатысты сотта жеке айыптайтын қылмыстық іс қозғалған

адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адам айыпталушы болып танылады. Заң қорғаушы ретінде жіберілуі мүмкін тұлғаларды нақты анықтайды. Оған жататындар:

- а. адвокаттар, яғни адвокаттар алқасында мүшелікте тұрған тұлғалар;
- б. жұбайы (зайыбы);
- в. жақын туыстары мен заңды өкілдері;
- г. өз бірлестіктері мүшелерінің істері бойынша кәсіподақтың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, олар өз өкілін бөліп, қорғаушы ретіндегі оның өкілеттігін айғақтайтын тиісті құжаттармен (шешім немесе хаттама, сенімхат) қамсыздандырады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында (КІЖК 70-бап 2-тармақ) қорғаушы ретінде іске, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен іске қорғаушы ретінде шетел адвокаттарының қатысуына жол беріледі.

Қорғаушылар (адвокаттар) іске қатысуға тұлға айып тағылған немесе ұсталған, айыпталушы деп танылған не айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған сәттен бастап жіберіледі.

Бір адам, екі сезіктінің, айыпталушының біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, екеуіне бірдей қорғаушы бола алмайды.

Қылмыстық іс бойынша кәсіби қорғауды тек адвокаттар ғана жүзеге асырады.

Білікті заң көмегін алу құқығын жариялай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық азаматтарды бостандықтары мен заңды мүдделерін кәсіби қорғау құқығымен, қылмыстық ізге түсуден қорғану құқығын қоса алғанда, қамтамасыз ету принципін орнықтырды. Осы ережеге сәйкес анықтауды жүргізетін адам, тергеуші, прокурор, сот әрбір іс бойынша азаматқа өз құқығын жүзеге асырудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Құқықты тікелей немесе жанама шектеу я не болмаса әлеуметтік шығу тегі, лауазымдық немесе мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, діни ұстанымы, көзқарасы, тұрғылықты жеріне байланысты желеумен

немесе кез келген басқа мән-жай бойынша өзге артықшылықты белгілеу заң бойынша жазаланады.

ҚР ҚІЖК-де қылмыстық процесс барысында білікті заң көмегін алуға құқығы бар субъектілер анықталады. Олар қылмыстық сот ісін жүргізу барысында құқықтары мен мүдделері қорғалатын немесе білдірілетін тұлғалар (сезікті, айыпталушы, сотталушы, жәбірленуші, жеке айыптаушы, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, куә).

Бұл арада кәсіби қорғаудың қылмыстық іс бойынша қорғаудың сан алуандығы болып табылатындығын ескерген жөн. Онда қорғау үшін тән барлық белгілер бар, алайда, сонымен қатар оның Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" заңымен реттелетін адвокаттың құқықтық мәртебесіне байланысты ерекшеліктері кездеседі. Оған адвокат мінез-құлқының кәсіби нормалары, адвокаттық қызметтің кепілдіктері, адвокаттық құпия, адвокаттар алқасы мүшелерінің тәртіптік жауапкершілігі және т.б. жатады.

Сондықтан кәсіби қорғау – адвокаттың білікті заң көмегін көрсету мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасына көзделген және белгіленген құралдар мен әдістер негізінде ғана жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі, оның құрамдас бөлігі айыпталушының, сезіктінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды, қылмыстық қудалауға заңсыз ұшыраған адамның айыбын теріске шығару немесе жеңілдету мен ақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғам мен мемлекет бірде бір азаматтың жеткілікті негіздерсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылмауына және сотталмауына мүдделі. Мемлекет қорғану құқығын қамтамасыз етудің конституциялық кепілдігін атқара отыра, адвокатқа айтарлықтай құқықтар, оның ішінде адвокаттық қызмет кепілдіктерін береді, олардың арасында анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттар адвокат қылмыстық іске жіберілген сәттен бастап кешіктірмей, оған қорғауындағы адамның қамауда ұсталуының бүкіл мерзімі үшін іске қатысуға жіберілетіндігі туралы жазбаша айғақтама беруге міндетті; анықтау, алдын ала тергеу органдары, іс жүргізу заңында көзделген жағдайларда, адвокатқа оның тергеуге және адвокатпен келісілген мерзімдегі басқа да іс жүргізу әрекеттеріне қатысу қажеттігі туралы хабарлауға міндетті.

Адвокат өз қызметін адвокаттар алқасының мүшесі бола отырып жүзеге асырады. Жоғарыда адвокат заң көмегін көрсететін негізгі тұлға екендігі айтылғанымен ол бірден бір тұлға болып табылмайды. Алайда нақ кәсіби тәжірибе мен құқықтық білім адвокаттың айыпталушыға (сезіктіге) аса білікті көмек көрсетуіне мүмкіндік береді. Заң көмегін көрсету жөніндегі адвокаттық міндеттердің орындалуы мемлекет өкілеттеген адвокат-қорғаушының кәсіби парызы болып табылады. Адвокаттың қорғау жөнінде өзіне қабылдаған міндеттемелерінен бас тартуға құқығы жоқ. Адвокат үшін қорғауды жүзеге асыру кәсіби қызмет болып табылады.

Адвокат – тек қорғаушы ғана емес, сондай-ақ сот ісі саласына тартылған кез келген тұлғаның заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ететін тәуелсіз кепіл, сондықтан да адвокаттың қылмыстық процеске қатысуы барлық уақытта Қазақстан Республикасының әрбір азаматының құқығын тиімді қорғауға ықпал ететін болады.

Айыпталушыға заң көмегін көрсете отыра, адвокат қылмыстық сот ісі міндеттерін шешуге көмектеседі. Бұл қорғаушысыз (адвокатсыз) оның қатысуы міндетті істі тергеу немесе қараудың заңды елеулі бұзушылық болып табылатындығымен түсіндіріледі.

Қылмыстық істің барлық сатысында айыпталушыға (сезіктіге) қорғану үшін заңмен құқықтардың ауқымды жиынтығы беріледі және кепілдік беріледі, олардың маңызды шарты іс жүргізу нормалары мен қылмыстық сот ісі ережелерін, атап айтқанда, айыптау және қорғану тараптарының бәсекелестігі мен тең құқықтығы принциптерін қатаң сақтау, істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Айыпталушыға қорғану құқығының берілуіне байланысты қылмыстық іске қорғаушының міндетті қатысу негіздемесін; адвокаттың қорғаушы ретінде қатысуын болдырмайтын жағдайды; қорғаушыны шақыру, ауыстыру және тағайындау тәртібін; қорғаушының іс жүргізудегі жағдайын, міндеттері мен құқықтарын қарау қажеттігі туындайды.

**Қорғаушының қылмыстық іске міндетті түрде қатысуының негіздері.** Заң қорғаушының қылмыстық іс бойынша міндетті қатысуының келесі негіздерін қарастырады.

*Біріншіден*, осындай негіздеме сезіктінің (айыпталушының) қорғаушы алғысы келетіндігі туралы өтініші болып табылады.

Қорғаушыны міндетті қатыстыру институты оның қатысуын, ең алдымен, сезіктінің (айыпталушының) өз еркі және келісімі бойынша қарастырады.

Бұл жағдайда ешкім де сезіктіге (айыпталушыға) қорғаушы ретінде белгілі бір тұлғаны ұсына алмайды. Сезіктінің (айыпталушының) өзіне таңдаған қорғаушысының көмегін пайдалану құқығына кедергі келтіру іс жүргізу заңнамасын елеулі бұзушылық болып табылады. Қандай да бір себеп бойынша таңдаған қорғаушы іске қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда (демалыс, іс сапар, сырқаттану және т.б.) анықтауды жүргізетін тұлға, тергеуші, прокурор сезіктіге (айыпталушыға), басқа қорғаушыны шақыруды ұсынуға құқылы немесе оны қорғаушымен заң консультациясы арқылы қамтамсыз етеді.

Процесті жүргізуші орган сезіктінің (айыпталушының) қорғаушы алғысы келетіндігі туралы өтінішті елемеуге құқығы жоқ. Оның қорғаушыны қандай сатыда шақырғандығының шешуші маңызы жоқ. Ең бастысы, заң көмегін айыпталушының өзіне қажет деп санағандығында, бұл өз кезегінде тергеуші мен сотты айыпталушыны қорғаушымен қамтамасыз етуге міндеттейді.

*Екіншіден*, егер сезікті немесе айыпталушы кәмелетке толмаса, қорғаушының қатысуы міндетті. Қылмыс жасаған сәтте он сегіз жасқа толмаған, сондай-ақ бірнеше қылмысы үшін айыпталып, оның бірін он сегізге толмаған жасында жасаған тұлға кәмелетке толмаған болып саналады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы іс бойынша қорғаушы кәмелетке толмағандардан сезікті немесе айыпталушы ретінде алғаш рет жауап алынған сәттен бастап, ал айыпталғанға дейін ұсталған немесе тұтқындалған сәттен бастап жіберіледі. Егер кәмелетке толмаған сезікті (айыпталушы) не оның заңды өкілдері адвокатпен келісім жасамаса, тергеуші, прокурор, сот қылмыстық іс бойынша қорғаушымен қамтамасыз етеді.

*Үшіншіден*, сезікті немесе айыпталушы дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмайтын жағдайда. Бұл мән-жайдағы ахуал сол тұлға әрекетке қабілетті болып танылғанымен, жүйкесінің ұдайы немесе ара-тұра бұзылатындығынан, тіл, көз, құлақ мүкістігінен немесе өзге де ауыр кемістігінен зардап шегетіндігі меңзеледі.



Психикалық кемістік – адамның санасында ақиқаттың толық көрінетіндігіне ықпал ететін кез келген психикалық ауру. Алайда, бұл жерде айыпталушыны әрекетке қабілетсіз деп тануға мүмкіндік бермейтін және қылмыс жасағандығы үшін жауапкершілікті жоймайтын, алайда айыпталушыға өз қорғану құқығын жүзеге асыруға кедергі келтіретін немесе қиындататын кемістіктер туралы айтылып отыр.

*Төртіншіден*, сезікті немесе айыпталушы сот ісі жүргізілетін тілді білмейді. Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі мемлекеттік тілде, ал қажеттілік болса сот ісінде мемлекеттік тілмен қатар орыс немесе басқа тілдер қолданылады. Басқа тіл ретінде сол жерде көп тұратын халықтың тілі түсініледі.

Іс бойынша отырыс жүргізілетін тілді білмейтін немесе шала білетін айыпталушы, адвокат құқығының кез келген шектелуі және ана тілінде немесе олар білетін басқа тілде сотта сөз сөйлеу құқығымен қамтамасыз етпеу қылмыстық іс жүргізу заңының нормаларын елеулі бұзушылық болып табылады.

*Бесіншіден*, адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылу, өмір бойы бас бостандығынан айырылу не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмыстық істі жасағандығы үшін айыпталады.

*Алтыншыдан*, айыпталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылса немесе ол мәжбүр етіліп стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға жіберілсе.

Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктіні немесе айыпталушыны қамауда ұстау үшін прокурор санкцияландырған тергеуші, анықтаушы қаулысы, прокурор қаулысы немесе ҚІЖК-не сәйкес шығарылған тұтқынға алу түрінде бұлтартпау шарасын қолдану туралы сот қаулысы негіз болып табылады.

Қамауда ұстау – ұсталған адамды, сезіктіні, сондай-ақ тұтқынға алу түрінде бұлтартпау шарасы қолданылғандарды арнайы мекемелер мен баспаналарда заңмен белгіленген уақытша оқшаулау. Бұл жағдайда қорғаушының міндетті қатысуы қылмыстық іс жүргізетін органдар тарапынан болатын ықтимал қателер мен қиянаттарға қарсы, сондай-ақ қамауда отырған сезікті мен айыпталушыға тәндік немесе психологиялық залал келтіруді мақсат ететін әрекеттерді болдырмаудың сенімді кепілі болып табылады.

*Жетіншіден*, сезіктілердің немесе айыпталушылардың мүдделері арасында қайшылық болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса (айыпты біреуі мойындап, екіншісінің дауласуы; бір сотталушының кінәні екіншісіне аударуы; әрқайсысына тағылған айыптау сипатынан туындаған наразылық және т.б.). Бұл сотталушыны бір іс бойынша өтетін, мүдделері қарама-қайшы және қорғаушылары бар басқа сотталушылармен салыстырғанда оны қылмыстық іс жүргізуде тең емес жағдайға қоятындығымен түсіндіріледі.

*Сегізіншіден*, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жәбірленушінің (жеке айыпталушының) немесе азаматтық талапкердің өкілі қатысады. Тараптардың теңдігін және сот ісіне қатысушылардың бәсекелестігін қамтамасыз ету, сондай-ақ істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін қорғаушының қатысуы міндетті болып табылады.

*Тоғызыншіден*, іс сотта қаралған кезде мемлекеттік айыптаушы қатысады, прокурордың сот талқылауына қатысуы қорғаушысы жоқ сотталушыны тек соттың алдында ғана емес, сондай-ақ кәсіби заңгердің алдында да тең жағдайға ұшыратады. Сондықтан заң осы жағдайларда қорғаушының (адвокаттың) міндетті қатысуын анықтады.

*Оныншіден*, айыпталушы Қазақстаннан тысқары жерде жүр және алдын ала тергеу органдарына келуден жалтаруына байланысты, адвокаттың қылмыстық іске қатысуы міндетті болады.

Сонымен, іске қорғаушының міндетті қатысуы жоғарыдағы мән-жайларға орай қосымша кепілдіктерге мұқтаж тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейту мақсатын көздейді.

Егер осы негіздемелер болып, қорғаушыны сезікті, айыпталушы шақырмаса, оның заңды өкілінің, сондай-ақ басқа да заңды тұлғалардың тапсырмасы бойынша қылмыстық процесті жүргізуші орган процестің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл туралы олардың қаулысы шығарылады. Бұл қаулы адвокаттар алқасының мүшелері үшін міндетті болып табылады.

Адвокаттар алқасы органдары мен лауазымды тұлғалары қорғаушыны тағайындау кезінде адвокаттың өмірлік және кәсіби тәжірибесін, істің күрделілігін және басқа да мән-жайларды ескереді.

Аталып өтілгендей, қылмыстық істер бойынша қорғауды жүзеге асыру кезінде адвокат айыпталушыны ақтайтын немесе оның жауапкершілігін жеңілдететін мән-жайларды анықтау мақсатында заңда көрсетілген барлық құралдар мен әдістерді қолдануға және айыпталушыға қажетті көмек көрсетуге міндетті.

Адвокаттың өзіне қабылдаған сезікті немесе айыпталушыны қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ.

Адвокаттың қылмыстық іс бойынша алған тапсырмадан (оның сырқаттануы мен өзге объективті мән-жайларды қоспағанда) қандай да бір себептермен бас тартуы тәртіптік теріс қылық болып табылады.

Осылайша, адвокат (қорғаушы) айыпталушының іс жүргізу құқығын жүзеге асыруына заң көмегін көрсету арқылы істің дұрыс және жан-жақты қаралуына және заңды, қисынды және әділ үкім шығаруға жәрдемдеседі.

### 13 дәріс. АДВОКАТТЫҢ ҚОРҒАУШЫ РЕТІНДЕ ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУЫ

**Адвокаттың қорғаушы ретінде қатысу мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайлар.** Адвокаттар, кәсіби қорғау ғана айыпталушыға білікті заң көмегін қамтамасыз ете алатындықтан, қорғаушы бола алады. Сонымен қатар, заң қорғаушы ретінде сезіктінің, айыпталушы мен сотталушының жұбайын (зайыбын) жақын туыстары мен заңды өкілдерін, кәсіподақтардың және басқа қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін осы бірлестіктер мүшелерінің істері бойынша қатысуына жол береді.

Алайда бұл жерде сезіктіні (айыпталушыны) тек кәсіби емес қорғауындағылардың жоғарыда аталған санатын жіберумен ғана шектеп, олардың іске қатысуға кәсіби қорғаушыларды шақыру мүмкіндігінен айыруға болмайтындығын атап көрсету қажет. Өйткені, ол адамдардың қорғау міндетін жүзеге асыруға қажет және жеткілікті білімдері әрдайым бола бермейді. Атап айтқанда, олар қорғаушы ретінде қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыратын органдардың шешімі немесе істі қарайтын соттың қаулысы бойынша жіберіледі. Алайда, олардан ерекшелігі адвокаттар қылмыстық процеске кәсіби қорғаушы ретінде қатысады.

ҚР ҚІЖК-не сәйкес жақын туыстар болып ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандар, бірге туған және бірге тұмаған туыс аға-інілері мен ата-сіңлілер, атасы, әжесі, немерелері саналады.

Заңды өкілдер – олар сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары, сондай-ақ сезіктіні, айыпталушыны немесе жәбірленушіні қорғап немесе асырап отырған ұйымдар мен адамдардың өкілдері. Қамқорлығында немесе асырауында кәмелетке толмаған немесе өз құқығы мен заңды мүддесін дербес қорғай алмайтын дене немесе психикалық кемістіктері бар адамы бар тұлға заңды өкіл болып табылады. Заңды өкіл қылмыстық сот ісінің дербес қатысушысы болып табылады және мүддесін білдіретін тұлға мен қорғаушының көзқарасымен байланысты емес.

Адвокаттың қорғаушы ретінде қылмыстық іс бойынша қатысуынан шеттету үшін мыналар негіздер болып табылады, егер ол:

- 1) бұрын іске судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы, сот отырысының хатшысы, сот приставы, куә, сарапшы, маман, аудармашы, немесе куәгер ретінде қатысса;
- 2) осы істі тергеуге немесе соттың қарауына қатысқан немесе қатысатын лауазымды адаммен туыстық қатынаста болса;
- 3) қорғалушымен немесе сенім білдірушімен карама-қарсы мүдделері бар адамға заңгерлік көмек көрсетіп жүрсе немесе бұрын көмек көрсеткен болса, сонымен бірге мұндай адамдармен туыстық қатынаста болса;
- 4) заңның күшімен немесе соттың шешімімен қорғаушы немесе өкіл болуға оның құқығы жоқ болса.

Жоғарыда тізбеленген мән-жайлардың болуы адвокатты іс жүргізуден бас тартуға міндеттейді.

Егер осылай жасалынбаса, іс жүргізуден шеттету мәселесін қылмыстық істі жүргізетін орган шешеді.

Адвокат бір уақытта жәбірленушінің қорғаушысы, заңды өкілі, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер бола алмайды. Сезікті (айыпталушы, сотталушы) өзін қорғаушы-адвокаттан бас тартуын мәлімдей алмайды, тек оның көмегінен бас тартуға ғана құқығы бар.

Заң судьядан, прокурордан, тергеушіден, анықтауды жүргізетін тұлғадан және кейбір іске қатысушылардан айыпталушының жауапкершілігін жеңілдететін және ауырлататын, сондай-ақ оның жауапкершілігін ақтайтын және жеңілдететін мән-жайларды; олардың істің нәтижесіне белгілі бір мүдделілігін анықтауды – бас тарту үшін мүлтіксіз негізді талап етеді. Қорғаушыға келсек, ол айыпталушы жауапкершілігін ақтайтын, жоққа шығаратын және жеңілдететін мән-жайларды анықтауға және оларды істі жүргізушіге көрсетуге тырысады. Адвокат істің қорғауындағы адам үшін сәтті аяқталуына мүдделі, өйткені бұл оның беделін көтереді, заң көмегін алуға тілек білдіруші тұлғалар шеңберін кеңейтеді. Судьядан, прокурордан, тергеушіден, анықтауды жүргізетін тұлғалардан және кейбір қатысушылардан қорғаушының

айырмашылығы – ол айыпталушымен туыстық немесе достық қатынастағы іске де қатыса алады. Осы себептерге байланысты қорғаушы ҚР ҚІЖК-нің 90-96-баптарындағы бас тарту мәлімделуі мүмкін тұлғалар арасында жоқ.

Айыпталушы мен сезікті кез келген сәтте қорғаушыдан, басқа қорғаушыны шақырудан бас тартуға немесе өз бетінше қорғануға құқылы, тек мына жағдайларда жол берілмейді, егер:

- сезікті немесе айыпталушы кәмелетке толмаса;
- сезікті немесе айыпталушы дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;
- сезікті немесе айыпталушы сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;
- айыпталушы мәжбүр етіліп стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға жіберілсе. Бұл арада айыпталушының қорғаушыдан бас тартуын қылмыстық істі жүргізетін орган қабылдай алмайды.

Бас тарту тек айыпталушының (сезіктінің) бастамасы бойынша және іске адвокаттың қатысу ықтималдығы айқын болған кезде процестің кез келген сатысында орын алуы мүмкін.

Қорғаушыдан бас тарту ерікті болуға тиіс, бастама айыпталушыдан, сезіктіден болуы қажет, ал бас тартудың өзі тікелей және белгілі нысанда білдіріледі.

Айыпталушы мен сезікті бас тарту себебін келтірмей-ақ қорғаушыдан бас тартуға құқылы. Алайда, анықтауды жүргізетін тұлға, тергеуші, прокурор және сот жадағай бас тартумен шектелмей, бас тарту себептеріне мән беруге тиіс. Бас тартудың амалсыздан жасалынғандығын анықтаған соң оларға қорғаушының оның еңбегіне төлемнің бар-жоғына немесе адвокаттың келмеуіне қатыссыз тағайындалуы мүмкін екендігін түсіндіреді. Бас тарту жазбаша түрде рәсімделеді немесе тиісті тергеу не сот әрекеттері хаттамасында көрсетіледі.

Қорғаушыдан бас тарту процеске басқа қатысушылардың жағдайына әсер етпейді және айыпталушы мен сезіктіні іс бойынша өндірістің кез келген сәтінде қорғаушыны шақыру немесе қорғаушы тағайындау туралы өтінішті мәлімдеу құқығынан айырмайды.

Сөйтіп, жоғарыда көрсетілген төрт негіз бойынша адвокат алдын ала тергеуден, тергеуінінің немесе прокурордың қаулысымен, ал сотта істі қарайтын соттың қаулысымен шеттетіледі. Шеттету туралы шешім басқа қорғаушыдан заң көмегін алу мүмкіндігін айыпталушыға дәлелдеуге және камтамасыз етуге тиіс.

### **Қорғаушыны шақыру, тағайындау және ауыстыру.**

Қылмыстық іс бойынша заң көмегін көрсету туралы тапсырманы адвокатқа көмекке жүгінуші тұлға (клиент) береді. Қылмыстық істі жүргізу тапсырмасын адвокат кез келген тұлғаның өтініші бойынша қабылдайды. Егер айыпталушы адвокаттың қылмыстық істі жүргізуіне келіспесе, мұндай келісім бұзылуға тиіс. Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасы қорғаушыны айыпталушының немесе сезіктінің дербес шақыру, сондай-ақ оның жақын туыстары мен заңды өкілдерінің, айыпталушының және сезіктінің тапсырмасы не келісімі бойынша басқа тұлғалардың шақыру принципін орнықтырады. Айыпталушы немесе сезікті қорғану үшін бірнеше қорғаушы шақыруға құқылы.

ҚР ҚДЖК-і 72-бабының тұжырымдамасынан байқалып тұрғандай, заң қорғаушыны шақыруда айыпталушының еріктілігі және келісімі принципін ескереді. Қорғаушыны шақыру мен ауыстыру, әдеттегідей, заң консультациясының қорытындысы не адвокат кеңсесінің айыпталушымен келісімі арқылы немесе алдын ала тергеу органдары мен соттың тағайындауы бойынша рәсімделеді. Заң шығарушы азаматтардың қорғаушыны еркін таңдау құқығын қарастырады. Тергеуші мен сот заңда көзделмеген себептерге сілтеме жасап, мысалы, қорғаушының тағайындау бойынша іске қатысуына байланысты, айыпталушының қорғаушы шақыруына кедергі келтіруге құқығы жоқ.

Қылмыстық істі адвокаттың қорғауға қабылдау үшін практикада ең көп таралған негізі шақыру болып табылады. Оны адвокатты жеке таңдаған айыпталушының өзі жасайды және істің мән-жайын алдын ала талқылап, адвокатпен келісім жасайды. Осындай шақыртуды, сондай-ақ сезіктінің, айыпталушының заңды өкілдері, жақын туыстары, жұбайы немесе мүдделері тұлғалар жүзеге асыра алады. Бұл жағдайда аталған тұлғалармен келісім жасалынады және соның негізінде ордер беріледі.

Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі ордермен куәландырылады. Ордердің нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді. Ордерлердің берілуіне бақылау мен есепке алуды адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады.

Өзінің қызметін Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарт негізінде жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі жеке басын, адвокат мәртебесін және заң көмегін көрсету өкілеттігін белгілейтін құжатпен расталады.

Ордер – заң консультациясы немесе адвокат кеңсесі беретін және нақты іс жүргізуге адвокаттың өкілеттігін айғақтайтын қатаң есептегі құжат.

Қорғаушы шақырылып қойғанда, заң консультациясы немесе адвокат кеңсесі бұл туралы іс жатқан органға жазба хабарлауға құқылы. Тергеуші мен сот қорғаушының шақырылғандығы туралы қамауда отырған айыпталушыға хабарлауға, заң консультациясы немесе адвокат кеңсесінің хатын іс материалына қосуға және адвокатқа тергеу әрекеттерінің уақыты мен орындалатын жері немесе сот талқылауының басталуы туралы хабарлауға міндетті.

Қорғаушының міндетті қатысуы жағдайында анықтауды жүргізетін тұлға, тергеуші, прокурор және сот қорғаушы шақырылатын мән-жайды анықтамай тұрып, қорғаушыны тағайындау үшін шаралар қабылдауға құқығы жоқ. Тек қорғаушы шақырылмаған немесе сезікті не айыпталушы таңдаған қорғаушы келе алмайтын жағдайда ғана анықтауды жүргізетін тұлға, тергеуші, прокурор сезіктіге (айыпталушыға) басқа қорғаушыны шақыруды ұсынады немесе оған қорғаушыны заң консультациясы арқылы қамтамасыз етеді.

Қылмыстық процесті жүргізуші орган сезіктіні (айыпталушыны) заң көмегі төлемінен, жеткілікті негіз болса, толық немесе ішінара босатуға құқылы. Бұл жағдайда еңбек төлемі мемлекет есебінен жүргізіледі.

Айыпталушы іске қатысу үшін өз таңдаған адвокатты егер оның процесте істі қарауға ұзақ кешеуілдеусіз қатаң мүмкіндігі болса, шақыруға құқылы. Кешеуілдеу ұзақтығы қаралатын істің сипаты мен ерекшелігін және таңдалған қорғаушының процеске нақты қатысу мүмкіндігін ескере отырып анықталады.

Шақырылған қорғаушыны ауыстыруға ұзақ мерзім бойында оның қатысуы мүмкін емес жағдайда ғана жол беріледі. "Ұзақ мерзім" ұғымы ҚДЖК-і 72-бабының 3-тармағында былайша нақтыланады: таңдалып алынған немесе тағайындалған қорғаушының ұзақ мерзім (кемінде бес тәулік) ішінде қатысуы мүмкін болмайтын жағдайларда.



Қылмыстық процесті жүргізуші орган сезіктіге (айыпталушыға) басқа қорғаушыны шақыруды ұсынуға немесе адвокаттардың кәсіптік ұйымы немесе олардың құрылымдық бөлімшелері арқылы қорғаушы тағайындауға шаралар қабылдауға құқылы.

Қылмыстық процесті жүргізуші органның қорғаушы ретінде нақты тұлғаны шақыруға ұсыныс беруге құқығы жоқ. Жаңа қорғаушының кандидатурасы туралы мәселені шешу кезінде, сондай-ақ айыпталушының пікірі ескеріледі.

Бір қорғаушыны екіншісімен ауыстыру мүмкіндігі – айыпталушының қорғану құқығы үшін елеулі кепілдік. Ауыстыру туралы өтінішті айыпталушы процестің кез келген сатысында мәлімдеуге құқылы. Қорғаушыны ауыстыруды, сондай-ақ анықтауды жүргізетін тұлға, тергеуші мен сот жүзеге асыра алады, мысалы, қорғаушының сырқаттануына, ұзақ сапарда болуына байланысты және т.б. Алайда, бұл жағдайда айыпталушының келісімі қажет.

Қылмыстық істі жүргізу үшін тапсырма алған уақыт адвокаттың клиентпен келісімі бойынша адвокаттар алқасынан сыйақыны толық немесе ішінара алған күн болып табылады.

Міндетті тағайындау бойынша қылмыстық істі жүргізу тапсырмасын өзіне қабылдаған уақыт адвокатқа іс жүргізуге арналған ордерді тапсырған күн саналады.

## 14 дәріс. ҚОРҒАУШЫНЫҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫ

**Қорғаушының процессуалдық жағдайы, құқықтары мен міндеттері.** Қорғаушыда бір ғана іс жүргізу міндеті бар. Ол – қорғау міндеті. Қорғаушы процесте қорғау міндетін жүзеге асыру үшін қажет. Қылмыстық істі жүргізуші мемлекеттік органдар қорғаушының өз міндетін атқаруына нақты мүмкіндігінің болуы үшін барлық шараларды қабылдауға тиіс.

Адвокаттың өзіне қабылдаған сезіктіні, айыпталушыны немесе сотталушыны қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ, бұл оның қызметінің кәсіптік сипатымен түсіндіріледі. Бас тартуға тек ерекше жағдайларда ғана жол беріледі (сырқаттану және өзге де объективтік себептер). Өзінің іс жүргізу міндетін бұзғаны үшін адвокат адвокаттар алқасының Жарғысында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Қорғаушы – қылмыстық іс жүргізудің дербес субъектісі. Сонымен қатар ол айыпталушымен (сезіктімен) тығыз іс жүргізу қатынастарымен байланысты, сондықтан оның іс жүргізу дербестігінің белгілі бір шекарасы бар.

Қорғауды табысты іске асыру үшін адвокатқа ауқымды, іс жүргізу құқықтары берілген. Қатысуға жіберілген сәттен бастап ол мыналарды жүзеге асыруға құқылы:

1) сезіктімен және айыпталушымен олардың сағатының ұзақтығы шектелместен оңаша және құпия жолығуға;

2) заңгерлік көмек көрсету үшін қажетті заттарды, құжаттарды және мәліметтерді жинауға және ұсынуға;

3) айып тағылған кезде қатысуға, сезіктіден немесе айыпталушыдан жауап алу кезінде, сондай-ақ олардың қатысуымен немесе олардың өтініші бойынша жүргізілетін өзге де тергеу әрекеттеріне, сондай-ақ қорғаушының өз өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға;

4) қарсылықтар білдіруге;

5) ұстау хаттамасымен, бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулымен, сезіктінің, айыпталушының немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жасалған тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, сезіктіге және айыпталушыға ұсынылған не ұсынылуы тиіс болатын құжаттармен, ал анықтау немесе алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдармен танысуға, одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға;

б) өтініш жариялауға (өтініш жасау - тараптың н/е мәлімдеу-шінің қылмыстық процесті жүргізуші органға арналған өтініші);

7) кез келген сатыдағы сотта істі алдын ала тыңдауға, соттың талқылауына қатысуға, сот жарыс сөздерінде сөйлеуге, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі жаңарту кезінде соттың отырысына қатысуға;

8) сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпе енгізуге;

9) іс жүргізу құжаттарының көшірмелерін алуға;

10) тарап пен қылмыстық істі жүргізуші адамның заңсыз әрекеттеріне қарсылық білдіруге, бұл қарсылықтарды іс жүргізу құжаттарына енгізуді талап етуге;

11) анықтаушының, тергеушінің прокурордың немесе соттың әрекеттері мен шешімдеріне шағым енгізуге және оларды қарауға қатысуға (шағым – процеске қатысушылардың анықтау, алдын ала тергеу, прокурор немесе соттың іс-әрекетіне өздерінің құзыреті шегінде және ҚДЖК-де белгіленген тәртіппен енгізілген көңіл аудару актісі);

12) заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға құқылы.

Іске қатысуға ҚР ҚДЖК-де белгіленген тәртіппен жіберілген қорғаушы заң көмегін көрсету үшін қажетті дәлелдемелерді көрсетуге және мәліметтерді жинауға, оның ішінде жеке тұлғалардан жауап алуға, сондай-ақ тиісті құжаттарды немесе олардың көшірмелерін заңда белгіленген тәртіппен беруге міндетті ұйымдардан анықтамалар, мінездемелер мен өзге де құжаттарды сұратуға, қорғауындағы адамның келісімімен заң көмегін көрсетуге байланысты туындаған мәселелер бойынша арнайы білімі бар адамның пікірін сұратуға құқылы.

Қорғаушы, сондай-ақ апелляциялық шағымды әкелуге, апелляциялық тәртіппен істі қарауға қатысуға, қадағалау тәртібімен наразылық білдіру себебі бойынша тиісті лауазымды тұлғаларға жүгінуге құқылы.

Қорғаушы өкіл ретінде қарастырылмайды. Ол іс материалдарын құқықтық бағалауға негізделген ішкі сенімі бойынша өзінің іс жүргізу ұстанымын еркін анықтайды. Өз қорғауындағы адаммен кеңеседі, оның айғақтары мен пікірлерін ескереді, алайда түпкілікті шешімді дербес қабылдайды және сол үшін жауапты болады. Қорғаушы айыпталушы мойындаған айыпты теріске шығарған, сондай-ақ қорғау құралдарын, әдістерін және тәсілдерін тандаған уақытта қорғаушы мен айыпталушы арасында келіспеушілік болуы мүмкін.

Адвокат қорғаушы ретінде әрекет ете отыра, өзінің қорғауындағы адамның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасауға және оған тиесілі құқықтарды жүзеге асыруына кедергі жасауға, қорғауындағы адамның айқындамасына қарамастан оны қылмысқа қатысты және оны жасағанына кінәлілігін мойындауға, қорғауындағы адамның жәбірленушімен татуласқандығы туралы мәлімдеуге, азаматтық талапты мойындауға, қорғауындағы адам берген шағам мен өтінішті кері шақыруға, заңгерлік көмек көрсетуге өтініш білдіруге және оны жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жариялауға құқығы жоқ.

*Адвокаттың қылмыстық процеске жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің өкілі ретінде қатысуы.* Сезіктімен, айыпталушымен және сотталушымен қатар білікті заң көмегіне сондай-ақ өзін немесе мүддесі білдіріліп отырған құқықтары мен мүдделерін қорғайтын қылмыстық процеске өзге де қатысушылар да мұқтаж мұндай қатысушыларға, атап айтқанда, жәбірленуші, азаматтық талапкер, жеке айыптаушы мен азаматтық жауапкер жатады; Бұл субъектілер өз құқығын жеке, сондай-ақ өкілінің көмегі арқылы жүзеге асырады.

Бұл жағдайда жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің заңды мүдделерін заңның немесе келісімнің шегінде білдіруге өкілетті тұлғалар өкіл бола алады. Сонымен, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің өкілдері ретінде адвокаттар мен заң күшіне орай құқықты өзге тұлғалар (ата-аналар, асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар және басқалар) және қылмыстық процесі жүргізуші органдардың қаулысымен іске қатысуға жіберілгендер қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің мүдделерін білдіре алады.

Адвокатты жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің өкілдері ретінде қылмыстық процеске қатысуға осы тұлғалардың өзі, сондай-ақ олардың заңды өкілдері шақыра алады.

Өз құқықтары мен мүдделерін білдіретін қылмыстық процеске қатысушылардың арасында жәбірленуші – оған тікелей қылмыспен моральдық дене және мүліктік зиян келтірілді деп ұйғаруға негіз бар және тиісті органның қаулысымен осылай саналған адам ерекше орын алады.

Кәмелетке толмаған немесе өзінің тәндік не психикалық жағдайына байланысты құқықтары мен заңды мүдделерін жеке қорғау мүмкіндігінен айрылған жәбірленушінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін іске міндетті қатысуға оның заңды өкілдері тартылады, ал олар өз кезегінде адвокатты шақыра алады. Мұнда мына мән-жайлар назар аудартады: мұндай субъектілердің бір уақытта екі өкілі болуы мүмкін, атап айтқанда, заңды өкілдер (ата-аналар, асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар сондай-ақ жәбірленушіні қорғап немесе асырап отырған ұйымдар мен адамдардың өкілдері) және адвокат.

Адвокат жәбірленушінің өкілі ретінде бас сот талқысына қатысады және дәлелдемелер беруге және дәлелдемелерді зерттеу тәртібі туралы ұсыныс жасауға (оның ішінде дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға); қолдау хат пен бас тартуды жариялауға; азаматтық талапты қолдауға және соттан мәлімделген талапты қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау туралы өтінуге; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескерту беруге; үкімнің көшірмесін алуға; соттың үкімі мен қаулысына шағымдануға; іс бойынша әкелінген шағымдар мен наразылықтарды білуге және оған қарсылық ұсынуға құқығы бар.

Азаматтық талапкер, жеке айыптаушы және азаматтық жауапкер өкілінің өзі мүддесін білдіретін жеке және заңды тұлғалардікіндей іс жүргізу құқығы бар.

Адвокат азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің өкілі ретінде міндетті:

- өзі мүддесін білдіретін процеске қатысушыларға білікті заң көмегін көрсетуге;
- өзі мүддесін білдіретін процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін белсенді қорғауға;
- өзі өкілі болып отырған процеске қатысушының мүдделеріне қайшы қандай да болмасын әрекеттер жасамауға;
- айғақ жинауға, тексеруге және бағалауға, айғақты зерттеуге қатысуға бағытталған қолдау хат мәлімдеу жолымен азаматтық талаптың негіздері мен көлемін анықтау үшін қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге қатысуға және т.б.

## 15 дәріс. АДВОКАТТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

**Азаматтардың сотқа шағымдану және соттағы өкілеттік құқығы.** ҚР Конституциясына және Қазақстан Республикасының Азаматтық істер жүргізу кодексінің қағидаларына сәйкес әрбір адам бұзылған немесе даулы конституциялық құқықтарын, бостандықтарын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар немесе азаматтар заңда көзделген жағдайларда өзге адамдардың немесе адамдардың белгілі бір тобының құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы сотқа арыз беріп жүгінуге құқылы.

Әрбір адамның азаматтық процесс барысында білікті заң көмегін алуға құқығы бар. ҚР АІЖК-де көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі.

Ақиқатты анықтау үшін соттағы азаматтық істерді шешу кезінде тапсырылған материалдармен және түсініктемелермен шектелмей, процеске қатысушы тараптардың құқықтары мен міндеттерін қатаң сақтай отыра, істің мән-жайының жан-жақты, толық және объективті айқындау мақсатында заңда көзделген барлық шараларды қабылдайды.

Азаматтық процеске негізгі қатысушы тараптар талапкер мен жауапкер. Өз мүдделерін немесе талап қойған мүдделерді көздеп талапкер азаматтар мен заңды тұлғалар талап қоюшылар болып табылады. Өздеріне қуыным талабы қойылған, яғни талапкер пікірі бойынша заңмен қорғалған оның мүддесін немесе құқығын бұзатын не болмаса дауға салатын тұлғалар жауапкерлер болып табылады. Тараптардың әрқайсысының іс жүргізуде қарама-қарсы мүдделері болады. Талапкер мен жауапкер сотта өз атынан сөз сөйлейді, іс бойынша сот шығынын көтереді, оларға сот шешімінің материалдық-құқықтық күші қолданылады.

Процеске талапкер мен жауапкерден басқа даудың мәніне жеке талаптарды мәлімдейтін үшінші тұлғалар қатыса алады. Егер іс бойынша шешім тараптардың біріне қатысты олардың құқықтарына немесе міндеттеріне ықпал ететін болса, процеске талап қою мәні бойынша жеке талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғалар қатысады.

Азаматтық іс жүргізу құқығы мен міндеттеріне ие болу қабілеттілігі (азаматтық іс жүргізу құқық қабілеті) материалдық құқық субъектілері болып табылатын барлық азаматтар мен ұйымдар үшін тең дәрежеде танылады. Алайда процеске қатысу үшін жеке тұлғаларға азаматтық іс жүргізу құқық қабілетінің болуы жеткіліксіз, сонымен қатар оларда азаматтық іс жүргізуге әрекет қабілеттілігі, яғни, он сегіз жасқа толған, сотта құқықтарын өз іс-әрекеттерімен жүзеге және міндеттерін орындауға, іс жүргізуді өкілге тапсыру қабілеттілігі болуға тиіс.

Сенімхатқа, заңдарға, сот шешімдеріне не әкімшілік актісіне негізделген істі сотта жүргізуге тиісінше рәсімделген өкілеттілігі бар әрекетке қабілетті кез келген адам сотта өкіл бола алады. Іс бойынша өкіл, оның ішінде кәсіби заңгер-адвокат құқығы азаматтық іс жүргізу құқық қабілетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Азаматтың іске өзінің қатысуы бұл жағдайда оны өз өкілін ұстау құқығынан айырмайды. АЖК-і азаматтарға сотта іс жүргізудің ең ыңғайлы әдісін таңдауға, атап айтқанда:

- істі жеке жүргізуге;
- істі өкілмен бірге жүргізуге;
- істі процеске қатыспай өкілі арқылы жүргізуге мүмкіндік береді.

Барлық жағдайда іс жүргізуге байланысты барлық шығынды, сондай-ақ сот шешімін, анықтамасы мен қаулысын орындауға байланысты барлық шығынды істе тарап болып табылатын тұлға өтейді.

Сотта өкілдік етудің екі түрі бар: заң бойынша өкілдік ету және шарт негізінде өкілдік ету.

Заңмен өкілдік ету процесіне әрекетке қабілетсіз азаматтардың, әрекет қабілетіне толық ие емес немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылады. Өздерінің өкілеттігін куәландыратын құжаттарды сотқа көрсеткен ата-аналар, асырап алушылар, қамқоршылар немесе қорғаншылар заңды өкіл бола алады.

Сотта тапсырма бойынша шарт негізінде өкіл бола алатындар:

- 1) адвокаттар;
- 2) заңды тұлғалардың қызметкерлері – осы заңды тұлғалардың істері бойынша;

3) кәсіптік одақтардың уәкілетті адамдары – құқықтары мен мүдделерін қорғауды осы кәсіптік одақтар жүзеге асыратын жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ басқа да адамдардың істері бойынша;

4) заңмен, жарғымен немесе ережемен осы ұйымдар мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті адамдары;

5) заңмен, жарғымен немесе ережемен басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті адамдары;

6) басқа тең қатысушылардың тапсырмасы бойынша тең қатысушылардың біреуі;

7) іске қатысушылардың өтінуімен сот рұқсат еткен басқа да адамдар тапсырма бойынша сотта өкіл бола алады.

Шарт бойынша өкілдік етуді азаматтармен және ұйымдармен жасалынған шарт негізінде адвокаттар немесе заң консультациялары не болмаса адвокаттық кеңселер жүзеге асырады. Адвокат азаматтық іс жүргізуде тарап болып танылмаса да, ол шарттан туындайтын барлық міндеттемелерді орындауға, клиентке оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асыруға көмектесу мақсатында оның өкілі ретінде іске қатысуға өкілеттенеді.

Әрекетке қабілетсіз азаматтардың, әрекет қабілетіне толық ие емес немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың процесте бір уақытта екі өкілі қатар бола алады: заңды өкілі және шарттық өкілі. Кәмелетке толған әрекетке қабілетті азаматтың мүддесін екі тұлға бірдей білдіретін жағдайларда болуы мүмкін. Бұл сот талқылауына жеке өзінің қатысу мүмкіндігі жоқ тараптың ісі бойынша туыстарын немесе басқа адамды өз өкілі ретінде өкілеттеуіне, ал олар өз кезегінде кәсіби заңгер-адвокатты шақыруына байланысты болуы мүмкін.

Сотта өкілдік ету туралы шартта екі тарап болады: сенім білдірілген адам, яғни істе тарап болып табылатын, мүдделері сот талқысының мәнін құрайтын тұлға және өз атынан немесе сенім білдірушінің заң консультациясымен немесе адвокат кеңсесімен келісім бойынша өзіне сенім білдірген адамның мүддесін білдіруге тапсырма алған (сенім білдірілген) адвокат. Азаматтық сот жүргізу ісінде адвокат әрқашан сенім білдірген адамның атынан және оның мүддесі үшін іс-әрекет еткендіктен, оның іс жүргізу



әрекеттерінің салдары өзі мүддесін білдіріп отырған адам үшін туындайды. Егер талап сот шешімімен қисынды болып табылса, онда бұл жағдайда, талап қоюшының материалдық құқығы айғақталады немесе шектеледі, егер талаптан бас тартылса – жауапкер құқығы қорғалады.

Сөйтіп, шарт бойынша адвокат жүзеге асыратын өкілдік етуде өзара қатынастың екі жағын ажыратқан жөн:

- 1) өкіл мен оның клиенті арасындағы азаматтық-құқықтық қатынас, оның негізін адвокаттың өз атынан жеке немесе заң консультациясының немесе адвокаттық кеңсенің тапсырмасы бойынша жасаған тапсырмалық шарт құрайды;
- 2) сотқа қатысты адвокат өкілеттігінің көлемі анықталған іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелетін сот өкілі мен соттың арасындағы азаматтық іс жүргізу қатынастары.

**Адвокаттың азаматтық іс жүргізуге тапсырма қабылдау шарттары.** Сотта азаматтық істі қарау кезінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын және мүдделерін білдіру – адвокаттық қызметтің маңызды жақтарының бірі. Өзіне өтінген тұлғаға (клиентке) азаматтық процесте олардың мүддесіне өкілдік ету жатымен білікті заң көмегін адвокаттың көрсету мүмкіндігі бір қатар шарттарға байланысты. Бұл шарттар адвокаттың сотта іс жүргізуді өзіне қабылдауына немесе одан бас тартуына ықпал етеді.

Азаматтың сотта өз құқығын жеке қорғауын және өз ісін жүргізуді кәсіби өкілге – адвокатқа тапсыру құқығының айырмашылығын ажырата білу керек. Егер мүдделі тұлға заңда белгіленген барлық жағдайда өзінің заңды құқықтарын іс қорғау үшін сотқа жүгінуге құқықты болса, онда осындай тұлғалардың адвокатқа азаматтық сот ісінде өзінің өкілі болу туралы өтініші тек белгілі бір шарттарда ғана қанағаттандырылуы мүмкін. Әрбір сезіктіге (айыпталушыға) тағылған айыптың ауырлығына қарамастан қорғану құқығы қамтамасыз етілген, қылмыстық жауапкершілікке тартылған барлық адамдарға адвокат көмегіне кепілдік берілген қылмыстық сот ісінен айырмашылығы азаматтық процеске адвокаттың-сенім білдірілгеннің іс жүргізу құқығы тек құқықтық айқындама болғанда ғана ықтимал. Құқықтық айқындама түсінігі адвокаттың-сенім білдіргеннің азаматтық істі жүргізу тапсырмасын мына жағдайларда ғана қабылдауын немесе бас тартуын білдіреді: егер оның клиент талаптарының немесе

наразылықтарының заңдылығына көзі жетсе; заңмен рұқсат етілген және жүргізу жолымен алынған ғана дәлелдемелер тапсырылса, істің заң болашағы қолайлы шешілетін болса, ал даулы құқықтық мүдде мен оның қорғау құралдары ақталса және заңды болса. Сөйтіп, азаматтық іс бойынша құқықтық айқындама түсінігі бірнеше элементтерді қамтиды. Адвокат тек өзіне заң көмегі үшін жүгінген тұлғаның заңды мүддесін ғана қорғайды. Даулы мүдденің заңдылығы – құқықтық айқындаманың алғашқы элементі. Сондай-ақ бірінші кезекте, адвокат клиент талабының немесе наразылығының заңдылығы, яғни даулы мүдденің заңда сәйкестілігі немесе оның ережелеріне қайшылығы туралы мәселені анықтап алуға тиіс. Бұл үшін даулы құқық қатынасының мәнін, талабын немесе наразылықтың материалдық құқықтық негізін зерттеу қажет.

Іс бойынша құқықтық айқындаманың екінші элементі – клиент қорғанысында қажетті дәлелдемелердің болуы.

Заңмен көзделген тәртіпте сот тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлардың бар-жоғын, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін өзге де маңызы бар мән-жайларды солардың негізінде анықтайтын заңды түрде алынған нақты деректер іс бойынша дәлелдемелер болып табылады. Бұл нақты деректер тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктемелерімен, куәлардың айғақтарымен, заттық дәлелдемелерімен, сарапшылардың қорытындыларымен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталады.

Негіздемелер мен наразылықтардың заңдылығын зерттеу және дәлелдеме материалдарын шынайы бағалау адвокатқа істің заңи болашағы – құқықтық айқындаманың үшінші элементіне көшуге мүмкіндік береді. Адвокатура туралы заңнамада белгіленген тәртіптерді бұза отырып, заң көмегін көрсету туралы тапсырма қабылдаған адвокат сотта өкіл бола алмайды.

Адвокаттың іс жүргізуге мына жағдайларда құқығы жоқ, егер:

- 1) ол осы іс бойынша мүдделері өзі өкіл болып отырған адамның (клиенттің) мүдделеріне қатысты келетін адамдарға заң көмегін көрсетіп жүрсе немесе бұрын көрсеткен болса;
- 2) осы іс бойынша іске судья, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, куә немесе айғақшы ретінде қатысса;
- 3) істі қарауға қатысушы лауазымды адаммен туыстық қатынастарда болса.

Іс бойынша құқықтық айқындама кездесетін қалған барлық жағдайларда адвокат көмек үшін жүгінген адамға сотта азаматтық істі қарау кезінде оның мүддесіне өкілдік етуден бас тарта алмайды.

Іс бойынша құқықтық айқындама туралы оң шешілген жағдайда адвокат тұлғада талап қою құқығының бар-жоғына:

- істердің осы санаты үшін дауды сотқа дейін алдын ала шешудің заңдармен белгіленген тәртібінің сақталғандығына және осы тәртіптің қолданылу мүмкіндігінің жоғалғандығына;
- талап қоюшы мен жауапкердің әрекетке қабілеттілігіне;
- арыздың азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жататындығына;
- тараптардың арасындағы дау бойынша, сол мәселе туралы және сол негіздер бойынша шығарылған соттың заңды күшіне енген шешімінің немесе талап қоюшының талап қоядан бас тартуына байланысты іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтату туралы немесе тараптардың бітімгершілік келісімін бекіту туралы сот ұйғарымының бар-жоғына;
- осы дауды аралық соттың шешуіне беру туралы жасаған шарттың жоқтығына;
- істің осы соттың соттауына жататындығына талдау жасауы қажет.

Адвокат талап қою шағымын берген кезде тиісті рәсімделген сенімхатты қоса тапсырады.

Судья талап қою өтінішін қабылдаған кезде талап қою өтінішінің түрі мен мазмұнын (АЖК-ің 150-бабы) және талап қоюға құқықтың бар-жоғын тексеруге тиіс.

Судья істі сот талқысына даярлау кезінде немесе сот істі қарауы кезінде азаматтың мүліктік жағдайын ескере отырып оны заң көмегін төлеуден толық немесе жартылай босатып адвокаттың еңбек төлемінің шығындарын мемлекет есебіне жатқызуға құқылы.

**Азаматтық іс бойынша адвокаттың-сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі.** Адвокаттың сенім білдірілген өкіл ретіндегі өкілеттігі заң консультациясы немесе адвокат кеңсесі берген ордермен, ал өз қызметін жеке дара жүргізген кезде адвокаттың өзіне көмекке жүгінген тұлғамен (клиентпен) жасаған шартпен айғақталады. Ордер мен шартта адвокат лицензиясының номері және оның берілген күні көрсетілуге тиіс.

Ордер мыналардан басқа мүддесін білдіретін адамның атынан жасалатын барлық процессуалдық әрекеттерді жасауға құқық береді:

- 1) талап арызға қол қоюға;
- 2) істі аралық сотқа беруге;
- 3) талап қою талаптары мен талап қоюды танудан толық немесе ішінара бас тартуға және талап қоюды тануға;
- 4) талап қоюдың нысанасын немесе негіздемесін өзгертуге;
- 5) бітімгершілік келісім жасауға;
- 6) өкілеттіктерді басқа адамға беруге (сенімді басқа біреуге аударуға);
- 7) соттың қаулысына шағым беруге;
- 8) соттың қаулысын мәжбүрлеп орындатуды талап етуге;
- 9) берілген мүлікті немесе ақшаны алуға.

Адвокаттың клиентпен құқықтық қатынасының негізіне клиент пен адвокат не болмаса заң консультациясы немесе адвокат кеңсесі арасында жасалынған тапсырма шарты жатады.

Адвокат сенім білдірілген тұлға ретінде әрекет ете отыра:

- өзіне берілген тапсырманы жеке орындауға;
- сенім білдірушіге оның талабы бойынша тапсырманың орындалу барысы туралы барлық мәліметті хабарлауға;
- жасалынған мәміле бойынша барлық алынғандарды кешіктірмей беруге;
- тапсырманы орындағаннан кейін сенім білдірушіге кешіктірмей мерзімі өтпеген сенімхатты қайтаруға және ақтау құжаттарымен бірге, егер бұл тапсырма сипаты бойынша қажет болса, есеп тапсыруға міндетті.

Адвокат (сенім білдірілген тұлға) өзі өкілеттенген әрекеттерді жеке жасауға тиіс. Ол оны жасауды басқа тұлғаға, егер осыған алынған сенімхатпен өкілеттенсе немесе бұған сенім білдірушінің мүддесін қорғау үшін мән-жайдың күшіне орай мәжбүр болса, сеніп тапсыра алады.

Өкілеттігін басқа тұлғаға берген адвокат бұл туралы сенім білдірушіге кешіктірмей хабарлауға және оған осы тұлға туралы қажетті мәліметтер мен оның мекен-жайын айтуға тиіс. Осы міндеттеменің орындалмауы оған өзі өкілеттігін берген тұлғаның әрекеттері үшін өзінің жеке әрекеттері ретінде жауапкершілік жүктейді.

Егер істі қарау барысында заңсыздық немесе сенім білдіруші талаптарының не наразылықтарының қисынсыздығы, дәлелдердің жалғандығы немесе жеткіліксіздігі анықталса және мораль мен адамгершілік принциптері бұзылса, сондай-ақ іс бойынша айқындамада өзге де жолсыздықтар анықталса, адвокат істен бас тарта алады.

Сенімхатты доғарудың заңда көзделген негіздерін атап кеткен жөн, атап айтқанда:

- сенімхат мерзімінің өтуі;
- сенімхатта көзделген әрекеттердің жүзеге асуы;
- өз атынан сенімхат берген заңды тұлғаның тоқтатылуы;
- атына сенімхат берілген заңды тұлғаның таратылуы;
- сенімхат берген адамның қайтыс болуы, оның әрекет қабілеттілігі жоқ, әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылуы;

**Адвокаттың сот қаулыларына шағым жасалуына және қайта қаралуына қатысуы.** Іс бойынша шығарылған шешімге тараптар және іске қатысушы өзге де тұлғалар, оның ішінде адвокат шағым жасай алады. Егер бірінші сатыдағы сот ұйғарымына шағым жасалынбаса немесе наразылық білдірілмесе, түпкілікті нысанда шешім шығарылған сәттен бастап 15 күн өткен соң күшіне енеді.

Адвокат сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған қол қойылған сәттен бастап бес күннің ішінде хаттамада болған кемшіліктер мен жетіспеушілікті көрсетіп жазбаша ескертпе жасауға құқылы. Хатамаға ескертпені оған қол қойып, төрағалық етуші қарайды, ол ескертпелермен келіскен жағдайда оның дұрыстығын куәләндырады. Төрағалық етуші берілген ескертпелермен келіспеген жағдайда, ол хаттамаға ескертпе берген адвокатқа айтылып, сот отырысында қарастырылады. Ескертпені қарау нәтижесінде төрағалық етуші оның дұрыстығы не олардан толы немесе ішінара бас тарту туралы анықтама шығарады. Ескертпе кез келген жағдайда іске тігіледі.

Хатамаға ескертпе ол берілген күннен бастап бес күннің ішінде қаралуға тиіс. Іс бойынша төрағалық етуші белгілі бір объективті себептермен хаттамаға ескертпені қарай алмаса, ескертпелер материалдарға қоса тігіледі.

Іс үшін маңызы бар мән-жайлар шеңберінің дұрыс анықталмауы және олардың дұрыс айқындалмауы; бірінші сатыдағы сот анықтамасымен белгіленген іс үшін маңызы бар мән-жайдың дәлелденбеуі; бірінші сатыдағы сот шешімінде баяндалған қорытындылардың мән-жайға сәйкес келмеуі; материалдық нормалардың немесе іс жүргізу құқығы нормаларының дұрыс қолданылмауы шағымдануға негіздеме болып табылады.

Сот ұйғарымына, егер іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін негіздеме болған жағдайларда да шағым түсуі мүмкін:

- 1) іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса;
- 2) сол тараптардың арасындағы сол мәселе туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот шешімі немесе талап қоюшының өз талабынан бас тартуына немесе тараптардың бітімгершілік келісімін орнықтыруына байланысты іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы соттың ұйғарымы болса;
- 3) талап қоюшы өз талабынан бас тартса және бас тартуды сот қабылдаса;
- 4) тараптар бітімгершілік келісімін жасаса және оны сот бекітсе;
- 5) іс бойынша тараптардың бірі болып табылатын азамат қайтыс болғаннан кейін даулы құқықтық қатынас құқық мирасқорлығына жол бермесе;
- 6) іс бойынша тарап ретінде әрекет жасайтын ұйым қызметі тоқтатылуына және құқық мирасқорлары болмауына байланысты таратылса, іс бойынша іс жүргізуді қысқартады.

## ГЛОССАРИЙ

**Адвокат кеңсесі** – адвокаттардың білікті заң көмегін көрсетуі үшін материалдық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де шарттарын қамтамасыз ету мақсатында меншік иесі (адвокат) құрған және оның өзі қаржыландыратын мекеме нысанындағы коммерциялық емес ұйым.

**Адвокат құпиясы** – адвокатқа жүгіну фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған адаммен және басқа да адамдармен жасалған ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделерінде жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ адвокаттың заң көмегін көрсетуіне қатысты өзге ақпарат.

**Адвокаттар алқасы** – жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау. "Адвокаттық қызмет туралы" заңда белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйым.

**Адвокаттар алқасының органдары** – жоғары органы – алқа мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы); оның атқарушы органы – төралқа; бақылаушы органы – тексеру комиссиясы.

**Адвокаттар алқасының өзін-өзі басқаруы** – алқаның ұйымдастырылуы мен қызметіне, оның ішінде мүшелікке қабылдау, сандық құрам, мүшелікті тоқтату, тәртіптік жауапкершілік және мүшеліктен шығару туралы шешімдерге қатысты барлық күнделікті мәселелердің шешімдерін дербес қабылдау құқығы.

**Адвокаттарды аттестациялау** – адвокаттар алқасының төралқасы бес жылда бір рет ұйымдастырып өткізу кезінде адвокаттың кәсіби білімі мен дағдыларын негізгі өлшем ретінде қолдану арқылы адвокаттың заңнама нормаларын білуін тексеру және бағалау.

**Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы)** – халықаралық ынтымақтастық саласында адвокаттардың заңды құқықтары мен мүдделерін білдіріп қорғайтын, нәсілдік және ұлттық тегіне, азаматтығына, тіліне, жынысына, діні мен әлеуметтік шығуына қарамастан еріктілік, мүшелік, өзін-өзі басқару, заңдылық, жариялылық және оның мүшелерінің теңдігі принциптеріне негізделген адвокаттардың халықаралық қоғамдық ұйымы.

**Адвокаттық әдеп** – жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін барынша жақсы қорғауға жәрдемдесу мақсатында қолданыстағы заңнама, адвокаттар алқасының Жарғысы және адвокаттардың кәсіптік әдеп Ережесі шеңберінде реттелген және практика жүзінде қалыптасқан адвокаттың мінез-құлқының нормасы.

**Адвокаттың құқықтары** – адвокаттың өзін-өзі басқаратын ұйымның мүшесі және азаматтар мен ұйымдарға білікті заң көмегін көрсететін тұлға ретіндегі "Адвокаттық қызмет туралы" ҚР заңында қарастырылған құқықтары.

**Адвокаттың тағылымдамадан өтушісі** – бұл жоғары заңгерлік білімі бар және адвокаттар алқасы Төралқасының шешімі бойынша білікті және тәжірибелі адвокаттың жетекшілігімен тағылымдамадан өткен Қазақстан Республикасының азаматы.

**Адвокатура** – азаматтар мен ұйымдарға білікті заң көмегін кәсіптік негізде заң шегінде көрсететін тұлғалар қызметінің ұйымдық нысандары мен мазмұнын құрайтын қоғамдық-құқықтық институт.

**Азаматтық істер жүргізудегі тараптар** – талапкер мен жауапкер.

**Айыпталушы** – өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, не өзіне қатысты сотта жеке айыптайтын қылмыстық іс қозғалған адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адам.

**Аса ауыр қылмыс** – жасалғаны үшін ҚК-те он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе өлім жазасы көзделген қасақана жасалған әрекет.

**Ауыр қылмыс** – жасалғаны үшін ҚК-те көзделген ең ауыр жаза он екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекеті

**Ауырлығы орташа қылмыс** – жасалғаны үшін ҚК-те көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін ҚК-те көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған әрекет.

**Әділет аттестациялық комиссиясы** – адвокаттық не нотариалдық қызметпен шұғылданғысы келетін үміткерлерді аттестациядан өткізу туралы ҚР заңдарына, ҚР үкіметінің қаулыларына сәйкес тестілеу және әңгімелесу негізінде заңнама нормалары



туралы білімді тексеру және бағалау, сондай-ақ осының негізінде үміткер адамға қатысты белгілі бір шешім шығару мақсатында құрылған тәуелсіз мекеме (құрамына ҚР әділет органдары, ҚР Адвокаттар одағы, Республикалық нотариалдық палата өкілдері, ҚР Парламенті қос палатасы депутаттары және ғалым-заңгерлер санатындағы 7 адам кіреді).

**Әкімшілік құқық бұзушылық** – "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" ҚР Кодексі бойынша әкімшілік жауаптылық көзделген жеке адамның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі.

**Әкімшілік ұстау** – жеке адамды бас бостандығынан, атап айтқанда, оның құқыққа қарсы әрекеттерін тыю мақсатында белгілі бір уақыт ішінде арнаулы орында мәжбүрлеп ұстай отырып, іс-әрекет және жүріп-тұру бостандығынан "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" ҚР Кодексінің 620-бабында көрсетілген органдар мен лауазымды адамдардың уақытша айыруы.

**Жалпы жиналыс (конференция)** – адвокаттар алқасының алқа қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы жоғары органы.

**Заң консультациясы** – жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыру, ҚР заңнамасында, алқа Жарғысында және "Заң консультациялары туралы" ережеде қарастырылған өзге де міндеттерді атқару үшін құрылған адвокаттар алқасының құрылымдық бөлімшесі (филиалы).

**Заң көмегі** – адвокаттың консультация, түсініктеме беру, талап қою өтініштерін, шағымдарды, қолдау хаттарды және құқықтық сипаттағы өзге құжаттарды құрастыру, сот ісінде, сондай-ақ одан тысқары басқа іс-әрекеттерді белсенді жасау жолымен азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүддесін қорғаудың барлық заңды құралдары мен әдістерін пайдалануы.

**Кәсіби қорғау** – адвокат-қорғаушының айыпталушыны, сезіктіні қорғау міндеті тәртібімен заңда белгіленген құралдармен және әдістермен жүзеге асыру жөніндегі қызметі, бұл қызметтің мақсаты олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, сондай-ақ заң көмегін көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады.

**Кеңес беру** – заңдардың нормаларын дұрыс түсіндіру мен дәл қолдану бойынша адвокаттың түсініктеме беруі.

**Коммерциялық емес ұйым** – заңды тұлға өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған пайдасын қатысушыларына үлестірмейтін ұйым.

**Күзетте ұстау** – бұл қылмыс жасады деп ұсталған сезіктілерді, сондай-ақ қамауға алу түріндегі бұлтартпау шаралары қолданылған адамдарды арнайы мекемелер мен үй-жайларда заңмен белгіленген уақытша оқшаулау.

**Кінәсіздік презумпциясы** – әр адамды оның қылмыс жасағандығы үшін кінәлілігі ҚІЖК-те көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп санау.

**Қазақстан Республикасындағы адвокат** – жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және "Адвокаттық қызмет туралы" Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

**Қорғану тарабы** – сезікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер және оның өкілі.

**Қорғау** – қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз айыптауды жоққа шығару немесе жеңілдету, сондай-ақ заңсыз қылмыстық ізге түсуге ұшыраған адамдарды ақтау мақсатында қорғау тарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі.

**Қорғаушы** – заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыптаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

**Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу** – істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және қолдану.

**Қылмыстық іс бойынша шағым** – процеске қатысушылардың анықтау, алдын ала тергеу, прокурор немесе соттың іс-әрекетіне өздерінің құзыреті шегінде және ҚІЖК-те белгіленген тәртіппен енгізілген көңіл аудару актісі.

**Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар** – қылмыстық ізге түсуді және сотта айыптауды қолдауды жүзеге асыратын органдар мен адамдар, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өздерінің немесе өздері білдіретін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын адамдар: прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы, сезікті, айыпталушы, олардың заңды

өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер, оның заңды өкілі мен өкілі, жәбірленуші, жеке айыптаушы, азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері.

**Мемлекеттік құпиялар** – әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-іздігі және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен таратылуын мемлекет шектейтін, сонымен бірге жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін, мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын болғандықтан қорғалатын мәліметтер.

**Оңша ауыр емес қылмыс** – жасалғаны үшін ҚК-те көзделген ең ауыр жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін осы ҚК-те көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекет.

**Ордер** – заң консультациясы немесе адвокат кеңсесі беретін және нақты іс жүргізуге адвокаттың өкілеттігін айғақтайтын қатаң есептегі құжат.

**Өтініш жасау** – тараптың немесе мәлімдеушінің қылмыстық процесті жүргізуші органға арналған өтініші.

**Сезікті** – тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты ҚІЖК-те белгіленген негіздерде және тәртіппен оған қатысты қылмыстық іс қозғалған, не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам.

**Сенімхат** – бір адамның (сенушінің) екінші адамға (сенімдіге) өз атынан өкілдік ету үшін жазбаша түрде өкілеттік беруі.

**Сотта өкілдік етуші** – сенімхатқа, заңдарға, сот шешімдеріне не әкімшілік актісіне негізделген істі сотта жүргізуге тиісінше рәсімделген өкілеттікке ие, әрекет қабілеттігі бар кез келген адам.

**Талапкер** – өз мүдделеріне орай немесе талап қоюшы адамның мүддесіне орай талап қойған азамат (заңды тұлға).

**Тапсырма** – бұл азаматтық-құқықтық шарт, оның күшіне орай тараптардың бірі (адвокат) басқа тұлғаның (сенім білдірушінің) атынан және есебінен белгілі бір заңдық әрекеттерді жасауға міндеттенеді.

**Шағым** – азаматтардың құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің бұзылуы, өтініштер бойынша қабылданған шешімдердің орындалмауы лауазымды адамдардың теріс қылықтары туралы өтініш.

*КҚУ тематикалық жоспары, 2007 ж.*

Дәрістер курсы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
АДВОКАТУРА**

Жексембаева Наркес Есімханқызы  
оқытушы, құқық магистрі

*Редакторы Шутшибаева Н.С.*

*Техникалық редакторы Сансызбаева Г.З.*

ҰСЫНЫЛҒАН	КҚУ оқу-әдістемелік кеңесі, хаттама №5, 24.01.2007 ж.
КЕЛІСІЛГЕН	құқықтану кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.к., доцент Ибраев Н.С.

*Басуға қол қойылды 05.04.2007 ж.*

*Таралымы 100 дана. Пішімі 60x84/16. №1 баспаханалық қағаз.  
Көлемі 7,75 баспа табақ. Тапсырысы № 449*

*Каспий қоғамдық университетінің басылымы  
КҚУ-ның ғылыми баспа орталығы баспаханасында басылған  
Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 521. тел. 250-69-34, 250-69-35*